

ҰЛАҒАТ

*«Қазақ тілі мен әдебиеті» және «Ұлағат»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің
Республикалық ғылыми-психологиялық және
педагогикалық басылымы. Журнал екі айда бір рет
1994 жылдың шілде айынан бастап шығады.*

ШІЛДЕ

4

ИЮЛЬ

ТАМЫЗ

2011

АВГУСТ

*Республиканское научно-психологическое и
педагогическое издание товарищества с
ограниченной ответственностью «Қазақ тілі мен
әдебиеті» және «Ұлағат». Журнал выходит один
раз в два месяца с июля 1994 года.*

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Зейнеп АХМЕТОВА, Бөлек АМАНБАЕВА, Мұзафар

ӘЛІМБАЕВ, Өмірхан ӘБДІМАНОВ, Шәмша

БЕРКІМБАЕВА, Қалдыбек БӨЛЕЕВ, Ерғали

ДАЙРАБАЕВ, Құбығұл ЖАРЫҚБАЕВ, Серғазы ҚАЛИЕВ,

Жұмағали НАУРЫЗБАЕВ, Жарылқасын НҰСҚАБАЕВ,

Жәмила НАМАЗБАЕВА, Сақынжамал ҰЗАҚБАЕВА.

<i>Ғылым ғаламында</i>	
Нұржамал СМАНОВА.	Қожа Ахмет Иассауи және имандылық тәрбиесі.....3
Серік АСЫЛБЕКҰЛЫ.	Кезеңдік мәні бар шығарма.....14
<i>Педагог пайымы</i>	
Майра ЖАҒЫПАРОВА.	Тәрбие беруде және оқытуда педагогиканың атқаратын рөлі.....24
Бейбіт ИСХАН.	Отаншылдық негізі – ұлттық тәлім-тәрбиеде.....32
<i>Жас ғалымдар отауы</i>	
Қарлығаш ТАМАЕВА.	Биотехнология ғылымындағы терминдердің қолданысы.....40
Зибагүл ЕДІЛБАЙҚЫЗЫ.	Delphi ортасында мәліметтер қорына реляциялық ену мүмкіндіктерін оқыту.....44
<i>Педагогикалық әдістеме: озық тәжірибе</i>	
Алтынай ЖЕКЕЕВА.	Менің елім – Қазақстан.....50
Салиха ӨТЕПОВА.	Тіл ұстарту.....54
Райса ҚАЗАТАЙҚЫЗЫ.	Күйлердің рухани-тәрбиелік сипаттары.....59
<i>Ұстаз шығармашылығы</i>	
Құдиярбек АҒЫБАЕВ.	Күншуақ пен Айшуақ.....65
<i>Өнеге сағаты</i>	
Жұмабақыт РАХМЕТОВА.	Дені саудың жаны – сау.....69
<i>Оқырман ой қозғайды</i>	
Мендібай ӘБІЛҰЛЫ.	Жарапазан айту қоғамға жат дәстүр ме?.....73
<i>Сыныптан тыс тәрбие</i>	
Қажар БАЗИҚЫЗЫ.	«Көктем аруы» атты қыз сыны байқауы.....78
Дәмеш МӘЙКЕНҚЫЗЫ.	Шоқтығы биік Шоқан.....83
Анар ДАИРОВА.	XXI ғасыр көшбасшысы.....90
Айымхан ТӨРЕНИЯЗОВА.	Ана тілі – жүрек үні.....97
Берік ТАЛАСБАЕВ.	Не? Қайда? Қашан?.....100
А.ТӨЛЕГЕНОВА, Н.БӨРІБАЕВА.	Шалқардың шабытты шағаласы – Гүлсамал.....104
<i>Білім ордасы: таным және тәрбие</i>	
Пернекүл АХМЕТОВА, Гүлдана СӨРСЕНБАЙҚЫЗЫ.	Ыбырай Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының «Қазақ елі» бағдарламасы.....111
Өтебай СЕРӘЛІ.	XXI ғасыр мектебі және оның мұғалімі.....126
Арайлым СЕРІКБЕКҚЫЗЫ.	Қазіргі замандағы инновациялық технология.....129
Еркеш САҒАТБЕКОВ.	Тарихи деректерді сабақта пайдалану.....132
<i>В мире педагогики</i>	
М.СЕРИКОВА, А.ТЕМИРОВА, М.КИМ.	Практическое овладение основами ораторского мастерства.....136

Нұржамал СМАНОВА,
Қазақ мемлекеттік қыздар
педагогика университетінің
доценті, педагогика
ғылымдарының кандидаты.

ҚОЖА АХМЕТ ИАССАУИ ЖӘНЕ ИМАНДЫЛЫҚ ТӘРБИЕСІ

Түркі халықтарының орта ғасырда ислам мәдениетінің ықпалына өтуі және біржола араб жазуына көшуі өмірге көптеген ойшылдарды алып келді. Сонымен қатар бұл шақ шығыс әлемінде сопылық ағымның әсері күшейіп, бірте-бірте қанатын кең жая түскен кез еді. Бұл кезең Орта Азия мұсылмандары үшін де аса жауапты мерзім болатын. Осы шақта олар елдің бірлігін, халықтың татулығын, адамгершілік пен имандылықты, Ұлы Жаратушы – Алла тағалаға адалдықты көксеп, соны ту етіп, өз шығармаларына арқау етті. Бұлардың арасынан аса дарынды ақын-шайырлар тобы тарих сахнасына шықты. Осы ретте ерекше талантымен көзге түскен хорезмдік Ахмет Йүгінеки, түркістандық Қожа Ахмет Иассауи, отырарлық Сүлеймен Бақырғани және тағы басқа да көптеген ақындар өздерінің ой тереңдігімен түркі әлеміне танымал болды.

Елге сыйлы, қайырымдылық пен мейірімділікті өміріне арқау етіп, бүкіл түркі жұртын татулыққа, тазалыққа үндеген, қасиетті әулие атанған Құл Қожа Ахмет Хазіреті Сұлтан Иассауи – қазақ халқының байырғы мәдениетінің тарихында айрықша орны бар ұлы ойшыл. Өз аты Ахмет, есімінің алдындағы «қожа»

мұсылман дінін таратып, уағыздаушылық қызметіне орай берілген атау, ал соңындағы «Иассауи» – ақынның қай жерден шыққандығын көрсететін елді мекен аты. Нақтылық үшін айтсақ, Иассы қаласы оның туған жері емес, жастайынан жетім қалып, ағайын-туыстарының қолына келіп, балалық кезінен өскен жері. Ақынның туған жері – қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысының Сайрам ауданы. Оның әкесі Ибраһим мұсылманша сауаты бар, сөз қадірін білетін білікті адам болған да, шешесі Қарашаш та күллі түркі жұртына есімі мәлім әзиз аналардың бірі еді.

Ахметтің әкесі – діндар, құдай жолын ұстаған атақты шайық (шейх). Бұлай дейтін себебіміз, ойшыл-ақын өзінің 149-хикметінде шыққан тегі туралы төмендегідей сыр шертеді:

... Ысқақ баба жұрыны, шейх Ибраһим Құлыны,
Машайықтар ұлығы – шейхым Ахмет Иассауи.

... Иассы оның арасы, жатыр гауһар парасы,
Машайықтар сарасы – шейхым Ахмед Иассауи.

Демек, Ахметтің тегін Бибіфатимадан тарататын халық аңызы – шындық, олай болса, Әзіреті Сұлтанның он бірінші атасы Ысқақ баб әулие болып шығады.

Түрік ғалымы, доктор М.Көпірұлы өзінің «Түрк әдебиятында илк Мутасаввифлар» атты кітабында Ахметтің әкесі Сайрамдағы Хазірет Әлидің әулеті Ибраһим шейх екенін айтады. Осы пікірге орыс зерттеушісі М.Е.Массон да ден қойғанмен, ол Қожа Ахметті түрік нәсілінен таратады.

Сопылық «мистикалық» ағымның түркі тілдес тармағының негізін қалаушы Қожа Ахмет Иассауидың өмірбаяны бізге жан-жақты әрі толық белгілі емес, өмірінің кейбір деректері ғана жетіп отыр. Ол әлі ғылыми зерттеулерді, ізденістерді қажет етеді. Ұлы бабамыздың

туған күні мен жылы белгісіз. Бірақ Әбсаттар Дербісәлі қажының жазған деректеріне сүйенсек, Қожа Ахмет Иассауи 1093 немесе 1094 жылы туған делінеді. Өлген жылы – 1166. Ер жеткен соң Түркістан (ол кезде Иассы деп аталған) шаһарына келіп тұрады.

Белгілі ғалым В.Бартольдтің айтуынша, Түркістан VI ғасырдан XV ғасырға дейін Иассы деген атпен белгілі болған. Ал, шығыстанушы ғалым Ә.Дербісәлі, қаланың әуелде Шауғар деп аталғанын, кейінірек Иассы болып өзгергенін айтады.

Ахмет Иассауидің ержете келе Түркістанға тұрақтаудың байланысты болса керек. Ақын өз өлеңдерінде Түркістанға келгені жайында былайша баяндайды:

... Он жетімде Түркістанда тұрдым, міне,
Он сегізде шілтеменен шарап іштім,
Разы қылды, жәннат кезіп қорлар күштым,
Хақ Мұстафа жүздерін көрдім, міне...

Ата-анасынан ерте айырылған ол атақты түркі шейхы Арыстан баб және Жүсіп Хамадани деген шейхтардан тәлім-тәрбие, білім, бата алады, білімін Бұхара-Шәріпте жалғастырады. Өзінің ұстазы қайтыс болған соң көп ұзамай туған қаласына оқымысты адам, сопылық ілімнің негізін салушылардың бірі ретінде қайтып оралады.

XII ғасырдағы көне түркі тілінде жазылған «Диуани Хикмет» кітабының авторы – Ахмет Иассауи. «Диуани Хикмет» («Даналық кітабы») – оғыз-қыпшақ тілінде өмірге келген, өте қарапайым, көпшілікке түсінікті тілмен жазылған төл әдеби туынды. Шығарма мәтінімен таныса отырып, ақынның өз ойын кең өлкені көшіп-қонып жүрген түркі тайпаларының бәріне де түсінікті ауыз екі сөйлеу тілінде әдемі жеткізе алғандығына күмән келтірмейміз.

«Хикметтің» түпнұсқасы сақталмаған. Бізге жеткені – XV-XVI ғасырлардағы көшірмелері ғана. Көшірмелері өте көп. Олар, негізінен, Стамбулда, Қоқанда, Ташкентте, Мәскеуде, Алматыда сақтаулы.

Көптеген түркі халықтары «Хикметті» аудармасыз-ақ қиналмай оқи алады. Дін-исламнан хабары бар жанға «Хикмет» тілі өте жеңіл. Оны беріліп оқып, тереңірек үңілген адам Ахмет жырларының қыпшақ тілдеріне өте жақын екенін байқар еді. Шығарманың тілдік лексиконы, әсіресе, лексикогеографиялық ерекшеліктері, этносипаттары «Хикмет» тілінің қыпшақ диалектісіне жақындығын көрсетеді. Кітаптан Орта Азия қалаларының мәуелі бақтарындағы алуан жемістер мен райхан гүлдерінен гөрі даладағы қызғалдақ пен қымыздық иісі аңқиды. Онда отырықшы тайпалардың кәсіби тілінен гөрі, көшпенді жұрттың тұрмысына тән сөздер, әдет-ғұрыптық ойлар молырақ ұшырасады.

Мәселен, «құлын», «гүл», «қызыл», «қаршыға», «сұңқар», «лашын», «аға, іні», «мал-мүлік», «шейіт», «бөрік», «сақал-шаш», «ата-баба», тағы да басқа көптеген сөздер тек мағыналық жағынан да емес, сонымен қатар олардың айтылуы мен жазылуы да қазіргі қазақ тіліндегідей күйде айтылып, жазылатынын ескерсек, шындыққа бір табан жақындай түсеміз.

Әрине, бұл жерде «сенікі», «менікі» деген ұғым болмауы тиіс. Бұған жалпыадамзаттық құндылық, иісі адами биік мәдениет тұрғысынан қарауымыз керек. Себебі, Ахмет Иассауи шығармалары тек қазақ еліне ғана емес, бүкіл түркі тілдес халықтарға ортақ рухани мұра екені бәрімізге мәлім.

«Диуани Хикметте», негізінен, төрт нәрсеге ерекше көңіл бөлінеді. Олар: шариғат, тариқат, хақиқат,

мағрифат. Бұл төрт ұстын сопылық ілімнің негіздерінен саналады. «Шариғат» ислам дінінің заңдары мен әдет-ғұрыптарының, құқықтық тәртібінің жинағы, «тариқат» сопылықтың идеясы, сопылық мүддесіне жеткізетін жол, «хақиқат» – Ұлы Жаратушыға сенімділік, құдаймен бірігу, оған жақындау, «мағрифат» – дін жолын танып, оқып білу. Ахмет Иассауидің пікірінше, «Шариғатсыз», «Тариқатсыз», «Мағрифатсыз» «Хақиқат» болуы мүмкін емес. Ақын мұны өз өлеңінде былай деп өрнектейді:

... Утти ғұмырым шариғатқа иеталмадым,
Шариғатсыз тариқатқа уталмадым,
Хақиқатсыз мағрифатқа баталмадым,
Катиг иуллар пирсиз ничук утар, достлар.

* * *

... Өтті өмірім, шариғатқа жете алмадым,
Шариғатсыз тариқатқа өте алмадым.
Хақиқатсыз мағрифатқа бата алмадым,
Қиын жолдар, пірсіз қайтіп өтем, достар...

«Хикмет» жолдарынан көрініп отырғандай, мұнда Иассауи сопылық ілімдерінің өте күрделі екенін, діни мистикалық сарындағы бұл төрт қағиданың арғы жағында үлкен философиялық арналардың бұлақ көздері жарқырап жатқанын меңзейді.

Қ.А.Иассауи өз хикметтерінде сопылық, дін ілімі туралы өте көп әрі шын беріле айтады, ол мұны шын мәніндегі ілім деп таниды, ал сопылықтың барлық ұсақ-түйегін білмейтін адамды ол «надан», «түк білмейтін», «жалған сүйеші», «жалған сопы» деп есептейді.

«Менің асыл хикметімді жаны ауырмасқа айтпағын, Баға жетпес інжуімді құнын білмеске сатпағын», - деп, бар жан-дүниесімен сопылыққа берілген Иассауи: «Егер мен басымнан айырылсам да, бұл жолдан

маған жалт беру жоқ», - дейді.

Ахмет Иассауи арқылы сопылық ілім түркі тілдес халықтардың рухани танымында шешуші орын алатынын көреміз. Сопылық ілім философиялық жүйе ретінде адамдардың дүниетанымының қалыптасуына үлкен ықпал жасады. Бұған дәлел, Иассауиден кейінгі көптеген қазақ ақын, жырауларының шығармаларынан да сопылық ой-пікірдің тікелей әсерін байқаймыз.

Қазақстан мен Орта Азия халықтары арасында сопылықтың кеңінен және табыспен таралуына мына жағдай да әсер етті. Ол өз ілімін жеңіл және түсінікті тілмен, әсем бояулы өлең, жырларымен баяндайды, сопылық идеяларды жергілікті салт жырларымен үйлестіре дәріптейді. Ахмет Иассауидің Орта Азия мен Қазақстанның түркі тілдес халықтары арасында зор беделге ие болуы оның ислам заңдарын Шығыс сопылық ілімдік лангейзммен және бақсылық жыры элементтерімен икемді үйлестіре алуынан еді.

Қ.А.Иассауи былай дейді: «Кімде-кім құдайды есіне алса, ол онымен табысқанын көре алады». Сондықтан да Иассауи үшін құдайды тану өзін-өзі танумен бірдей. Сопылықтағы доктрина құдайды мистикалық сүю болып табылады. Иассауи ілімінде бұл сенім оның «таным» теориясының бөлінбес бөлігі ретінде ерекше орын алады.

Қалай болғанда да, Қожа Ахмет Иассауидің имандылық пен адамгершілік жыршысы десек – асыра айтқандығымыз емес. Өйткені оның хикметтерінде бұл мәселе бірінші кезекте тұрады. Иассауи үшін Алла жолы – адамның рухани кемелділікке жету жолы. Былайша айтқанда, адамның рухани дүниесі оның адамгершілік қасиеттерімен ғана танылады. Енді осы адамгершілік қасиеттер иман түрінде қалай көрініс береді? Иман –

Әр кісінің адами әлемінің шеңбері, рухани байлығы болып табылады. Сонда иманының мәні не деген заңды сұрақ туындауы мүмкін. Иассауи бұл сұраққа өз хикметтерінде былай деп жауап береді:

Иман болды хақ тағала тағатынан,
Кешпек керек бұл дүниенің рахатынан.

Бұдан шығатын түйін: **иман** – хақ тағала пәрменінен (тағатынан) пайда болғандықтан рухани әлемге тиесілі құбылыс. Ал енді **тағатты** рухани әлемнің жүйелігін, заңдылығын реттеуші күш деп алсақ, иман дегеніміз рухани қасиеттердің жинақталған көрінісі болып шығады.

«Рахметімен ұлыс берді Мәулім бізге,

Сені қауалап, иманды тарту қылды саған», - деген жыр жолдарында адам тек иман арқылы, адамгершілік қасиеттердің шоғыры арқылы өзге мақұлұқтардан, жер бетіндегі тіршілік иелерінен ерекшеленіп, адамдық сипатқа ие болғанын автор түйіндейді. Сол себепті де, Қожа Ахмет Иассауи түсінігінде келбеті, ішкі жан дүниесінің сәулесі, жақсылыққа жетелейтін тәрбиешісі, дұрыс жолды үйретіп, түзу бағытқа бастайтын жетекшісі және де «Тән сөйлемес, жан сөйлемес, иман сөйлер» (79-хикмет) дегендей, адамның о дүниеде Алла алдында ақтық сөзін сөйлер куәгері, жанашыры, жақтасы – иман болып табылады.

Иман – Алланың күдіретімен барлық адамға тиесілі қасиет, алайда иманды болу әркімнің қолынан келе бермейді. Әр кісінің бойындағы имандылық қасиет дәйекті тәрбиенің арқасында ғана көркейіп өсетіні анық. Олай болса, иманды адамгершілік асыл қасиеттердің жиынтығы ретінде қорытынды жасағанымыз абзал.

Шын мәнінде жаратушы адамға иманды сыйға тартар алдында оған ақыл мен сананы береді. Былайша айтқанда, иманның мағынаға, мәнге айналуы адамның ойлау, зерделеу қасиеттеріне тығыз байланысты. Иман ақыл түрінде адамның бұл өмірдегі мақсатын белгілеп, ақ пен қараны, оң мен солды танытатын, көңілдің көзі болып табылады. Ақыл – адамды ізденіске салып, парыз міндеттейтін, жауапкершілік арттырып шешім белгілейтін күш. Егер де надандық адамның көңіл көзін көр қылса, ақыл оны бұл аурудан айықтырып, тура жолға салады. Ақылды адам тура жол мен бұрыс жолды айыра біліп, өз шешіміне жауап алады. Ал надан жан өз ой-пікірі, тұжырымы, көзқарасы болмағандықтан – кез келгеннің жетегінде қалып қояды. Ендеше, ақыл – адамның надандық зұлматынан сақтайтын қорғаны, шайтан айналасынан құтқаратын сақшысы. Сондықтан Қожа Ахмет Иассауи ақыл дегеніміз имандылық қонатын тұғыр екенін өз жырларында үнемі ескертіп отырады.

Қожа Ахмет Иассауи имандылықтың негізгі өзегі мейірімділік, рақымшылдық және қайырымдылық болып табылатынын өз жырларында айрықша атап көрсетеді. Оның хикметтерінде Алла тағала қашанда рақымды, кешірімді, адам баласы қанша күнә жасаса да кешіруге дайын тұратын Ұлы Жарылқаушы. Ол тура жолға түскендерге мейірімділікпен құшақ жаяды. Адам айналасына қаншалықты рақымды болса, Алла да оған соншалықты рақымшылық танытады. Мейірімді адам ғана өзгенің мұң-мұқтажына жаны ашып, қол ұшын бере алады. Мейірім – жүрек жылытар, көңіл жібітер ұлы күш. Сондықтан Иассауи хикметтерінде Мұхаммед пайғамбар ғаріп-міскіндерге медет беруші күш ретінде сипатталады.

Ғаріп, пақыр, жетімдерді Расул сүйді,
Осы халде миғраж шығып, дидар көрді.
Қайтып түсіп, ғаріп, жетім, пақыр жиды,
Ғаріптердің ізін іздеп, түстім ізге.

Қожа Ахмет Иассауи осы жырларында адамдарды
Пайғамбар сүннеті сияқты ізгілікке, мейірімділікке,
рақымшылдыққа шақырады. Сондай-ақ ол өзінің
хикметтерінде адамдарды тасбауыр, қаражүрек
болмауға үндейді. Мұндай адамдарды Алла да суық
қабылдайтынын ескертеді. Алла сені солай суық
қабылдамау үшін жылағанды жұбатар, қажығанға қайрат
берер, құлағанды демейтін мейірім, рақым сияқты
қасиетті жоғалтпаңдар, бұл қасиеттер имандылықтың
ең негізгі өзегі болады дейді Иассауи хикметтері.

Үмбет болсаң ғаріптерге тәбиғ болғын,
Аят, хадис әркім айтса тыңдаушы болғын.
Ризық-раузы әрнәрсе берсе қанық болғын.
Ақылға ерсең ғаріптердің көңілін аула,
Мұстафадай елді кезіп, жетім жина.
Дүниеге табыну нәжістерінен бой тазала,
Бойымды тазалап, дария болып тасыдым, міне! –
деп Иассауи адамдарды имандылыққа, мейірімді,
қайырымдылыққа үндеумен бірге, оларды
дүниеқоңыздықтан аулақ болуға үндейді. Өйткені,
дүние – байлықтың соңына түскен адам мейірімді бола
алмайтынын ескертеді.

Қожа Ахмет Иассауи үшін имандылықтың басты
шарты – адал болу, шынайы болу. Егер де адам бір кісіге
арам көңілмен жақсылық істеген сияқты болса, оның
әрекеті мұнафиқтық – екіжүзділік болып табылады.
Оның ішкі есеппен жасаған жақсылығы түбінде сол
адамнан пайда табуды көздейді. Ал мұндай бақай есеп,
қараниетпен жасалған қайырымдылықтың пайдасынан

зияны көп. Иассауи өз хикметтерінде мұндай адамдарды «жалғаншылар» деп атайды, оларда иман болмайтынын айтып, ондайлардан аулақ болуға үндейді.

Жалған дәруіниетің қайда ризқы дұға,
Әділ патша тағаттарын ойран қылар, –
дейді ол өзінің 79-шы хикметінде. Көңілінде арамдығы бар адамдар еш уақытта хақ жолына бара алмайды. Сырт бейнесі құдай жолын ұстанған сияқты болғанымен, рухани әлемі – алақұйын, былғаныш, мұндайлардың күнәсі екі есе ауыр, олар ақиқатқа ешқашан жете алмайды деп ой түйеді ұлы ойшыл.

Сондай-ақ Иассауидің хикметтері иман адамның нәпсіге қарсы тұрар бірден-бір қаруы. Имандылықты белгілейтін мейірімділік, қанағатшылық, жомарттық, рақымшылық, адалдық сияқты асыл қасиеттер әр адамға қажет деген ойды айтады.

Жалпы, Қожа Ахмет Иассауи хикметтері сопылық поэзиясының озық үлгісі дейтін болсақ, ол нағыз имандылық пен ізгіліктің, адамгершіліктің, жалпы адами тәрбиенің қайнар көзі ретінде қызмет етеді.

Ахмет Иассауи өмірінің соңғы он жылын жер астында жасалған мінәжатханада (қылуетте) өткізеді. Сопы «алпыс үшке келдім, енді былайғы өмірім күпірлік, пайғамбардан аспақ күнә» деп өзіне-өзі тоқтам жасайды. Қылуетте тіршілік еткен ақын өмірдегі жиған-терген, естіген, көрген, оқыған, білгендерін сарапқа салып, қияли күй кешеді.

Қожа Ахмет Иассауидің қанша жыл жасап, ғұмыр кешкені белгісіз. Бір деректе 73 жас, бірде 85 жас өмір сүрді дегендер айтылады. Халық аңыздарын негізге ала отырып, Жүсіпбек Аймауытұлы Ахмет Иассауидің 125 жыл өмір сүргенін айтады. Оны растайтын «Хикметте» мынадай өлең жолдары бар.

Иер устида улмас бурун тирик улдим,
Алтмиш учта суннат деди ештиб билдим.
Иер остида жоним била қуллик қилдим,
Етиб, уқиб, ерга кирди Құл Қожа Ахмад.
Ираилардин фаиз уа фатух алалмадим.
Иуз игирма бешга кирдим била олмадим.
Хақ тағала тағатларын, қила олмадим,
Ештиб, уқиб пирға кирди Құл Қожа Ахмад.
Осы жолдарды негізге алсақ, Қожа Ахмет Иассауи
жаңа санақ бойынша 1041 жылы дүниеге келген
болып шығады. Оның өмірі мен соңында қалған асыл
мұралары әлі де көп ізденістерді, ғылыми зерттеулерді
керек етеді.

Ахмет Иассауи өзінің ұзақ өмір жолын түйіндей
келіп:

Қожа Ахмет, басыңды елге ие біл,
Ақиқатты таза сүйе біл.
Дүниеқорлар кетсін бықсып өзімен,
Халық қана дүниеге ие бұл,-
деп тек діни насихатшы ғана емес, XII ғасырда өмір
сүрген философ, ұлы ғұлама, мейірімді, кішіпейіл,
ойшыл ақын ретінде де бүкіл түркі жұртына танымал
болды.

Ахмет Иассауи – халқымыздың рухани жебеушісі,
кейінгі ұрпақ тәу етер қасиетті әулие. Оның мазараты,
хикметтері – мәдениетіміздің мерейі, ұлтымыздың
мақтанышы.

Сондай-ақ Түркістан қаласынан ашылған
Халықаралық Қазақ-түрік университетіне Қожа Ахмет
Иассауи аты берілуі ұлы бабамызға деген үлкен
құрметтің белгісі болса керек. Бұл – кейінгі ұрпақ
парызы. Түркістан қаласында жерленген Қожа Ахмет
Иассауи Әзіреті Сұлтан аталып, басына XIV ғасырдың

аяғында атақты Ақсақ Темір кесене-ғимарат салдырып, ғажап күмбез орнаттырды. Бүгінде түркі жұрты Түркістан десе – Қожа Ахмет Иассауи кесенесін, кесенені айтса – Қожа Ахмет Иассауиді, ал Иассауи десе – оның әйгілі хикметтерін еске алары заңды. Ал оның інжу-маржан жырлары – хикметтері имандылық тәрбиесінің қайнар көзі екенін ұмытпағанымыз абзал.



Серік АСЫЛБЕКҰЛЫ,
филология ғылымдарының докторы.

КЕЗЕҢДІК МӘНІ БАР ШЫҒАРМА

Қазақ прозасында повесть жанрының дамуына елеулі үлес болып қосылған шығармалардың бірі – жазушы Ғабиден Мұстафиннің 1948 жылы жарық көрген «Миллионер» повесі. Бұл повесть кезінде тек қазақ әдебиетінде ғана емес, сол кездегі одақтық әдебиетте де үлкен резонанс тудырды. Одақтың бас газеті «Правда» бұл шығарма туралы жылы пікір білдірді. Повесть айналдырған он шақты жылдың ішінде бірнеше шетел тілдеріне аударылып басылды.

«Миллионерді» кейбір зерттеу еңбектерінде роман, кейде повесть деп атап жүр. Біздіңше, бұл шығарма повеске келеді, олай дейтін себебіміз – мұнда романдағыдай бір тарихи дәуірдің тұтастай панорамалық бейнесі суреттелмейді, негізінен бес-алты кейіпкердің басынан бір жылдың көлемінде өткен кезеңдік оқиға бейнеленеді. Екіншіден, жазушының 1956 жылы «Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасынан» жарық көрген екі томдық таңдамалы

шығармаларына енген бұл әдеби туындыны автор повесть деп көрсеткен. Міне, осы себептерге байланысты аталған шығарманы повесть деп атауға толық негіз бар.

«Миллионер» повесінде «Аманкелді» колхозының жас председателі Жомарт деген жігіттің айналдырған бір жылдың ішінде өзі басқаратын шаруашылықты қалай миллиондаған сом таза пайда беретін аса озық ұжымға айналдырғаны суреттеледі. Бұндай табысқа ол жергілікті малды асыл тұқымды малмен айырбастау, ауыл шаруашылық дақылдарын өсіруде алдыңғы қатарлы агротехникалық технологияны кеңінен ендіру, колхоздың өндіріс орындарын түгелдей электрлендіру, соның нәтижесінде қол еңбегін механикаландыру арқылы жетеді. Алғашында бұған шаруашылықтың бұрынғы төрағасы Жақып бастаған бір топ колхозшылар қарсы болады, оларға Жомарттың жоспары жас жігіттің романтикалық босқиялы секілді болып көрінеді. Жомарттың мұндай батыл жоспарына бастапқы кезде қарапайым колхозшылар түгіл, тіпті, аудан басшылары да тосырқап қарайды. Мысалы, солардың бірі — аудандық атқару комитетінің председателі Ермеков Есжан алғашында жас жігіттің ұсыныстарына үзілді-кесілді қарсылық көрсетеді. Бірақ кейінірек аудандық партия комитетінің секретары Сағынбеков Сатанның пікірінен соң амалсыздан келісім беруіне тура келеді.

Повесть жазылып біткен 1948 жыл бес жылға созылған екінші дүниежүзілік соғыстан әбден титықтап шыққан елдің енді-енді еңсесін жия бастаған тұсы болатын. Ол кезде аталған шығармада суреттелген «Аманкелді» секілді миллионер колхоздар Қазақстан түгіл басқа территорияларға қарағанда жақсырақ дамыған Совет Одағының европалық бөлігінің өзінде жоқ болатын. Бұл жөнінде жазушының өзі де ағынан

жарылып, шынын айтады. «Мен «Миллионерді» жазған кезде республикамызда ондай колхоздар жоқтың қасы болатын, – дейді ол. - Жомарт секілді білімді, қырағы председательдер де некен-саяқ еді. Жомартты мен алғы күндердің есебінен жасадым. Со бір жылдары ауыл шаруашылығы институтында оқитын жастармен жиі кездесіп әңгімелесетінмін. Қызу қанды, білімді жігіттер еді. Шақтарына жетпей тұрған, шақтарына жетсе-ақ, дүниені шыркөбелек айналдырып әкететіндері сезілетін. «Міне, – деп ойлайтынмен соларды көргенде, – колхозды басқаратын болашақ председательдер осылар. Бұлардың қолынан да, тілінен де келеді. Жомарт образы – сондағы көрген, сүйсінген жастарымның жиынтық бейнесі. Мен өзім үшін де, олар үшін де әлде бір үлгі жасағандай болдым. Үлгім қате кеткен жоқ. Кейін сол Жомарт секілді колхоз председательдерін өз көзіммен көрдім. Миллионер колхоздар да бірінен соң бірі қаз басты. Бұны жасампаз өміріміздің әдебиетке тигізген ілгерішіл әсері деп ұғынуға да болады. Яғни, өмір әдебиеттен сондай образдарды талап етті» [1,46, 47 б.].

Жалпы, қарапайым адамдарға қарағанда, суреткерлердің түйсігі, интуициясы жақсы дамығандығымен ерекшеленеді, сондықтан да көріпкел болмаса да, олардың кейде болашақтың тынысын өзгелерден ертерек сезінетіні бар. Осы тұрғыдан келгенде, шынында да, жазушының өзі жиі кездесіп тұрған ауыл шаруашылық институтының студенттерінен, олардың отты көздері мен жалындаған жүректерінен болашақтың басшыларының бейнесін көруі әбден сендіреді. Бірақ шығармашылық еңбек үшін Құдай берген дарын мен бір интуиция аздық етеді, осыған қоса білім мен өмірлік тәжірибе керек болады.

«Миллионер» повесіндегі негізгі тартыс бұрынғы колхоз председателі Жақып пен Жомарттың арасында өтеді. Жақып басқарып тұрған кезде де «Аманкелді» сол төңіректегі ең алдыңғы қатарлы, іргелі шаруашылықтың бірі болатын. Сондықтан да ол Жомарттың өзіне «кем өлшеп, азға қанағат қыласыз» деген сөзіне иланбайды, агроном жігіт колхоз председателінің креслосын дәмепіп жүр деп түсінеді де, осыған қатты қарны ашады. Алайда Жақыптың мектепте оқу ісінің меңгерушісі, колхозда партия комитетінің хатшысы болып істейтін өз қызы Жанат та Жомарттың жоспарын қолдап шыққанда, оған біраз бас қатырып, өткені мен бүгінін ой тезіне салып, таразылауына тура келеді.

Жақып алғашында, тіпті, қызына қатты қапа болады, оны өзін сатып кетті деп есептейді. Оған ауылдағы кейбір желбуаздардың «Жанаттың Жомартта көңілі бар екен, соған құлай ғашық екен» деген сыпсың-сыпсың сөздері де себепші болады. Алайда бірте-бірте қызының әке абыройын ертерек ойлап, оның дер кезінде ақылға келуін өтінуі дұрыс шешім болғанына көзі жетеді.

Повесте өмірде де, соған сәйкес өнерде де жиі ұшырасатын махаббат ұштағаны шығарманың басты коллизияларының бірі ретінде танылады. Жомарттың Құдай қосқан қосағы Алма – консерваторияны бітірген жоғары білімді скрипкашы, жас композитор. Осы Алма, өкінішке қарай, ұшақ апатына ұшырап, содан екі көзіне де үлкен зақым келіп, соқыр болып қалады. Жастай жетім қалған оны Жақыптың отбасында өсті десе де болады, бұл жағынан ол Жанатпен туған ба-уыр секілді, әрі екі қыз – бір-бірімен қимас дос. Бірақ тағдыр қас қылғанда, сол Жанат Жомартқа шын ғашық, сондықтан да ол зағип құрбысы – Алманың алдында өзін шексіз кінәлі сезінеді.

Жомарттың бір жылға жетер-жетпес уақыт ішінде «Аманкелді» колхозын кісі таң қаларлық жетістіктерге жеткізгені секілді шығарманың соңында Алма – Жомарт – Жанат арасындағы бұл сүйіспеншілік түйіні де өзінің шешімін сәтті табады. Ол үшін Алманың қолына Жанаттың күнделігі кездейсоқ түсіп қалады, онда Жанат Жомартты өзінің сүйетіндігін, бірақ оған қосылуға өзінің хақы жоқтығын жақсы түсінетінін, өйткен жағдайда қимас досы – Алманың алдында мәңгі кінәлі болатындығын, сондықтан өзінің достық үшін махаббатты құрбан етіп шалуға дайын екендігін сыр қылып шертеді. Жанаттың өзіне деген достығының адал, шынайы екеніне қапысыз көзі жеткен Алма енді Жанат пен Жомарттың бір-бірімен табысуына кедергі жасамауға бел байлайды. Сөйтіп махаббат түйіні осылайша шешімін тапқандай болады.

Сол кездегі совет жазушыларының басым көпшілігі әдебиеттің методологиясы ретінде социалистік реализм әдісіне сүйенді. Бұл шығармашылық әдіс, біріншіден, әдебиеттің таптық болуы, яғни, әрбір шығарманы жұмысшы және шаруа таптарының мүддесі тұрғысынан жазылуы керектігі, екіншіден, социалистік қоғамда коммунистік ұстанымдар мен моральдың үнемі жеңіске жетуіне тиістілігі, сондықтан советтік өмір салтын да бітіспес, шешімін таппас қайшылықтардың болуы мүмкін еместігі жөніндегі постулаттарға сүйенетін. Сондықтан да сол кезеңнің осындай «үлгілі», «озық идеялы» шығармаларында адамдар өмірінде кездесетін терең әлеуметтік, психологиялық қайшылықтарды бетінен қалқып, оларды тым асқындырып, тереңдетіп жібермеуге ерекше назар аударылатын. Ресми әдебиет сын мұндай әдеби туындыларды барынша қолдап, оларды баспасөз бетінде кеңінен насихаттап отыратын.

Алайда 1950 жылдардың соңы мен 1960 жылдардың басында Н.С.Хрущевтың Совет Одағының бұрынғы көсемі И.В.Сталиннің тұсындағы жеке адамға табынушылықты сынға алуына байланысты саяси өмір біраз жұмсарып, либералдана бастады. Осыған байланысты халық «Хрущев жылымығы» атап кеткен бұл кезеңде шығармашылыққа біраз еркіндік беріле бастады, социалистік елдердің өмірінде кемшіліктердің болуы мүмкін екендігі мойындалып, оны сыншыл көзқарас тұрғысынан бейнелеуге мүмкіндік жасалды. Осыған байланысты әдеби сын да 1940, 1950 жылдардағыдай социалистік өмірді жер-көкке тигізбей, бірыңғай әспеттеген ұраншыл, сыпыра тапшыл шығармаларды жаппай мақтай беруден аз да болса тыйылып, оларға объективті баға беруге талпыныс жасады. Мысалы, көркемсөз өнеріне осы кезде келіп араласқан буынның өкілі болып саналатын Сафуан Шаймерденов бұрын тек бірыңғай мақталып келген «Миллионер» повесіне алғашқылардың бірі болып сын айтты. Ол, әрине, бұл шығарманы толықтай мәнсұқтаған жоқ, бірақ төмендегідей елеулі ескертулерін жасырмай жайып салды: «Ғабиден Мұстафин – өзінің жазушылық сәтті сапарының басын шу дегеннен бүгінгі дәуірден бастаған жазушы, – деді ол. – Алайда «Миллионер» повесіне жаңағы тартыссыздық теориясының салқыны соққанын айтпасақ, авторға жанымыздың ашымағаны деп білемін. Повестегі басты тартыс не? Жаңашыл Жомарттың тоқырап қалған Жақыппен келіспеушілігі ме? Әлде еңбек иелерінің сараң табиғатпен күресі ме? Егер біріншісі десең, ол тартыс кітаптың елу-алпыс бетінен әрі аспайды. Ал, екіншісі дейін десең, қасарысып жатқан табиғатты да, оның бермесін тартып алып жатқандарды да көрмейсің. Әйтеуір кітаптың соңында

екі-үш айдың ішінде «жасалған» керемет істерді көрме аралағандай тамашалап жүргендерді ғана кездестіресің. Осы секілді жеңілдік екінші бір кемшілікті туындатады. Ол «Миллионердің» елу-алпыс бетінен арғы жағының композициялық жібінің мүлде босап, сылқ түсіп кететіндігі. Ал мұндай кемістіктер көбінесе саяздықтан, өмірді тану жолындағы ізденудің аздығынан туатынға ұқсайды» [2, 29, 30 б.]. С.Шаймерденовтың сынында біраз көңіл аударарлық жайлар бар еді. Жазушының өзінің аға әріптесіне жанашырлықпен айтқан пікірлері орынды болатын. Шынында да, Жомарт пен Жақып арасындағы тартыс, – ал бұл повестің сюжеті мен композициясын ұстап тұрған ең негізгі коллизия, конфликт, – шығарманың жар ортасына жете бере бітіп қалады. Алматыдағы достарына барып қыдырып, біраз суынып қайтқан Жақып, шынында да, Жомарт айтқандай «кем өлшеп, кейін тартатынын» мойындайды. Оған негізінен ауылда өзі жоқ кезде жаңа, жас председателдің басшылығымен жасалған ерен істер себеп болады. Ендеше логикалық пайымдау бойынша, шығарма шамамен осы тұстан бітуге тиісті болатын. Алайда шығарманың ендігі қалған бөлігінде «Аманкелді» колхозында жасалып жатқан шаруашылық жұмыстары, жас председатель мен оны қолдаушы колхозшылардың жаңашыл бастамалары әрі қарай егжей-тегжейлі сипаттала береді. Осыған байланысты автор повесінің осы кейінгі тарауларында адам өмірін, оның күрделі, қайшылықты табиғатын суреттеудің орнына еңбек технологиясын қызықтап кетеді, содан барып, шынында да, шығарманың соңғы жағы көркем шығармадан гөрі очерктік сипат алған. Мұны осы әдеби туындының финалынан айқын байқауға болады. Жазушы повесін былайша аяқтайды: «Клуб іші адамға лық толы. Мереке

жиналысы болып жатыр. Жомарт сөйлеп тұр. Президент-умде Жақып, Ахмет, Жантастар, алдыңғы қатарда Дос, Баймағамбет, Мәмбеттер көрінеді. Қаладан киноаппараттарын ала кино қызметшілері, газет тілшілері келген. Жазып алып, басып қалып, дамыл таппай жүр.

Алма, Жанат, Төкен, Пахрейдің баласы Коля, тағы бірнеше жастар – бөлек бөлмеде концерт дайындығында. Мереке комиссияның бастығы Баймақан – банкет дайындығында. Шампанскийлерді жәшіктеп енгізіп жатыр.

– Ленин көксеген электрофикация, міне, колхоз аулын да жарқыратты! – дейді Жомарт.

– Біз бүгін социализм дәуірінен өтіп барамыз. Еңбек өнімінің қай саласын алсақ та, саны мен сапасы былтырғыдан биыл екі есе артық. Колхоздың негізгі мал-мүлкін қоспағанда, бір жылғы кірістердің өзі бірнеше миллиондарға жетті. Осы жиналыста ресми түрде жарияланбаған талай еңбек геройлары отыр. Жыл аяғында «геройлар колхозы» атансақ, ғажап емес. Электр енді бүкіл егіс даласын, отардағы сонау байтақ мал даласын қамтымақ. Қамтыған кезде «міне, коммунизм!» дей аламыз. Сол үшін өжет елімізге, еліміздің кемеңгері ұлы Сталинге алғыс айталық, жолдастар!» [3,387 б.].

«Миллионер» повесінде кісі қызығарлықтай кейбір жанды, тірі характерлер бар. Солардың бірі – колхоз ұстасы Ахмет. Ахмет – өте ауқатты жан, үйі – толған дүние-мүлік, қорасы – толы мал, ауласында бау-бақшасы сыңсып ол тұр. Не ішем, не кием дейтін ешқандай уайым жоқ бұл отбасында. Алайда Ахметтің көңілі толмайтын, үнемі мазасын кетіретін бір жай бар, ол – қора толы малы. Ахмет осыларды колхоздың қарауына беруді армандайды, ондағы ойы – жұмыстан шаршап

келген соң, алаңсыз демалу. Ал, малды колхоздың бақташысы бақсын, жайласын, сол үшін тиесілі ақысын алсын, Ахметке сол малдың жүнінен, сүтінен, басқа да өнімдерінен түскен кірістен өзіне тиесілі үлесін берсе болғаны. Сонда құда да тыныш, құдағи да риза.

Бармағынан бал тамған шебер Ахмет осылайша өзінің кәсібімен алаңсыз айналысып, бос кезінде қаланың адамдары секілді бір мезгіл демалуды армандайды. Бәрі дұрыс секілді, қарапайым, ақылға қонымды логика. Бірақ осы қарапайым нәрсені орындау Ахметке оңайға түспейді, өйткені колхозшылардың жарғысында жекеменшік малды колхоздың ортақ меншігінің қарауына уақытша бере тұру туралы ештеңе жазылмаған болып шығады. Демек, ол үшін жарғыны өзгерту керек, ал оны колхозшылардың жалпы жиналысы шешеді. Ал колхозшылардың көпшілігі уақытша болса да, өз жеке малдарынан айрылғысы жоқ. Міне, мәселе қайда жатыр.

Кейінірек Жомарттың көмегімен бұл проблема да шешіледі. Бірақ ол шешілем дегенше бірдеңені ойына алса, орындамай қоймайтын, қызу қанды, тынымсыз ұстаға біраз тер төгуге тура келеді.

Сондай-ақ повестегі жемқор бухгалтер Айдармен кешегі майдангер, сондықтан бәрінен де әскери темірдей тәртіп пен жауапкершілікті ұнататын бригадир Баймақан образдары да біршама сәтті шыққан. Бұл кейіпкерлер де Ахмет секілді өздеріне тән индивидуалды характерлерімен, мінез-құлықтарымен ерекшеленеді. Ақ көңіл, аңғалдау Баймақанның кейде артық қылам деп, тыртық қылып алатыны бар. Бірақ ол үнемі кейбіреулер секілді өзімбілемдікке салынбайды, қажетті жерінде қолымен істеген істі өз мойнымен көтеріп алуға даяр. Осы қасиеттерімен ол оқырман жүрегін жаулап алады,

оның сүйіспеншілігіне бөленеді.

Сонымен бірге «Миллионер» адресіне айтылған бірқатар сынның да қисыны бар. Жомарт жеңісін тым оңайлатып жіберген. Бұл тәсіл қай ретте қаһарманын сағат сайын өсіретін, тұлпарына алты айлық жерді алты-ақ аттатып, отқа салса – күймейтін, суға салса – батпайтын батырды дәріптейтін фольклор дәстүрінің сарқыты деген сияқты елеулі ескертпелер жасалды. Шынында да, Ғабиден, әсіресе, «Жаппарқан» атты әңгімесінде (1946 ж.) кейіпкерін талай от пен су тамұғынан, небір абырой-атақтан алып шығып, кеудесіне Еңбек Ерінің Алтын жұлдызын тағып, бір-ақ тынады. Бұл жалған романтизм сарыны «Миллионер» романында да біраз шаң берді» [4,266, 267-б.] деген пікір бізге шынайы айтылған объективті баға болып көрінеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Сөзстан. Бірінші кітап. А., «Жалын», 1980.
2. С.Шаймерденов. Әдеби толқындар. А., «Жазушы», 1986.
3. Ғ.Мұстафин. Таңдамалы шығармалар, 1-т. А., Қазмемкөркемәдеббас, 1955.
4. Қазақ әдебиетінің тарихы, 8-т. А., Қазақпарат, 2004.



КЕЛІННІҢ ЖОҚТАУЫ

Бір келіншек атасына мынадай жоқтау шығарыпты:

Ауада ұшқан лашын,
Лашын жаяр құлашын.
Атамды алған құдайдың
Келіні мендей жыласын!

(Тымпи. А., «Жалын», 1981. 41-бет.)

Майра ЖАҒЫПАРОВА,
Қазақстан-Британ
техникалық университетінің
қазақ және орыс тілдері
кафедрасының ассистенті.

ТӘРБИЕ БЕРУДЕ ЖӘНЕ ОҚЫТУДА ПЕДАГОГИКАНЫҢ АТҚАРАТЫН РӨЛІ

Педагогика қоғамдық өмірдегі тәрбиенің мәні мен рөлін анықтайды. Педагогика – жалпы адам тәрбиесі жайындағы ғылым. Ал, тәрбие – жастарды әлеуметтік өмірге және еңбекке даярлап, оларға қоғамдық тарихи тәжірибені үйрету процесі. Педагогика пәнін толық түсіну үшін, ең алдымен, негізгі педагогикалық ұғымдарды қарастырайық.

Педагогикалық ұғымдардың бірі – тәрбие. Тәрбие дегеніміз – адамдарды қоғамдық өмірге және өнімді еңбекке дайындау мақсатын көздеп, жаңа ұрпаққа қоғамдық-тарихи тәжірибені беру процесі. Тәрбие ұғымы кең мағынада әлеуметтік қоғамдағы құбылыс ретінде барлық тәрбие салаларын, атап айтсақ: отбасы, мектепке дейінгі мекеме, оқу-тәрбие орындары, еңбек ұжымы, ақпарат құралдары, баспа орындарын қамтиды. Біздің мемлекетте бұл салалар қоғамдық, мемлекеттік мақсатқа қызмет етеді. Кең мағынада деген ұғымда бүкіл сыртқы әсерлердің, адамды қоршап тұрған табиғи және әлеуметтік ортаның, тәрбиешілердің мақсатты іс-әрекеттерінің ықпалымен адамды қалыптастыру.

Тәрбие – жаңа ұрпақты өмірге, еңбекке дайындау арқылы қоғамның алға қарай дамуын қамтамасыз ететін үдеріс. Тәрбие – педагогикалық кең мағынада қоғамның арнайы бөлінген адамдары – мұғалім, педагог, тәрбиешілердің басқаруымен жүргізілетін мақсатты үдеріс. Олар арнайы тәрбие жұмысын ұйымдастырып, жеке адамның қалыптасуына ықпал жасайтын жиынтық факторларды пайдалана отырып, ерекше әдіс-тәсілдерді қолданады.

Білім беру – табиғат пен қоғам жайында жинақталған білім жүйесін жеке адамның меңгеруі және оны өмірде тиімді етіп қолдана білуі. Ал, адамның білім алуы тек оқыту процесінің нәтижесі емес, оның: білім алуына көпшілік ақпарат құралдары – кино, радио, телехабар, т.б. ықпал жасайды. Сонымен бірге адамның “жетілуі”, “даму”, “өзін-өзі тәрбиелеу” ұғымдары да педагогиканың зерттейтін мәселелері саласын толықтырады.

Жеке адамның дамуы – бұл ішкі және сыртқы, басқарылатын, басқарылмайтын және факторлардың ықпалымен жеке адамның қалыптасып жетілу процесі. Жеке адамның дамуы мен жетілуінде мақсатты түрде жүргізілетін тәрбие және оқыту шешуші рөл атқарады. Жеке адамның қалыптасуында өзін-өзі тәрбиелеудің маңызы зор. Өзін-өзі тәрбиелеу – адамның саналы түрде, белгілі бір мақсат көздеп өзінің бойына қалыптастыратын қасиет, мінез-құлық дағдысына бағытталған жұмыс. Негізгі педагогикалық ұғымдар – тәрбие, білім беру, оқыту біріне-бірі тәуелді, табиғи байланысты. Бұл ұғымдар – жастарды өмірге, тәжірибеге дайындаудың басты құралы.

Педагогиканың пайда болуы қоғамның жас ұрпақты тәрбиелеудің тиімді жолын табу мақсатынан және де

ендірісті дамыту талабынан туған. Тәрбие ұрпақ пен ұрпақты байланыстыратын дәнекер болып саналады. Педагогика ғылымы ұзақ тарихи даму жолынан өтті. Алғашқы педагогикалық ой-пікірлер – ертедегі шығыс елдері. Мысыр, Бабыл, Үнді, Қытайдың философиялық жүйесінде дамып, кейін біртіндеп өз алдына жеке ғылым болып дами бастады.

Ежелгі дүние философиясы ертедегі шығыс елдерінің қорытып жиыстырған білім мұрасын дамытқан еді. Сократ, Платон, Аристотель, Демокрит саясат, тәрбие, мемлекет, жеке адам тәрбиесінің мақсаттары мен мазмұны және ерекшелігі сияқты педагогикалық мәселелерді қарастырды. Феодалдық қоғамда (орта ғасырда) тәрбиеге деген көзқарас мүлдем өзгерді.

XV-XVI ғасыр педагогикасы орта ғасыр педагогикасын сынады. Адамның жеке басының тәрбиесі, оның дамуы ойшылдарды толғандырды, мәдениет пен педагогикалық бағыт “гуманизм” деп аталды (Ф.Рабле, Т.Мор, Т.Кампанелла). Гуманистер жаңа дәуір үшін жаңа адам қажеттігін дәлелдеді. Осы кезде педагогика да өз алдына ғылым ретінде бөлініп шықты.

- Сол ғасырда педагогиканың жеке ғылым ретінде мәртебесі чех халқының ұлы педагогы Ян Коменскийдің “Ұлы дидактика” еңбегімен беки түсті.

- Батыс Еуропада ағылшын философы Джон Локк (1632–1704) “Тәрбие туралы ойлар” деген еңбегінде тәрбиенің психологиялық негіздеріне, адамгершілік тәрбиесіне көбірек көңіл бөлді. Ол баланы “таза тақтаға” теңеді.

- Францияда Жан-Жак Руссо (1712–1778) баланы табиғат арқылы, табиғаттай жетілдіре тәрбиелеуге көңіл бөліп, баланы жазалауға қарсы болды, қатаң таяқ

тәртібіне қарсы “еркін тәрбие” идеясын ұсынды.

- Қазақстанда ағартушылық идеяны көтергендердің бірі – Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов (1835–1865). Ағартушы-ғалым қазақ даласындағы оқу, мектеп ісін ғылыми негізде құрып, оқу-білімнің табиғат сырларын ашуға бағытталуын, туған халқының алдыңғы қатарлы мәдениетті елдерді қуып жетуін аңсады. Діни бағыттағы медреселер мен ел билеуші әкімдер, тілмаштар дайындайтын мектептердің мақсатын сынай келіп, жалпы білім беретін мектептердің ашылуын көздеді. “Тек ақиқат білім ғана адамға күдік туғызбайды, ол өмірді бағалауға үйретеді”, – деді Шоқан.

- Қазақтың аса көрнекті ағартушы-педагогы Ыбырай Алтынсариннің (1841–1889) демократиялық-ағартушылық бағыты оның педагогикалық көзқарастарынан айқын көрінеді. Бүкіл өмір жолын мектеп ашуға, қазақ балаларын оқуға тартуға, дүние ғылымдарын үйретуге, оқу құралдарын жазуға, тәлімгер-ұстаз дайындауға, оларға ғылыми әдістемелік басшылық жасауға, өз кезеңіндегі қазақ халқының қоғамдық өміріндегі саяси-әлеуметтік мәселелерді жан-жақты қамтып, жазуға жұмсады. Ы.Алтынсарин қазақ жастарының мамандық алуына жол ашты. Торғайда – қолөнер, Қостанайда – ауыл шаруашылығы училищелері, Ырғызда – қазақ қыздарына арнап мектеп-интернат ашылуына зор ықпал жасады.

- Қазақ халқының ұлы ойшыл ақыны – Абай Құнанбайұлының (1845–1904) поэтикалық шығармалары мен “Ғақлия” сөздері педагогикалық ой-пікірлерге толы. Табиғаттың санадан тыс, тәуелсіз өмір сүруі, өмір ақиқатының түйсікпен қабылдануы, адамдар жаратылысының бірдей еместігі, ғылымның ақылмен, жан құмарымен алынатындығы – оның көрінісі.

Ақынның педагогикалық көзқарасының қоғамдық қатынастар тұрғысындағы пікірлері, жастарды халқының әдеп-ғұрпы, салт-санасы, дәстүрінен тәлім-тәрбие алуға шақыруы дүниежүзілік педагогика классиктерінің ой-пікірлерімен үндеседі.

- Ағартушы-педагог Ахмет Байтұрсынұлы (1873–1937) мол педагогикалық мұра қалдырды. А.Байтұрсынұлы бүкіл саналы өмірін қазақ қоғамында білім-ғылымының дамуына, мектеп ағартушылық ісінің жанданып, кемелденуіне бағыштады. Ол ауыл мектебінде, семинарияларда бала оқытты, оқу-тәрбие жұмыстарын жетілдіру саласында көп ізденді. А.Байтұрсынұлы “Қазақ” газетіндегі (1914 ж.) “Мектеп керектері” деген мақаласында: “Ең әуелі мектепке керек – білімді, педагогика, методикадан хабардар, оқыта білетін мұғалім. Екінші – оқыту ісіне керек құралдардың қолайлы болуы. Үшінші – мектепке керекті белгіленген бағдарлама. Әр іс көңілдегідей болып шығуы үшін оның үлгісі, я мезгілді өлшеуіші болуы керек. Үлгісіз я өлшеусіз істелген іс – ол я артық, я кем шықпақшы”, - деп оқытудың дидактикалық принциптерін ғылыми тұрғыда белгілеп берді.

- Міржақып Дулатов (1885-1935) Ы.Алтынсариннің ұстаздық идеяларын әрі қарай дамытып, А.Байтұрсынұлы сияқты оқу-тәрбие мәселелерін ғылыми тұрғыдан қараған, шәкірттердің жаңа бағдарламалар арқылы білім алуына, мұғалімдердің ғылыми-дидактикалық қағидаларға сәйкес сабақ жүргізуіне ерекше мән берген педагогтардың бірі.

- Жүсіпбек Аймауытов (1889–1931) педагогика, психология саласында құнды ғылыми-зерттеу еңбектерімен қатар, бірнеше оқулықтар, оқу құралдарының авторы болған ірі тұлғалардың

бірі. “Тәрбиеге жетекші” атты еңбегінде (1924 ж.) педагогиканың дидактика саласын ғылыми негіздеген.

- Қазан төңкерісінен кейін тәлім-тәрбие ғылымына терең үңілгендердің бірі – Мағжан Жұмабаев (1893–1938). Оның “Педагогика” атты еңбегі сол кезеңдегі ана тілімізде жазылып, ғылыми әлемді елең еткізген туынды болды.

- Қазақ педагогика ғылымының тұңғыш профессоры Шәрапи Әлжановтың (1901–1938) тәлім-тәрбие саласында әр түрлі тақырыптың төңірегінде жазған жиырмадан астам еңбегі жарық көрді. Ол “Ес және есте сақтау мәселелері”, “Ой мәселелері”, “Дағдылану мәселелері” атты еңбегінде (1936 ж.) шәкірт психологиясының жас және дара ерекшеліктері жайлы сөз қозғады.

- Қазақтың белгілі педагогы Әбдіхамит Сембаевтың (1905–1989) қаламынан сексеннен астам қомақты ғылыми-педагогикалық еңбектер шықты. “Қазақстанда Советтік мектептің даму тарихы” (1962 ж.) атты монографиялық еңбегінде мектептердің көптеп ашылуын, оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдардың жасалу жолдарын, мұғалім кадрларын даярлау ісіндегі қол жеткен табыстарды нақтылы деректермен ғылыми тұрғыда дәлелдеді.

- Сұлтанбек Қожахметов (1910–1945) – дидактика мәселелерімен жан-жақты айналысқан педагогтардың бірі, өзінің “Педагогика мәселелері” (1940 ж.) деген атпен шыққан кітабында шәкірт меңгеретін білімнің саналылығы мен жинақтылығының өлшемдері баланың өз бетімен оқу дағдысын қалыптастыру, оқушының эстетикалық (сұлулық) талғамдарын дамытып қалыптастыру, оның алған білімі мен дағдысын, іскерлігін бағалай білудің ғылыми негіздерін

қарастырды.

- Қартбай Бержанов (1924–1976) – педагогика ғылымдарының докторы, профессор. Педагогика ғылымының дамуына елеулі үлес қосқан ғалым-ұстаз.

Қорыта айтқанда, Қазақстанда педагогика ғылымы XX ғасырдың екінші жартысынан бері тез қарқынмен дамыды.

Тәрбие мен оқыту ісінің одан әрі дамуына байланысты педагогика ғылымының түрлі салалары, атап айтсақ, мектепке дейінгі педагогика, мектеп педагогикасы, педагогика тарихы, дефектология пәндерін оқыту әдістемесі, кәсіптік-техникалық білім беру педагогикасы, жоғары мектеп педагогикасы, әскери педагогика, басқару педагогикасы, отбасы тәрбиесінің педагогикасы, әлеуметтік педагогика, мәдени-ағарту қызметкерлерінің педагогикасы, этнопедагогикасы, кәсіби педагогика, жас ерекшелік педагогикасы, т.б. педагогика салалары пайда болды.

Мектепке дейінгі педагогика – отбасы, балалар бақшасындағы мектеп жасына дейінгі балалар тәрбиесін зерттейді. Мектеп педагогикасы мектеп жасындағы балаларды тәрбиелеу мен оқытудың мақсаттары мен міндеттерін, әдістері мен принциптерін, формаларын, мазмұнын және нәтижесін айқындайды.

Дидактика оқытудың заңдылықтарын қарастырады. Сондықтан ол “Нені оқыту керек?”, “Қалай оқыту керек?”, “Не үшін оқыту керек?” деген сұрақтарға жауап береді. Жалпы, дидактиканың негізгі міндеттері оқыту процесінің заңдылықтарын ашу, білім берудің мазмұнын анықтау, оқытудың тиімді әдістері мен ұйымдастыру формаларын іздестіру, жастардың таным ынтасы мен қабілетін дамыту, дүниеге көзқарасты қалыптастыру, олардың өмір тәжірибесіне дайындалу

тәжірибелерін зерттеп, шешу.

Педагогика тарихы – педагогика ғылымының жеке бір саласы. Педагогика тарихы тәрбиенің шығуы мен дамуының тарихын, қалыптасуын зерттейді.

Дефектология – педагогика ғылымының арнаулы саласы. Дефектология көру, есту, сөйлеу мүшелерінде және ақыл ойында табиғи кемістігі бар балаларды оқыту, тәрбиелеу мәселерін зерттеп жетілдіреді. Дефектология 4 салаға бөлінеді: Сурдопедагогика – саңырау, мылқау және керең балаларға білім беру және тәрбиелеу мәселесін зерттейтін педагогика саласы. Тифлопедагогика – көру қабілеті нашар және соқыр балаларды тәрбиелеу және білім беру мәселесін зерттейтін педагогика саласы. Олигофренопедагогика – ақыл-ойы кеміс балаларға білім және тәрбие беру мәселелерін зерттейтін педагогика саласы. Логопедия – тілінің кемісі бар балаларға білім беру және тәрбиелеу мәселесін зерттейтін педагогика.

Ұстаз – студенттің ішкі жан дүниесіне әсер ететін негізгі тәрбиелеуші күш, сондықтан оның кәсіби шеберлігі, яғни, тілді үйретуді тілмен, тәрбиемен ұштастыру іскерлігі дамып отыруы қажет. Жалпы педагогикалық үдерісте тәрбие үдерісі қатар дамып отыруы қажет. Тәрбие, үдерісінің дамып отыруына байланысты өзіндік ерекшеліктері бар болғандықтан, оны педагогикада арнайы «тәрбиелеу теориясы» деп атайтындығы мәлім. Егер оқыту үдерісіне мұғалім мен оқытушы қатысса, тәрбиелеу үдерісіне тәрбиеші мен тәрбиеленуші қатысады. «Тәрбие, кең мағынасымен алғанда, қандай да болса, бір жан иесіне тиісті азық беріп, сол жан иесінің дұрыс өсуіне көмек көрсету деген сөз. Ал, енді адамзат туралы айтқанда, адамның баласын, кәміл жасқа толып, өзіне өзі қожа болғанша, тиісті

азық беріп, өсіру деген мағынада жүргізіледі. Адамзат дене һәм жан аталған екі бөлімнен тұратындықтан, бұл екі бөлімнің соңғысы, яғни, жан, адамзат үшін аса қадірлі болғандықтан, дұрысын айтқанда, адамғашын мағынасымен «адам» деген атты осы жанға деген беретіндігінен, адам баласын тәрбие қылу дегенде, әрине, адам баласының, әсіресе, жанын тәрбие қылу керек деп ұғу керек» деп Мағжан Жұмабаев айтқандай, болашақ маманды «азық» беру арқылы, яғни, рухани азық беру арқылы тәрбиелеу әр оқытушының, ұстаздың міндеті екендігі даусыз.



Бейбіт ИСХАН,
Абай атындағы ҚазҰПУ
Әдебиеттану және тіл білімі
ҒЗИ-дың ғалым хатшысы,
ф.ғ.к., доцент.

ОТАНШЫЛДЫҚ НЕГІЗІ – ҰЛТТЫҚ ТӘЛІМ-ТӘРБИЕДЕ

Ұлтымыздың қалыптасу, даму тарихын зерттеп-зерделесек, көне дәуірден бері қазақ қоғамы өзінің дәстүрлі рухани құндылықтарына бейжай қарамай, оларға аса мән беріп келген. Ұлттық салт-дәстүрлерді жұрт тұтастығы мен бірлігін қамтамасыз ететін тұрмыс-тіршіліктің арқауы ретінде ұстанған.

Алайда, басы ашық мәселенің бірі – қазіргі қазақ қоғамы әлемнің басқа елдері сияқты жаһандану үрдісінің ықпалына ұшырай бастады. Одан бас тарту да

мүмкін болмай қалды. Бүкіләлемдік жаһандану үдерісі әрбір ұлт пен этносты өзінің жылымына біртіндеп тартып, ұлттық мемлекеттердің өз болмысын сақтап қалуын барған сайын қиындатып барады. Осындай қауіпті жеңе алған мемлекеттер ғана жаһанданудың құрбанына айналмай, оған бейімделіп баруы мүмкін екенін өмір нақтылап отыр. Сол себептен қазіргі қазақ қоғамы ұлттық тарихи жадын, бірегей ойлау машығын, өзіндік өнері мен дүниетанымын, ана тілі мен дінін, дәстүрлі әдебиеті мен мәдениетін аман алып қалуды сезіне бастады.

Біздің ойымызша, оған қарсы тұрудың ең тиімді жолы – ұлттық тәлім-тәрбиеге негізделген отандық білім жүйесін қалыптастыру болып табылады. Сөйтіп, біз жас ұрпаққа заманауи білім мен ұлттық тәлім-тәрбие беру арқылы ғана өзіміздің ұлттық табиғи-тарихи бітім-болмысымызды, өзге жұртқа ұқсамайтын ұлттық ерекшелігімізді, ұлттық ой-санамызды, ойлау машығымыз бен дүниетанымымызды қорғап қалып, жаһандану үдерісіне бейімделе аламыз.

Сондықтан да бүгінгі жас ұрпақты тәрбиелеуде жаһандану үрдісінің ықпалынан, яғни, мәңгүрттіктен, ұлтсыздықтан, космополитизмнен, бас айналдырар түрлі діни ағымдардың ықпалынан, имансыздықтан, мейірімсіздіктен сақтап қалу мәселесі күн тәртібінен түспеуі керек. Бұл үшін не істеуіміз қажет? Біздің ойымызша, жер бетінде Қазақ мемлекеті, Қазақ елі болып қаламыз десек, жас ұрпаққа ұлттық тәлім-тәрбиені бала бақшасынан бастап кәсіби маман болғанша оқытуымыз керек. Онымен Білім және ғылым министрлігі ғана емес, атқарушы биліктің барлық ішкі саясат тармақтары, барлық бұқаралық ақпарат құралдары айналысуы тиіс.

Ұлттық мақсат-мүддеге, тәлім-тәрбиеге негізделген өнер туындыларын көп таралыммен үздіксіз шығаратын кез келді. Мәселен, Жапонияда жас ұрпақты отаншыл азамат болып шығуға жүйелі түрде баулиды. Сондықтан да олардың жас ұрпақтары өз мемлекеті мен ұлтын кіршіксіз сүйеді, ұлттық құндылықтарын қастерлейді. Ал американдық отаншылдықтың негізінде олардың ділдік ерекшеліктері жатыр. Оларда жеке тұлғаның өзіндік ерекшелігі, қарым-қабілеттілігі айрықша бағаланады. Қазір біз отансүйгіштік сана-сезім, яғни, патриотизм туралы сөз қозғай қалсақ, оның АҚШ-тық үлгісін жалаулатып алға тартатынымыз жасырын емес. Себебі, олардың экономикасы мен әлеуметтік жағдайы дүниежүзі елдерінің барлығынан үстем. Соған орай, олардың отаншылдық сана-сезімі де басқа көптеген дамушы елдер азаматтарынан әлдеқайда жоғары. Олар өздерінің жоғары деңгейде дамыған экономикалық-әлеуметтік жағдайларын аса тиімді пайдалана отырып, өздерінде бар, өзгелерде жоқ құндылықтарын асыра дәріптеп, өз азаматтарын «біз дүниежүзіндегі барша ұлттан артықпыз» деген асқақ рухта оқытып-тәрбиелейді. Олардың өскелең ұрпақтарының отаншылдық рухының өте жоғары болуының бір себебі де – осыдан.

Болашақта біздің де жастарымыз осындай болуы үшін бізге қазақстандық жас ұрпаққа ұлттық тәлім-тәрбие беру мақсатында қажымай-талмай үздіксіз еңбек ету керек. Осы мақсатқа орай Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен еліміз бойынша ұлттық тәрбиенің маңызды бағыттары ретінде қолға алынып, атқарылып жатқан ауқымды іс-шаралар аз емес.

Дәл қазіргі уақытта еліміз тәуелсіздік алып, егемен ел болуының арқасында өз ана тілінде орта,

кәсіби орта және кәсіби жоғары білім алған жастар заманауи технологияларды меңгеріп өсіп келе жатыр. Оларға отансүйгіштік тәлім-тәрбие беру өз халқының тағылымдық тарихын барынша жетік оқыта-үйрете отырып білдіру арқылы да жүзеге асатыны белгілі. Сол себептен, Елбасының тікелей нұсқауымен еліміздің астанасы Ақорданың төріне сонау моңғол жерінен Күлтегін, Білге қаған, Тоныкөк бабаларымыздың өсиет сөздері жазылған бітік тастың көшірмесі әкелініп қойылды. Осы бітік тастардағы тарихи жазбаларда жас ұрпақты ұлтжандылық, отаншылдық рухта тәрбиелеп өсіруге негіз болатын ұлағатты ой-пікірлер аса мол. Сол игілікті мұра қазіргі кезде жас ұрпаққа ұлттық тәлім-тәрбие беруде құнды жәдігерге айналып отыр.

Туған жерге деген ыстық сезім, атамекенге деген үлкен құрмет орта ғасыр жәдігерлері болып саналатын бабаларымыз Әбу Насыр әл Фараби, Жүсіп Баласағұн, Махмұт Қашқари, Саиф Сараи, Құтып және т.б. еңбектерінде де жеткілікті қамтылған. Мәселен, Әбу Насыр әл Фараби өзінің «Азаматтық саясат», «Мемлекеттік қайраткердің нақыл сөздері» атты трактаттарында этикалық, эстетикалық мәселелерді айта отырып, мінез-құлықты тәрбиелеуді бірінші кезекке қояды. Білім-ғылымды игеру, оны адамгершілік жолында пайдалану туралы өсиет айтады [Ата заңдар. Құжаттар, деректер және зерттеулер. 10 томдық. 2 том. Алматы, «Жеті жарғы», 2004 жыл].

Бүкіл түркі жұртына ортақ данышпан – Жүсіп Баласағұнның да «Құтты білік» атты тарихи құнды еңбегіндегі философиялық ой-толғамдарының жас ұрпақ тәрбиелеуде маңызы зор. Ол осы еңбегінде адамзаттың, ел-жұрттың кемел келешегін оқу-тәрбие ісімен байланыстырады. Бала өсіріп, тәрбиелеп отырған

ата-ананың негізгі міндеті – өз ұрпақтарын елге, жерге, ел әдет-ғұрпына, салт-дәстүріне құрметпен қарауға баулу деп өсиет айтады [Баласағұн Ж. Құтты білік. Алматы, «Жазушы», 1986 жыл].

Елдің амандығын, бірлігін, еркіндігін, азаттығын, жердің тұтастығын Қазтуған, Шалкиіз, Ақтамберді, Бұқар, Дулат, Жанак, Мұрат, Мұрын сияқты т.б. жыраулар да өз шығармаларына өзек етіп, жеріне жеткізіп жырлаған. Олардың да елжандылық рухқа толы жырларының жастарға отансүйгіштік тәрбие беруде орны ерекше.

Ұлтқа деген асқақ та ыстық сезім мен қадір-құрмет Ш.Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Абай, Шәкәрім, Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Мұстафа Шоқай, Міржақып Дулатов, Халел Досмағанбетұлы, Қошке Кемеңгерұлы, Мағжан Жұмабаев, Сұлтанбек Қожанов, Сәкен Сейфуллин, Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Темірбек Жүргенов секілді т.б. қазақ ағартушы-ғалымдары мен ақын-жазушыларының, қоғам қайраткерлерінің ғылыми еңбектері мен көркем шығармаларында да жарқын көрініс тапқан.

Мәселен, адамгершілік пен имандылықты, мейірімділік пен қайырымдылықты, қанағат пен рақымды, саналылық пен іздемпаздықты, еңбекқорлық пен өнерпаздықты бүкіл шығармашылығына арқау еткен ұлы Абайдың поэзиясы мен қара сөздерін ден қойып оқысақ, жастарды ғылым-білімге, еңбекке, қайрат-жігерге, сүйіспеншілікке, ұлттың асыл қасиеттерін қадірлеп-қастерлеуге, ар-ожданның биік болуына шақырған, жас ұрпақты жігерлендіріп, намысын оятатын, олардың бойына адамгершілік қасиеттердің қалыптасуына түрткі болатын жыр жолдарын, ғибратты сөздерін молынан кездестіреміз.

Бұл мәселелерді М. Әуезов өзінің «Абай Құнанбаев» деген монографиясында жан-жақты талдап, терең зерттеп-зерделеген [Алматы, «Жазушы», 1967 жыл].

Ойшыл ақын «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп», – деп өз халқына деген өсиетін айта отыра, үшінші қара сөзінде: «адамның адамшылығы – ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады» деген тұжырым жасайды. Оның өмірлік тәжірибеден алынған мынадай данышпандық сөзінде үлкен қорытынды ой жатқаны анық: «Әрбір жалқау кісі – қорқақ, қайратсыз тартады; әрбір қайратсыз қорқақ – мақтаншақ келеді; әрбір мақтаншақ қорқақ – ақылсыз, надан келеді; әрбір ақылсыз надан – арсыз келеді; әрбір арсыз жалқаудан сұрамсақ, өзі тойымсыз, тыйымсыз, өнерсіз, ешкімге достығы жоқ жандар шығады» [Абай. Шығармалар. Екі томдық. II том. Алматы, «Жазушы», 1993 жыл]. Ұлы абыздың осы секілді ғибратқа, тәлім-тәрбиеге толы өсиеті қазір қазақстандық әрбір білім ошағының тәлім-тәрбиелік тәжірибесінде басшылыққа алынып, өскелең ұрпақтың санасына сіңіріліп келеді.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев 2008 жылы «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған өзінің «Ұлттың ұлы мұраты жолында ұйысайық» деген мақаласында: «Отаншылдық сезімді орнықтыру қай заманда да, қай қоғамда да маңызды. Бұл, әсіресе, жас мемлекеттер үшін ерекше мәнге ие. Біз патриоттық тәрбие беруге көп көңіл бөлуге тиіспіз. Мұның бір қайнар көзі тарихты білу, одан тағылым алу, бабаларымыздың даңқты істері үшін мақтану екендігі анық. Солай ету керек те. Сонымен бірге тек тарихты малданып қана қалуға да болмайды. «Бүгін мақтанатыны қалмаған елдер өткенімен мақтанады» деген де сөз бар. Біз өткенімізбен де, бүгінімізбен де

мақтанатындай ұлт болуымыз керек» деген еді. Елбасы бұны өткеніміз бен бүгінімізде қазақстандық жас ұрпаққа ауыз толтырып мақтанышпен айта алатын тағылымды тарихымыз, тәуелсіздігімізбен бірге келген қазіргі жетістіктеріміз мол болғандықтан айтып отырғаны анық. Демек, өткен тарихымыз бен бүгінгі табысымыз ел азаматтарын, әсіресе, жас буын өкілдерін ұлтжандылық, отаншылдық рухта тәрбиелеуде маңызды тағылымдық рөл атқарып, үздіксіз қызмет ете бермек.

Қазір біз жаңа ғасырда, жаңа экономикалық қатынаста өмір сүріп жатырмыз. Нарықтық-демократиялық қатынас өмірімізге дендеп енуде. Енді біз осы жайкүйдің талаптарына сәйкес Қазақстан қоғамының саяси-әлеуметтік жағдайын әлемдік деңгейге көтерумен қатар, рухани-мәдени жақтан да қайта түлеп, жетілуіне барлық мүмкіндіктерді қарастыруымыз қажет.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен дайындалған ұзақ жылдық «Қазақстан – 2030» стратегиялық даму бағдарламасы да осы ізгі мақсатты көздейді. Онда осы мәселе: «Қазақстан Республикасының егемен ел болып, ана тілінің мемлекеттік тіл болуымен қатар өткен тарихымызды қайта қарап, ондағы рухани құндылықтарды елеп-екшеп және рухани құндылықтардың қорына өлшеусіз үлес қосатын мұраларын зерделеп-зерттеу, бүгінгі ұрпақ тәрбиесінің керегіне жарату – өзекті мәселелердің бірі болуда» [Қазақстан – 2030: барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы. Алматы, «Білім», 1998 жыл] делініп көрсетілген.

Тәуелсіздік – қазақ халқының сан ғасырлық армандаған мұраты. Отанымыздың көгінде көгілдір туымыздың желбіреуі тәуелсіздігіміздің арқасында болып отыр. Ұлтына, дініне, тегіне

қарамастан, елімізде тұратын әрбір азамат Қазақстан Республикасын туған Отаным, еркін өмір сүруім мен тыныштығымның, бүгінім мен ертеңімнің кепілі деп ұғынуы қажет. Сонда ғана қазақстандық әрбір азаматтың жүрегінде ұлтжандылық, отансүйгіштік, өз Отанына деген перзенттік мақтаныш сана-сезім қалыптасып өркендейді. Қазақстандық отаншылдыққа тәрбиелеудің басты мақсаты да – осы.

НҰРҚАНЫҢ ТАПҚЫРЛЫҒЫ

Бірде Сырбай Мәуленов Торғай өңіріне келіп, сыйлас, қадірлес ағасы Нұрқан Ахметбековтың үйіне ат басын тірейді. Келсе, Нұрқан үйде жоқ. Ол кезде Нұрекеңнің қызулы мінезінің басылмаған, дүбірлі ортадан қалмаған кезі.

Сырбай қарап отырмай, бір шумақ өлеңді қағазға жазады да, Нұрқан келгенде сәлем орнына оқып бермекші болып қамданып отырады. Көп кешікпей Нұрекең де келеді. Сырбай сәлем орнына:

- Қостанай болса – асқар тау, Торғай – төбе,
Болғанда сіздер – қайық, біздер – кеме.
Үйінде шайып ішер шалабың жоқ,
Әр үйден арақ іздеп жүрген неме,-

деп қапелімде соқтыға өлең тастайды. Сонда Нұрекең еш іркілісі жоқ қызулықпен іле былай деген екен:

- Айтпайсың ақын болсаң жатқа неге?
Мінбейсің жігіт болсаң атқа неге?
Торғайға тойынуға келіп жүрсің
Қалада көк су ішкен қатпа неме!

Аяқ астынан қайырған бір ауыз қисынды тойтарысына, тапқырлығына Сырбай балаша мәз болып, Нұрекеңе құшағын жайған екен.

(Сөз тапқанға қолқа жоқ. А., “Жазушы”, 1988. 257-бет.)

Қарлығаш ТАМАЕВА,
Қ.Сәтбаев атындағы
Қазақ ұлттық техникалық
университетінің студенті.

БИОТЕХНОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫНДАҒЫ ТЕРМИНДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫСЫ

Қазіргі өркениеттік заманауи ғылыми жетістіктер тілімізге жаңа қолданыстарды енгізуде. Бүгіндері биотехнологиялық терминдердің мәні аталған ғылымның салалық бағыттарында түрліше қолданыста. Биотехнология саласындағы терминдердің мағыналық мазмұны жан-жақты даму бағытында екенін байқадық.

Мұның себебі технологиялық үдерістердің қарқынды дамуымен байланысты. Өсімдік, азық-түлік, гендік инженерия салаларында жалпы биологиялық терминдермен қатар жаңа қолданыстар да көптеп кездеседі. Қазіргі биотехнологиялық ғылыми терминдердің құрамы сан түрлі. Биотехнологиялық терминдер құрамында ұлттық тіліміздегі төл сөздерімізбен қатар орыс, шетел немесе халықаралық терминдердің қолданысы жиі кездеседі.

Мысалы, азық-түлік өнімдерінің биотехнологиясымен өсімдік биотехнологиясында қазақ төл сөздерімен бірге жалпы халықаралық терминдермен де толығып келе жатқанын байқадық. Бұндай лексикалық құрам кәсіби биотехнологиялық терминдердің қалыптасып,

тілде өзіндік ғылыми стилдің тууына әсер ететіні сөзсіз. Ал микробиология және вирусология саласында осы аталған ғылым саласына тән терминдермен қатар биотехнологиялық жаңа терминдер тілде халықаралық терминдер ретінде жиі қолданыс тауып келетіні байқалады.

Мысалы: *биогаз, фотосинтез, биотрансформация, биомасса, биосинтез, биосенсор, гендік инженерия, биоиндустрия, трансгенді, биореактор, биотин, биолюминисценция, полиметрия, профильдеу, рефрактометрия, пастеризация, сульфитация, ферментация* деп аталатын терминдер биотехнология саласының өзіндік халықаралық сипаттағы терминдері ретінде барлық тілде кең қолданыс тапқан.

Микробиология және вирусология саласында бұрыннан қалыптасқан халықаралық терминдермен қатар қазақ тілінде қолданыс тапқан аталымдар баршылық. Мысалы: *реттік сұйылту, үздіксіз өсіру, өсінді, т.б.* азық-түлік биотехнологиясында: *субөнімдер, сұйылту әдісі, қос салыстыру әдісі, үшбұрышты салыстыру әдісі, профильдеу әдісі, микроскоптау, сенсорлық анализ жасау, фотометриялық әдіс, ыстау, сүрлеу,* сияқты аталымдар қатары күн санап биотехнологиялық процестер мазмұнында артып келе жатқанын байқау қиын емес.

Азық-түлікті сақтау, сүрлеу, ыстау сияқты әдістер — қазақ халқының өмірінде ежелден келе жатқан әдістер. Осы бағытта қазіргі биотехнологияда жоғарыда аталған сөздердің төл аталымдар болып биотехнология ғылымында қолданыс табуы кең екені айқын. Мысалы азық-түлік технологиясында *ажарлау процесі* деген бар. *Ажарлау* —күріш, бидай ядроларының бетінен жемісті қабықшаны алып тастау. [1.53]

Немесе- күлділік. Күлділік- ұн сортының негізгі көрсеткіші тарту ірілігі бойынша анықталады. [1.65, 66] Азық-түлікті сақтау мен консервілеуге қатысты биотехнологияда *тісбасарлық* (закусочные), *түстік консервілер* мен *тұздық консервілер* аталымдары өндірісте қолданыс таба бастады.

Тісбасарлық консервілерді-баклажаннан, бұрыштан, томаттан, кәдіден, патиссоннан дайындайды. [1.122] *Түстік консервілер*- бұл герметикалық ыдыстағы коцентрленген түрде дайындалған бірінші және екінші тағамдар. [1.122] Шай өндірісінде *қақтау, кептіру әдістері* технологиялық процестерге жатады. Тағамдарды дайындауда күнделікті өміріміздегі ас-суымызда біз түрлі *татымдықтар* мен *дәмдеуіштерді* пайдаланамыз.

Татымдықтарға – өсімдіктердің кепкен түрлері қолданылады. Өсімдіктердің қай бөлігін тамаққа қолданылатынына байланысты татымдықтарды келесі топтарға жіктейді: **тұқымды-** қыша, мускат жаңғағы; **жемісті** – анис, бадьян, тмин, кориандр, кардомон, бұрыш, ваниль; **гүлді** – қалампыр, шафран; **жапырақты** – лавр жапырағы; **қабықты-**корица; **тамырлы-**имбирь. [1.130]

Дәмдеуіштер (приправалар) – тамақтың дәмі мен ароматын жақсарту үшін қолданылады. [1.130] Дәмдеуіштер қатарына асханалық қыша, түбіртамыр (хрен), ас тұзы, тағамдық қышқылдар, натрий глютоматы жатады. [1.133]

Татымдықтар мен дәмдеуіштер деп аталуы қазақ ұғымына сіңімді екені анық. *Тат, тату* етістігінен жасалған *татымдық* аталымы күнделікті өмірде ұғымға сай, нақты мағынаны білдіруінде жатыр. Дәмдеуіш-сөзі дәм зат есіміне -*да, -де* етістік тудыратын жұрнақтың

жалғануы кейіннен- уш зат есім тудырушы жұрнақтың қосылуы арқылы жасалып, ұғымның мағыналық сипатын нақтыландырғаны байқалады.

Субөнімдер – ірі қара және ұсақ малдардың етін өңдеу. Мал массасының 10-18 %-ін құрайды.

Осы аталған аталымдар ғылыми тілдің ғана емес, сонымен қатар жалпыхалықтық тілде де мағына айқындығын нақтылайды. Сондықтан биотехнология соңғы 10-15 жылдықтардағы жаңа технологиялық бағыт болумен қатар, оның нәтижелері жалпы адамзаттық тілдік қорға бірсыпыра лесикалық бірліктер қатарын қосуда. Отандық биотехнология ғылымы да қазіргі таңда шапшаң даму барысында. Осы бағыт тілімізге де жаңа қолданыстарды түзуге әкелетіні анық.

Аталған сөз аталымдарын зерделей келе биотехнология ғылымының өмірімізде кең өріс алуы тіліміздің сөздік құрамына жаңа қолданыстар енуіне, сондай-ақ қазақ ұлтының өзінің дүниетанымында төл мәдени бірлік болып танылған сөздердің белсенді қолданысқа түсуіне әсер етуін байқадық.

Адамзаттың таным дүниесі кеңейген сайын тілдік дерек болмысы да нақтылана түсіп, ұғым мазмұнының мағыналық сипаты қоғамда өрістей беретіні шындық. Сондықтан биотехнологиялық жетістіктер таным мен тіршілік ету мазмұнында ерекше рөл атқарып, адам өмірін жеңілдетуге көмектесері даусыз.

Әлеуметтік өмірімізде сан түрлі ғылым саласына қатысты сөздіктер бүгінгі күні жаңа терминологиялық көрсеткіштер болып түзіліп, ғылыми әдебиетке, ақпараттық жүйе мен білім беруде көмегін беруде. Биотехнологиялық сөздік те болашақта арнайы ғылыми терминологиялық сөздік болып түзілетініне сенім артамыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қ.Күзембаева, Т.Құлажанов, Г.Күзембаева. Азық-түлік өнімдерін тану. А., 2006. 356-б.
2. Т.А.Егорова, С.М.Клунова, Е.А.Живихуна. Основы биотехнологии. М., «Академия», 2006. 208-с.



Зибагүл ЕДІЛБАЙҚЫЗЫ,
ізденуші.

DELPHI ОРТАСЫНДА МӘЛІМЕТТЕР ҚОРЫНА РЕЛЯЦИЯЛЫҚ ЕНУ МҮМКІНДІКТЕРІН ОҚЫТУ

Ғылыми прогресс – білімнің жоғарылауымен және ақпарат көлемінің көп болуымен сипатталады. Мұндай кең көлемдегі ақпараттарды басқару көп қиындық әкелері сөзсіз.

Қазіргі біздің дамушы қоғамымыз адам қызметінің барлық жақтарынан өз уақытында және толық мәлімет алып отыруға, шаруашылықты өркендетуге, ғылыми-техникалық прогресті жеделдетуге, білім беру мазмұнын ізгілендіруге мүмкіндік беретін жаңа ақпараттандырудың маңыздылығымен ерекшеленеді.

Әр түрлі ұйымдардың табысты жұмыс жасауы үшін ақпаратты жүйенің дамығанын талап етеді. Сонда сол деректермен автоматтандырылған жинауды, өңдеуді және манипуляциялауды іске асырады. ХХІ ғасыр жаңа технологияның пайда болуы, оның жедел өсуі мұндай

мәселелерді шешуге жол ашты.

Бүгінгі күні ақпараттық технологиялар республикамыздың барлық өндіріс және білім беру мекемелерінде кең көлемде қолданылуда.

Кәсіби мамандардың компьютер және интернеттегі жұмысы іс құжаттарын автоматтандыруға және іс жүргізуін, яғни, есеп беруді, мәліметтер қорымен жұмысын жеңілдетуге арналған.

Мәліметтер қорының пайда болуы жалпы алғанда есептеуіш техникалардың жетілдірілуі мен олардың құнының төмендеуіне байланысты. Алғашқы кезде есептеуіш техникалар тек “қолмен” шығаруға болмайтын математикалық күрделі есептеулерді шығару үшін қолданылды. Кейін компьютерлік технологиялардың дамуына байланысты бұндай есептеулер тек автоматтандырылған жүйелер арқылы есептеле бастады. Сол уақытта компьютерлерді ақпаратты сақтау мен өңдеу үшін қолдану ойластырылды. Адам өмірінің кез келген саласында қажет болатын ақпараттар мен мәліметтерді есептеуіш техника арқылы сақтау, өңдеу және беру-алу өте ыңғайлы болып шықты. Соған сәйкес қазіргі заманда адамдар өз қызметтерінде ақпаратты көп пайдаланатындықтан есептеуіш техникалар ақпаратты сақтау мен өңдеуге ыңғайлы етіліп жетілдірілуде.

Мәліметтер қоры дегеніміз ақпаратты сақтауға және жинақтауға арналған ұйымдасқан құрылым. Ең алғаш мәліметтер қоры ұғымы жаңадан қалыптасқан кезде онда шындығында мәліметтер сақталатын. Бірақ қазіргі кездегі көптеген мәліметтер қоры басқару жүйелері өздерінің құрылымдарында тек мәліметтерді ғана емес, сонымен қатар олардың тұтынушымен және басқа да ақпараттық-бағдарламалық кешендермен қарым-қатынасының әдістерін де қамтиды. Сондықтан

біз қазіргі заманғы мәліметтер қорында тек мәліметтер ғана емес, ақпараттар да сақтай аламыз.

Банк жұмысында мәліметтер қорын қарастыратын болсақ, бұл анықтаманы оңай түсіндіруге болады. Бұнда клиенттер туралы, олардың мекен-жайлары, кредиттік тарихы, есеп шоттарының жағдайы, қаржылық операциялары және т.б. туралы мәліметтер сақталады. Бұл қорға банктің көптеген қызметкерлері кіре алады. Бірақ олардың ішінде бұл қорға толықтай ие болып, оған өзі жеке өзгерістер енгізе алатын адам жоқ.

Мәліметтер қорындағы мәліметтердің нақты қызметкерлерге тиісті әдістермен өзара байланысы нәтижесінде қызметкерлер пайдаланатын және өз компетенциясы шеңберінде мәліметтерді енгізу мен редакциялауды жүргізетін ақпарат қалыптасады. Бүгінгі күні негізі Object Pascal болатын Delphi объектілі-бағытталған бағдарламалау ортасының маңызы зор. Delphi ортасында мәліметтер қорымен жұмыс істеу мәліметтер қорын құру мен пайдалануды жүзеге асыруда маңызды болып табылады. Ол түрлі күрделілік деңгейдегі – қарапайым бағдарламалардан мәліметтер қорымен жұмыс жасауға арналған кәсіби қосымшаларға дейін құруға мүмкіндік береді.

Мәліметтер қоры – ақпаратты сақтауды және де мәліметтерге ыңғайлы, тез кіруді қамтамасыз етеді. Мәліметтер қоры өзінен белгілі бір ережелерге сай құрылған деректер жиынтығын құрайды. Деректер қорындағы ақпарат:

- қайшылықсыз;
- артықсыз;
- тұтас болуы керек.

Мәліметтер қоры кейбір қолданбалы ақпараттық жүйеде қолданылатын деректерді қамтиды. Мысалы:

авиа және теміржол билеттерін сату жүйесі. Мәліметтердің ұйымдастыру түріне байланысты мәліметтер базасындағы деректердің негізгі модульдері келесі түрде болады:

- иерархиялық;
- желілік;
- реляциялық;
- объекті-бағытталған.

Иерархиялық модельде деректер ағаш тәріздес (иерархиялық) құрылым түрінде беріледі. Деректердің осындай ұйымы иерархиялық реттелген ақпараттармен жұмыс жасағанда ыңғайлы, бірақ қиын логикалық байланыстармен жұмыс жасағанда иерархиялық модель әлсіз.

Желілік модельде деректер ерікті граф түрінде ұйымдастырылады. Желілік модельдің кемшілігі болып, құрылымының қаттылығы және оны ұйымдастырудың қиындылығы болып табылады. Сонымен қатар, иерархиялық және желілік модельдерінің кемшіліктерінің бірі болып деректер құрылымының деректер базасын жобалау кезінде берілуі және деректерге қатынау барысында өзгертуге келмейді.

Объекті-бағытталған модельде мәліметтер базасының жазбасы объект түрінде беріледі. Объекті-бағытталған модель желілік және реляциялық модель ерекшеліктерін қамтып, күрделі мәліметтер базасын құруда пайдаланылады.

Ақпаратты технологияны кең арнада қолдану қазір республика бойынша көптеген салаларда ұйымдастыру – басқару қызметі болып табылады. Оның автоматтандыру жолында көптеген автоматтандырылған бағдарламалық жүйелер және де электронды сұхбат, электронды есеп алмасу сияқты бухгалтерлік есеп жүйелері,

қызметшілер, тауарлар және т.б. туралы электрондық қорлар көптеген өнеркәсіп жүйелерінде қолданылады.

Кез келген мекемеде ақпараттандыру мамандардың жұмысын жеңілдетіп, сол мамандармен қоса оларға кәсіби қатынасатын басқа да тұлғалардың уақытын үнемдеуге үлкен көмегін тигізеді.

Бүгінгі күні негізі Object Pascal болатын Delphi объекті-бағытталған бағдарламалау ортасының маңызы зор. Ол түрлі күрделілік деңгейдегі – қарапайым бағдарламалардан мәліметтер қорымен жұмыс жасауға арналған кәсіби қосымшаларға дейін құруға мүмкіндік береді. Коммерциялық және жеке мәліметтерді (адамдардың аты-жөні, мекен-жайлары, есепшоттары) есептемегенде дыбыс файлдары, видео көріністер, WEB парақшалары сияқты басқа да ақпараттармен жұмыс істеуге визуальды интерфейс қолданылады. Осындай көп ақпарат арасында өзімізге керек мәліметтерді алу үшін оларды өңдейтін бағдарламалар қажет.

Осыған байланысты:

- Delphi ортасында мәліметтер қорымен жұмыс істеу негіздерін, реляциялық мәліметтер қоры, реляциялық мәліметтер қорының элементтерін, реляциялық мәліметтер қорымен жұмыс істеуге арналған құралдарын, мәліметтер қорымен жұмыс істеуге арналған визуальды компоненттерін қарастырып;

- Delphi ортасында мәліметтерге ену мүмкіндіктерін, BDE көмегімен мәліметтер қорына реляциялық ену мүмкіндігін, SQL тілінің негіздерін қарастырып;

- Front Page веб парақтарын құруға арналған бағдарламаны пайдаланып, Delphi ортасында мәліметтерге ену мүмкіндіктерін оқытуға арналған электрондық құралы жасалынды.

Электрондық құралда Delphi ортасында BDE

көмегімен мәліметтер қорына реляциялық ену мүмкіндіктері оқытылады, мәліметтер қорына реляциялық ену мүмкіндіктерін оқытуға арналған электрондық оқыту құралы жасалынған. Электрондық оқыту құралында теориялық материалдар, зертханалық жұмыстар беріледі, әрбір зертханалық жұмысты қорғауға арналған тест сұрақтары мен өз бетінше орындалатын тапсырмалар келтірілген. Кішігірім студенттер мәліметтері туралы, мәліметтер қорын құру және пайдалануға демонстрациялық мәліметтер қорының мысалы келтірілген. Электрондық оқыту құралын жасауға пайдаланылған Front Page редакторына сипаттама берілді, электрондық оқыту құралының құрылымы және сипаттамасы жасалды.

Осы түлектік жұмыс «Информатика» мамандығында оқитын студенттерге мәліметтер қоры және ақпараттық жүйелер пәні бойынша көмекші электрондық құрал ретінде қолдануға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мемлекеттік білім беру стандарты. «Информатика».
2. Е.Ы.Бидайбеков, К.Елубаев, Ш.Т.Шекербекова. Мәліметтер қоры және ақпараттық жүйелер: Оқу құралы. А., 2010.
3. К.З.Халықова. «Мәліметтер қоры және банкі»
4. Ұ.Смайылова. Информатика негіздері. №2, 2002.
5. А.Д.Хомоненко, В.М.Цыганков, М.Г.Мальцев. Базы данных. Учебное пособие, 2002.
6. В.В.Фаронов. Программирование баз данных на Delphi
7. Учебный курс, 2005.
7. А.Д.Хомоненко, Ф.Гофман. Работа с базами данных в Delphi. 3-е издание. Санкт-Петербург, «БХВ-Петербург», 2005.

Алтынай ЖЕКЕЕВА,
М. Әубәкіров атындағы
орта мектептің мұғалімі.

Алматы облысы,
Алакөл ауданы.

МЕНІҢ ЕЛІМ – ҚАЗАҚСТАН

Сабақтың мақсаты: білімділік – Отанымыздың тарихын тереңірек білуге үйрету; дамытушылық – оқушылардың шығармашылығын, олардың ұлттық сана, ұлттық намыс, отансүйгіштік қасиеттерін дамыту, ойлай білуге, өзінше ізденіп өз бетімен жұмыс жасауға дағдыландыру; **тәрбиелілік** – мемлекеттік рәміздерді құрметтеу, туған елге деген сүйіспеншіліктерін тәрбиелеу.

Көрнекілік: Қазақстанның картасы, рәміздер, плакат, журнал парақтары, кітаптар, жолдаулар. **Түрі:** ауызша журнал – білім көрмесі сабағы. **Әдіс-тәсілі:** сұрақ-жауап, баяндау, топтастыру, көрме, шығармашылық. **Пәнаралық байланыс:** ана тілі, еңбек, бейнелеу, математика, ән сабағы.

Сабақтың барысы. I. Ұйымдастыру.

- Балалар, біздің бүгінгі сабағымыз ерекше сабақ болмақ. Бұл сабақ бойы ана тілі, қазақ тілі, математика, ән, бейнелеу сабақтарында алған білімдерімізді жинақтап, қандай дәрежеде меңгергенімізді саралаймыз. Сол үшін сабақты мұқият тыңдап, білгендеріңді толық жеткізе білулеріңе тілектеспін.

2) Мұқағалидың «Үш бақытым» өлеңі оқылады.

Бүгінгі сабағымыз осы Отан тақырыбына арналады.

Сонымен Отан дегеніміз не? Кім қалай түсінеді?

3) Оқушылар Отан сөзінің мағынасын ашады (тақтада)

- Дұрыс, балалар, Отан сөзі өмірге бүгін келген жоқ. Адам баласы қауымдасып өмір сүргеннен бастап, өз қоғамын, өз өлкесін, табиғатын сүйген, ұнатқан. Отаншылдық адам баласының баршасына дерлік тән сезім дейтін болсақ, ол несімен ерекшеленеді деген сауал туады.

Бүгінгі сабағымызда осыған жауап беріп көрейік. Сонымен Отанымыз қалай аталады?

Кім Отанымыз жайлы мәлімет берер екен? (журнал беттері)

Журналдың 1-беті. «Мен қазақпын мың өліп, мың тірілген» (Бір оқушы Жұбан Молдағалиевтың өлеңін мәнерлеп оқиды, екінші оқушы карта әкеп іледі).

Оқушылар жауабы. Қазақ жері – Алатау мен Қаратау, Алтай мен Тарбағатай, Көкшетау мен Орал сынды асқақ шыңды таулы жер! т.с.с.

Қазақ халқының сан ғасыр бойы армандаған мақсатына қол жетті. Тәуелсіздік алып егеменді ел, дербес мемлекет болды. Тәуелсіздік жолында күрескен батырларды кім атап берер екен?..

Жері полигонға, түрмеге толды, топырақ тозды, киелі орманынан айырылды. Өз елінде қазақ жат болды. Міне, осындай сәтте 1986 жылы Желтоқсан оқиғасы өрбіді. Біздің Тәуелсіздігіміздің себепкерлері кімдер деп ойлайсыздар?

Оқушылар: -Желтоқсандықтар.

Оқушы:

- Өсер елдің қай сәтте де бірлік болған қалауы, Лаула, лаула, желтоқсанның мұзға жаққан алауы. Өздеріңдей өр намысты жас өркені бар елдің

Ешқашан да еңкеюге тиіс емес жалауы!- деп қаһарман ақын М.Шаханов жырлағандай, Желтоқсан қаһармандары Қайрат Рысқұлбеков, Ербол Сыпатаев, Ләззат Асанова, Сәбира Мұқамеджановалардың рухына тағзым етіп бас иеміз.

Жұрналдың 2-беті. «Тәуелсіздік – сан ғасырлық арман, қол жеткізген ақиқат» деп аталады.

1. Осы бөлім бойынша не айтамыз?

Оқушы: - 1991 жылы Қазақстанның Тәуелсіздік декларациясы қабылданды. Осы Декларацияда Тәуелсіздік күні 16 желтоқсан деп жазылды. Сан ғасырлар бойы бабамыз аңсаған Тәуелсіздікке қолымыз жетті, әлемдегі басқа елдермен тереземіз тең.

2. Тәуелсіздіктің негізгі сипаттарын атап берейік.
(Сұрақ-жауап)

1. Жер аумағы қандай? 2. Мемлекеттік шекарасы. 3. Халқы. 4. Конституциясы. 5. Рәміздері. 6. Мемлекеттік тілі. 7. Теңгесі. 8. Қарулы күштері, т.б.

Жұрналымыздың 3-беті. «Ата Заңым – Әділ Заңым, тәуелсіздік жемісі».

Өзіндікі елің де,

Өзіндікі туың да,

Өзіндікі жерің де.

От пен ауа, суың да.

Өзінді – өзің еткен бақ

Жаса, Қазақстаным,

Тәуелсіздік төрінде.

Белінді бекем буын да!

- Осы Ата Заң бізді қандай жетістіктерге жеткізді, міне, енді сол туралы айтсақ деймін...

Жұрналдың 4-беті. «Рәміздерім – елдігімнің белгісі».

Кім рәміздерді атап береді?

1. Ту туралы не білеміз?

Көк байрақ туымыз – халқымыздың қасиетті белгісі. Туымыздың көк түсі шексіз кеңдікті көрсетеді. Ту ортасындағы алтын күн – халқымыздың азаттық күні.

Ол бүкіл әлемге нұрын шашып тұр. Алтын күнді алтын қанатымен жебеп, өрге көтеріп, ұшып бара жатқан қыран құс - ерліктің белгісі.

(«Біздің ту» өлеңі оқылады)

2. Елтаңба жайлы не білеміз?

3. Мемлекеттік Әнұранның шығу тарихын мәнерлеп оқыту. («Әнұран» өлеңін жатқа оқу).

- Балалар, еліміз, Отанымыз туралы айтқанда оның жүрегі, астанасы жайлы қалай айтпай кетеміз?

Журналдың келесі бетіне көшейік. V. Бұл «Жаңа ғасыр қаласы - Астана» деп аталады.

Тәуелсіз Қазақстанның астанасы – Астана қаласы Сарыарқадағы Есіл өзенінің оң жағында орналасқан.

Тәуелсіз Қазақстанның астанасы дәл бүгін әлем алдында айдай шұғылалы нұрға бөленген шаһар ретінде танылып отыр.

(Өлең «Мақтанышым - Астанам»)

Журналдың соңғы беті. «Тәуелсіз ел тұлғаларының тілектері» деп аталады.

1. Оқушылар шығармашылығы: буклет, сөзжұмбақ, суреттер, шығармалар (талдау).

2. Тілектерін айтқызу.

- Тәуелсіз елдің ұлы өжет, қызы қайратты болсын!

- Өз Отанымызды анамыздай ардақтап, әкеміздей құрметтеу керек.

- Мен туған халқымның ата-дәстүрін жалғастырамын.

- Жоғары мәдениетті адам боламын.



ТІЛ ҰСТARTY

(6-сынып)

Сабақтың мақсаты: білімділік – оқушылардың өткен сабақтар бойынша білетіндерін жинақтау, алған білімдерін жүйелеу; **дамытушылық** – оқушылардың ауызша сөйлеу мәдениетін, сауаттылығын арттыру, шығармашылық қабілетін дамыту; **тәрбиелік** – оқушылардың бойында адамгершілік қасиетін байыту, бірігіп жұмыс істеуге, ынтымақ, бірлікте болуға, бірін-бірі құрметтеуге тәрбиелеу.

Түрі: білімін жүйелеу сабағы. **Әдісі:** сұрақ-жауап, іздендіру, шығармашылық, көрнекілік. **Көрнекілігі:** интерактивті тақта, қоржын, асықтар, жалаушалар.

Сабақтың барысы: I. Ұйымдастыру кезеңі.

1. Оқушыларды түгелдеу.
2. Сынып оқушыларын топқа бөлу.
3. Сабақ мақсатымен таныстыру.

Оқушыларды топқа бөлген соң, әр топқа ат қойып, шарттармен таныстырамын.

I топ – «Атамекен».

II топ – «Атамұра».

III топ – «Мұрагер».

Сабақ барысында шарттарды дұрыс орындаған топқа асық беріліп отырады.

I шарт. Шығармашылық жұмыс.

Әр топтан екі оқушыдан шығады. Бірінші оқушы сабақ барысында «Әдебиет – маржан сөздер тізбегі»

атты ойтолғау жазса, екінші оқушы «Әдебиет – менің қиялымда» тақырыбында сурет салады.

(Қалған оқушылар төмендегі тапсырмаларды орындай бастайды).

II шарт. Тест сұрақтары:

Ескерту: Егер оқушы тест жауабын дұрыс таба білсе, нәтижесінде белгілі мағынаға ие сөз пайда болады.

1. Батырлар жырын көрсет.

А) «Қозы Көрпеш – Баян сұлу»;

Ә) «Алпамыс батыр»;

Б) «Күлтегін» жыры.

2. Қобыланды батырдың сүйген жары:

Г) Гүлбаршын; Ғ) Қарлыға; Д) Құртқа.

3. Ойды, сезімді әсерлі жеткізу үшін жауабы өзінен – өзі айқын нәрсені әсерлі леппен сұрау түрінде айту.

Е) Риторикалық сұрау;

Ж) Негізгі сұрау;

З) Жетекші сұрау.

4. Ақырын жүріп, анық бас,

Еңбегің кетпес далаға.

Ұстаздық еткен жалықпас

Үйретуден балаға. Қай өлеңнен үзінді?

А) «Ғылым таппай мақтанба»;

Ә) «Жасымда ғылым бар деп ескермедім»;

Б) «Әсемпаз болма әрнеге».

5. «Үш бәйтерек» атанған қазақтың көрнекті ақын-жазушылары:

Ж) Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, А. Құнанбаев;

З) А. Байтұрсынұлы, М. Жұмабаев, М. Дулатов;

И) С. Сейфуллин, Б. Майлин, І. Жансүгіров.

6. Атом бомбасының қасіреті туралы жазған қазақ жазушысы:

Е) Ғ. Мүсірепов; Ж) М. Әуезов; З) С. Мұқанов.

7. Не сыйлайды, несін берсін ел маған,

Тұрсақ екен елім де аман, мен де аман!

Таулар – менің таусылмайтын байлығым,

Ал ырысым – ұланғайыр кең далам!

Қандай көркемдеуіш тәсіл?

Р) Теңеу;

С) Эпитет;

Т) Метафора.

Жауабы:

1	2	3	4	5	6	7
Ә	Д	Е	Б	И	Е	Т

III шарт. Топтастыру стратегиясы.


А.Құнанбаев, Ш.Құдайбердіұлы, А.Байтұрсынұлы,
С.Сейфуллин, М.Жұмабаев, Б.Момышұлы,
М.Мақатаевтардың өмірі мен шығармашылығына
байланысты мәлімет жазып шығу.

Ақын-жазушылардың суреттері интерактивті
тақтада нөмірмен көрсетіледі.

Әр топ өздері таңдаған нөмірдегі ақын – жазушылар
туралы кемінде 7 мәлімет жазып шығуы шарт.

Үлгі:

Ақын



IV шарт. «Жалғастыр» ойыны.

«Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні» дегендей,
мақал – сөз шеберлігін, шешендікті талап ететін сөз
өнері. Ата – бабаларымыз мақалды орынды жерде
пайдалана біліп, қажеті болса – дұшпанын да бір ауыз

сөзбен тоқтата білген. Ал, бүгінгі ұрпақ аталар мұрасын қалай білетінін көрейік.

Мұғалім мақалдың бірінші жолын айтады. Әр топтан бір оқушыдан шығып, мақалдың екінші жолын айту қажет. Қай топтың оқушысы мақалдың сыңарын көп және дұрыс айтса, сол топтың оқушысы жеңімпаз аттанады.

Мысалы:

Өз басыңды дауға берсең де,

(Жолдасыңды жауға берме.)

Ақылды адам елге қарайды,

(Ақылсыз адам жерге қарайды.)

Алтау ала болса – ауыздағы кетеді,

(Төртеу түгел болса – төбедегі келеді.)

Ер жігіттің екі сөйлегені – өлгені,

(Еменнің иілгені – сынғаны)

Ұрысқақ болса, ұлың – жау,

(Керіскек болса, келін – жау.)

Батыр болсаң – жауды қайтар,

(Шешен болсаң – дауды қайтар.) т.б.

V шарт. «Өлең –сөздің патшасы, сөз сарасы» деп аталады. Бұл сайысқа да әр топтан 1 оқушыдан шығып, өлең шумақтарын кезек – кезек жатқа айтады. Жеңіске жету үшін оқушы кідірмей, жаңылмай, бірі айтқан өлең шумағын екіншісі қайталамау қажет.

VI шарт. Венн диаграммасы.

Бердібек Соқпақбаевтың «Менің атым – Қожа» хикаятындағы Қожа мен Ш.Мұртазаның «Тұтқын бала» шығармасындағы Тұрар бейнесін салыстыру.

1. Әкесі майданда қайтыс болған.
2. Көп адамдармен келісе алмайды.
3. Анасын, ұстаздарын көп ренжітеді.
4. Өзіне қойылған есімді ұнатпайды.

1. Жастары шамалас (11-13 жас аралығында).
2. Алғыр.
3. Білімге ынталы.
4. Әділдікті ұнатады.
5. Алдына қойған мақсатын орындайды.

1. Әкесін жазалап, жер аудартып жібереді.
2. Жастайынан қиыншылықты көп көрген.
3. Сезімтал, сыр сақтауды біледі.
4. Әкесінің аты өшпеуін қалайды.

VII шарт. Өлеңге теориялық талдау жасау.

1-топ . С.Торайғыров. «Мен – қазақ» өлеңі.

2-топ . М.Жұмабаев. «Қазақ тілі» өлеңі.

3-топ . Ә.Сәрсенбаев. «Туған жер» өлеңі.

Топ оқушылары өлеңнің буын, бунақ, ұйқас түрлерімен өлеңнің поэтикалық көркемдік ерекшеліктерін: эпитет, теңеу, метафораны табу қажет.

Шарттар орындалып болған соң, сабақ басында берілген шығармашылық тапсырмаларды орындаған оқушылар өз жұмыстарын оқып, баяндап береді.

Сабақты қорытындылау: - Балалар, әдебиет пәні – ата-бабаларымыздың ғасырдан ғасырға ұласып келе жатқан мұрасының көрінісі. Осы пән арқылы біз бабалар мұрасын оқып үйренеміз. Оқып қана қоймай, бұл асыл қазынаны келешек ұрпаққа жеткізу – міндетіміз. Өз төл әдебиетін жетік білген ұрпақ қана оның өсуіне, көркеюіне үлес қоса алады. Бүгін сендер өз білімдерің мен шеберліктерің арқылы еліміздің болашағын шыңдайтын ұрпақ екендеріңді көрсете білдіңдер.

Оқушыларды бағалау:

Топ басшысының оқушыларды бағалауы (Топ басшылары алдын ала берілген кестені толтырып, өз тобының оқушыларын бағалап отырады).

Оқушыларды мұғалімнің бағалауы: жиналған асыққа қарап, қай топ көп ұпай жинаса, сол топ

жеңімпаз саналады. Қалған топ жинаған ұпайына қарай бағаланады.

Үйге тапсырма: «Әдебиет пәнінің маңызы» атты ойтолғау жазып келу.



Райса ҚАЗАТАЙҚЫЗЫ,
Шығыс Қазақстан облысының
Жарма ауданындағы
«Қалбатау» ауылының
«Өнер» мектебінің мұғалімі.

КҮЙЛЕРДІҢ РУХАНИ-ТӘРБИЕЛІК СИПАТТАРЫ

Мақсаттары: **білімділік** – а) музыка арқылы оқушыларды халықтың эстетикалық дәстүрін түсініп, бойындағы көркемдік іскерлігін дамытуға бағыттау; ә) шәкірттерді даралыққа, орындаушылық шеберлігін сұлулықпен ұштастыра, мәнерлі орындауға баулу; **тәрбиелік** – а) күй шығармаларының көркемдік бейнесін тереңірек талдау арқылы балалардың ұлттық мәдениетке көзқарасы мен отансүйгіштік санасын жетілдіру; ә) сынып оқушыларын ұжымшылдыққа, шығармашылық әрекетте өзара ынтымақтастыққа баулу; **дамытушылық** – күй өнері мен өмірдің тығыз байланысын ұғындыру, күйлердің шығу тарихы, домбыраның ұлылығымен таныстыру.

Типі: дәстүрлі емес сабақ. **Түрі:** ауызша журнал.
Әдістері: түсіндіру, сұрақ-жауап, музыка тыңдау, инсценировка, сайыс, рөлдік ойын, электрондық оқулық, аймақтық компонент, кәртiшке, аспапта ойнау.
Пәнаралық байланыс: тарих, музыка, әдебиет.
Көрнекіліктері: буклет, таспа, магнитофон, ұлттық костюмдер мен аспаптар, реферат.

Сазды күй әуені естіліп тұрады.

Мұғалімнің кіріспе сөзі: - Қазақтың музыка мәдениеті тарихында домбыра – ел ішінде кең таралған екі, кейде үш ішекті шертіп немесе қағып ойнайтын музыкалық аспап. Домбыра халқымыздың өмір жолымен тығыз байланысты.

- Домбыра, жүрегіммен үндес едің,
Өзіңмен сырласымдай тілдесемін.
Бабамнан қалған мұра сен болмасаң,
Өнердің не екенін білмес едім, -

деп М.Мақатаев жырлағандай, қазақ десе домбыра, домбыра десе қазақ, ал, «**КҮЙ**» десе қазақ та, домбыра да еске түседі. Өйткені, күй қазақтың ішкі жан-дүниесінің, арман-мүддесінің, болмысының сыры. Үні, даусы. Ендеше, кім осы мазмұнды бір ауыз тақпақпен жалғастыра екен.

Оқушы: - Домбыра, сенде мін бар ма,
Мінсіз болсаң - тіл бар ма
Тілден артық үн барда?!
Домбыраның күші мол
Көмейінде күй барда! (*І.Жансүгіров*).

Мұғалім: - Күй дегеніміз – қазақтың ұлттық аспаптарына арналған көркем туынды ретіндегі өнер жанрының түрі. Күй жанры – ұлттың рухани мұрасы.

Күйлер мазмұны, тақырыбы, орындаушылық стиліне және шығу мезгілі, т.б. қарай түрлі топтарға бөлінеді.

1. Аспаптық күй түрлері:

- а) Домбыра күйлері;
- ә) Қобыз күйлері;
- б) Сыбызғы күйлері.

2. Қағыс желістеріне қарай:

- а) Шертпе күйлер; ә) Төкпе күйлер.

3. Тақырыбы мен мазмұнына қарай:

- а) Аңыз күйлер; ә) Тарихи күйлер;
- б) Лирикалық күйлер; в) Психологиялық күйлер;
- г) Салт-дәстүр күйлері; ғ) Арнау күйлер.

4. Шығу кезеңдеріне қарай:

- а) Халық күйлері; ә) Халық композиторлар күйлері;
- б) Кеңес дәуіріндегі күйлер; в) Қазіргі заман күйлері.

Аңыз-күйдің қысқаша мазмұны инсценировка түрінде көрсетіледі.

Жүргізуші дауысы Кетбұғаның «Ақсақ күйі» шығармасымен сүйемелденеді:

- Шыңғыс ханның жалғыз ұлы Жошы құлан аулауға құмар екен. Бір күні ханзада әкесінен ұрланып, аңға өзі шығып кетеді. Бір жерлерге келгенде жайылып жүрген құландарды көреді. Қуанғанынан жебесімен құландарды ата береді. Мұны көрген көсе құлан оны қос тұяғымен теуіп, айдалада өлтіріп кетеді. Сөйтіп, ханның баласы үйіне келмейді.

Бұл сұмдықты сезген хан жаман хабарды естуге дәті бармай, былай деп жар салады (*Хан шығады*):

- Кім де кім баланың өлгенін естіртер болса, аузына қорғасын құямын.

Жүргізуші: - Мұны естіген соң еш пенде баланың өлгенін айтуға батылы бармайды. Бір күні Шыңғыс ханның алдына қолында домбырасы бар бір кісі келеді.

Хан: - Жолаушым, білгеніңді жасырмай түгел айт.

Жолаушы-күйші қолына домбырасын алып, бір күйді тарта жөнеледі. Хан күй дыбысын ести отыра көңілі бұзылып, қатулана қалады да, жүзін жас жуып, екі бетін басып отыра қалады.

Хан есін жиып: - Жалғыз ұлымның жаһанда мерт болғанын естірттің, жазанды ал,- деп, домбыраның көмейіне балқыған қорғасын құйған екен.

Сұрақ-жауап

Мұғалім: - Бұл күйде ешкім Шыңғыс ханға хабар берген жоқ. Ал, Шыңғыс хан баласының қазасын қалай түсінді.

Оқушы: - Музыка тілі арқылы.

Мұғалім: - Бұл күйді баяндауға қандай музыкалық аспап арқау болды.

Оқушы: - Домбыра аспабы.

Мұғалім: - Ендеше, «Домбыраның күші мол, көмейінде күй барда» деген І.Жансүгіров ойының дәлдігіне куә бола отырып, келесі тақырыппен жалғастырайық.

2-бөлім (үй тапсырмасы). «Қазағымның үні сенсің, домбыра»

Оқушы реферат мазмұнын қорғайды.

1. Жаңа дәуір күйшісі Жасарал Жақсылықұлы Еңсепов шығармашылығымен таныстыру.

○ Композитор.

○ «ДЭККО» жанрының авторлық құқық иегері.

○ Педагогика ғылымының кандидаты.

«ДЭККО» сөзіне түсініктеме:

1. Жаңа компьютерлік домбыра жанры.

2. Домбыраны ғылыми-техникалық дамумен үйлестірудің алғашқы ізденісі.

3. Ата-бабамыздың күйшілік дәстүрін әлемдік музыкаға қосатын құндылыққа жатады.

«Детство» күйі тыңдалады. Оқушылар балғын шақтары бейнеленген фото-суретті тамашалап, өзара әңгіме жүргізеді. Күйдің мазмұны талданады.

Негізгі бөлім. /Күй тартыс/. Орындалатын күйлер:

1. Халық күйі – «Телқоңыр».
2. Халық күйі – «Көк дөнен».
3. Халық күйі – «Кеңес».
4. Халық күйі – «Айжан қыз».

Күйлерге қысқаша сипаттама

1-оқушы: - Қазақ халқы төрт түлік малды құт санаған. Күйшілер оларға арнап түрлі күй шығарған. Мысалы: «Көк дөнен», «Телқоңыр», т.б.

2-оқушы: - Ата-бабаларымыз өз араларынан билер шығарып, өз орталарындағы барлық мәселелерді ақсақалдар алқасында талқылап, шешіп отырған. «Кеңес» күйі осы тақырыпты бейнелейді.

3-оқушы: - Қазақ халқы қыз баланы қастерлеп, ерекше сыйлаған. Қыздарға әсемдік жарасады. Қыз баланы тұлғасына көркі сай, ақылды да сымбатты етіп тәрбиелеген.

Секеннің сырлы әлемі

Аймақтық компонент ретіндегі жерлес күйші Секен Тұрысбековтың шығармашылығы көрсетіледі.

Дәуіріміздің 80-ші жылдарының орта шенінде қазақтың рухани киелі күй өнерінің өлкесінде жандүниенді егілте тебіrentкен қоңыр сазға бұраулы Секеннің сырлы әуені келіп қосылады. «Көңіл» толқыны» күйінің шығу тарихын еске ала былай дейді:

- Екі жыл бойы шығара алмай жүрген күнімде, бір оқиғаның әсерінен аз-ақ мезетте жазып шықтым. Москвада 1985 жылғы жазда Дүниежүзілік 12-ші Жастар мен студенттер фестивалінің өтіп жатқан кезі. Бірде қатты жаңбыр жауып, бір қалқанның астына

паналадық. Бақыласам, жаңбырдың шалшық суға
тамған тамшылары бір түрлі нотаның ритміндей
кұбылады екен...

Осы көрініс маған қатты әсер етті. Ұмытып қалмау
үшін көңіліме ұялаған күйді тез нотаға түсіре бастадам.
Міне, ақ жауын тамшыларын арман қылған «Көңіл
толқыны» осылай туды.

Шығармашылық репертуары. Күйлері:

- Көңіл толқыны;
- Ақ жауын;
- Боздақ;
- Өкініш;
- Балауса;
- Шығыс жұлдызы.

Ән-толғаулары:

- Аққу сазы;
- Сәкеннің сәлемі;
- Шағала;
- Толғау;
- Бауырым, сонау күн қайда?;
- Тарбағатай;
- Қос жұлдызым, т.б.

Ұйымдастырушылық қызметі: Республикаға
танымал фольклорлық-этнографиялық ансамблдердің
жетекшісі, олар: «Сазген», «Мирас».

Үйге тапсырма: Секен күйлерін тыңдау.



Құдиярбек АҒЫБАЕВ,
ҚР мәдениет қайраткері.

КУНШУАҚ ПЕН АЙШУАҚ

(Ертегі)

«Ерте, ерте, ертеде, ешкі жүні бөртеде, қырғауыл жүні қызыл екен, құйрық жүні ұзын екен...» деп басталатын бағзы заманда бір кемпір мен шал өмір сүріпті. Екеуі қартайғанша бір перзентке зар болыпты. Әулие-әнбиелердің, хазыреті сұлтандардың басына барып түнепті. Алладан жалбарынып, бір ұл тілепті. Күндердің күнінде шалдың түсіне ақ сақалды қарияның кейпінде Қыдыр-Ата еніп, былай дейді:

- Уа, қария! Көтер басыңды! Алла тағала екеуіңнің тілеуінді берді. Кемпірің тоғыз ай, тоғыз күн дегенде толғатып, екі бірдей перзент көресің. Ай мен Күндей перзентіңнің екеуі де қыз болды деп өкінбегін. Алланың бұйрығы солай. Өйткені, осы екеуінің шапағаты жер жаһандағы тірі тіршілікке тиеді. Сондықтан да, бірінің атын - Айшуақ, екіншісінің атын -Күншуақ деп қоясың. Әумин!...

Осылай деп, Қыдыр-Ата қолымен сақалын сипап, бата қылады да, көзден демде-ақ ғайып болады. Айтқандай, тоғыз ай, тоғыз күн дегенде кемпір толғатып, түн жарымында, ай сәулесі самала сәуле шашып тұрғанда бір қызды, таң атып, күн шапағын жер бетіне таратқанда екінші қызын табады. Тойын жасап, есімдерін Айшуақ және Күншуақ деп қояды. Ай нұры мен Күн сәулесінен жаралғандай екі қыздың сұлулығы мен ақылдылығы туралы әңгіме өсе келе алыс-алыс

елге тарап кетеді.

Дәл осы заманда басқа бір елде қара қылды қажаратын әділ де, халқына мейірімді, ақылды да парасатты патша өмір сүрген екен.

Қашанда өмірде қатыгездік пен мейірімділік қатар жүреді емес пе?! Күндердің күнінде жер астынан жік шығып, жеті басты аждаһа пайда болады. Ол жердің бетіндегі өзен-көлдердің суына дейін сарқып ішіп, ағаштар қурап, ел күйзеліске ұшырап, қырыла бастайды. Аждаһа енді аспандағы Ай мен Күнді құйрығымен орап алып, бауырына жасырады. Сөйтіп жер бетінде қараңғылық орнайды. Тек, алыс-алыс көкжиектегі әлсіз сәулесін төккен жұлдыздардың жарығы ғана болмаса, адамдар, шындығында да, табан жолын көрместен адасатындай еді. Осы кезде патшаның әйелі босанып, егіз ұл табады. Патша дүниеге жаңа келген екі ұлының жүзін көре алмай зарығады.

Жеті басты аждаһаны өлтіруге ешкімнің батылы барып, шамасы жетпейді. Ол енді бұрынғыдан да есіріп: «Кім де кім патшаның екі баласын маған әкеп берсе, мен сендерге тиіспеймін. Әйтпесе, күнде сендердің «бір бала, бір қыздарыңды жеп тұрамын!» деп зар илеген елге суық хабар жібереді. Жұрт не істерін білместен қатты тарығады.

Аждаһа енді, шынында да, күнде бір қыз бен бір баланы жей бастайды. Адамдар қанша әрекет етіп, қарсыласып бақса да, жеті басты аждаһаға шамалары жетпейді. Өйткені жерді қаратүнек басқан, олардың көзі байлаулы еді.

Патшаның екі ұлы бұл кезде күн санап өсіп, ат жалын тартып мінуге жарап қалады. Күндердің күнінде екеуі әкесіне келіп, рұхсат сұрайды.

- Әке, жеті басты аждаһамен соғысуға аттанып барамыз. Батаңызды беріңіз. Елде балалар азайып,

кемпір мен шалдар ғана қалды. Жеті басты аждаһа балаларды тауысып, енді жаңа туған сәбилерге ауыз сала бастады. Кешігуге болмас. Не өлім, не өмір!.. - дейді екеуі жарыса тіл қатып.

Патша балаларының өтінішіне жауап қата алмай, қатты қайғырады. Аспанда түнде ай, күндіз күн жоқ, тас түнек қараңғыда балаларының жеті басты аждаһамен айқасуының аса қиын да қауіпті болатынын ойлап, зар шегеді. Ақыр соңында, екі баласы жауапты сапарға аттанар алдында әкелік мейірімімен құшағына басып, қасына алып жатып, соңғы түнін бірге өткізбекші болады. Түннің бір мезгілінде патшаның түсіне тағы да баяғы Қыдыр-Ата енеді.

- Ел басына күн туғанда ер азаматтың үйде, әкесінің көлеңкесіне тығылып жатқаны жарамайды. Екі ұлыңды алған бетінен қайтармағын,- дейді ол патшаға. - Бірақ мені тыңдап ал. Пәлен деген елде сенің балаңмен жасты ай десе аузы, күн десе көркі бар екі қыз дүниеге келіп, қазір бойжетіп отыр. Біреуінің аты – Айшуақ, екіншісінің аты – Күншуақ. Сен ертеңнен қалдырмай сол қызға құда түсіп, балаларыңды үйлендіресің. Содан кейін ұлдарың қорықтастан жеті басты аждаһаға қарсы аттануларына болады. Өйткені ол екеуінің жолына түнде – Айшуақ, күндіз – Күншуақ тілекшісі болып, түнде ай нұры мен күндіз күн сәулесін шашады. Байланған көзін ашып, жол көрсетіп отырады. Екеуінің ақ тілеуін Алла тағала құп көріп, балаларың жеті басты аждаһаның басын шабады. Сөйтіп оның қанатының астында жасырулы жатқан Күн мен Айды құтқарады. Әумин!..

Патша оянысымен түсін жақсыға жориды. Уәзірлерін жинап, айтқан жерден Айшуақ пен Күншуақ деген бойжеткендерді іздеп табуды бұйырады. Көп ұзамай патша кемпір мен шалға құда түсіп, екі баласына той

жасайды.

Айшуақ пен Күншуақ, шындығында да, тегін қыздар емес еді. Екі ұлдың екеуіне де енді күшіне күш, жігеріне жігер толысып, хас батырға айналып қоя береді. Алыстағыны болжай алатын, жауына жай оғындай тиетін, қара күшке ғана емес, мың сан айланы да меңгереді. Күндердің күнінде екеуі бес қаруын асынып, жеті басты аждаһаға қарсы соғысу үшін жолға жиналады. Айшуақ пен Күншуақ білектерінен күміс білезіктерін шешіп, олардың қолдарына тағады. Сол кезде білезіктен себезгілеген жарық түнде ай нұрына, күндіз күн сәулесіне айналып, жүрген жолдарын жап-жарық сәулеге орайды. Екеуі жеті басты аждаһамен жеті күн, жеті түн айқасады. Бірі найзасымен аждаһаның көзін түйресе, екіншісі алдаспан қылышымен оның басын кесіп тастап отырады. Не керек, жетінші күні аждаһаның соңғы басын шауып түсіріп, біржола өлтіреді. Оның қанатының астында жатқан Ай мен Күнді тауып, екеуі алақандарына салып, көк жүзіне көтереді. Сол кезде Күн мен Ай еркіндікті сезініп, жоғарыға қарай қалықтай ұшып, аспан төріндегі өздерінің орындарына барып қонақтайды. Енді, Күн мен Ай төмендегі адамдарға күлімдеп, жер бетіне нұр сәулесін шашады. Екі батырға қарап көк жүзінен шаттана тіл қатады:

- Біз енді жер бетіндегі тіршілік үшін, Адамдар үшін мәңгілік қызмет етеміз, - дейді Күн мен Ай. - Бізді құтқаруға көмектескен ханзадалар -Сендерге және Айшуақ пен Күншуақ ханшайымдарға айтар алғысымыз шексіз!.. Махаббаттарың мәңгілік болсын!..

Бүкіл ел қуанып, ұлан-асыр той жасайды. Айшуақ пен Күншуақ өзінің сүйген жігіттеріне қосылып, мақсат-мұратына жетеді.

Жұмабақыт РАХМЕТОВА,
Шығыс Қазақстан облысы,
Жарма ауданының
«Қалбатау» ауылындағы
«Өнер» мектебінің мұғалімі.

ДЕНІ САУДЫҢ ЖАНЫ – САУ

Мақсаты: оқушыларды жаман әдеттерден сақтандыру, ойландыру.

Тәрбиелік мәні: сауатты да салауатты азаматтар болып өсуге тәрбиелеу. **Әдісі:** проблемалық әдіс.

Кеш барысы. Ұйымдастыру кезеңі.

- Балалар, біз өткен тәрбие сағатында «Дені саудың жаны – сау» деген тақырыпта тәрбие сағатын өткізгенбіз. Қане, қорытындысын айтып жіберейікші, қорыта айтқанда, ол нені білдіреді?

Балалар дені сау адамның уайымы жоқ, жаны жай, жағасы жайлау, жаны-тыныш, көңіл күйі орнында дегенді білдіреді.

- Мүмкін бұл туралы мақал-мәтел білетін шығарсыңдар?

1. Ауру кірді, әлек кірді.
2. Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде.
3. Дені саудың жаны – сау.

- Ал, сонымен, дені сау адам қандай адам?

- Ауырмаған, ауырмайтын, дені сау, таза адам.

- Ал, бүгінгі сабағымыз жан саулығы туралы.

Жан ауруы дегенді қалай түсінесіңдер? Жан саулығы дегеніміз не?

- Ол – тілеп алған ауру. Өзін де, өзгені де азапқа сала-

тын – дерт, ондай аурулар адамның ойлануға мұршасын келтірмейді, өзін де, өзгені де қажытып, шаршатып, қалжыратып, көңіл – күйін өзгертіп, қиындыққа соқтырып, тығырыққа тіреп, жүйкенің жұқаруына, жан ауруына душар етеді.

- Жан ауруына шалдықтыратын нелер деп ойлайсындар?

Балалар төмендегідей деп жауап берді:

1. Арақ. 2. Темекі. 3. Нашақорлық. 4. Өтірік. 5. Өсек. 6. Ұрлық. 7. Күншілдік. 8. Ұрыс-керіс.

Бұндай ауруларды халқымыз кесел деп те атаған.

Аяқасты жабысқан сырқатты кесел дейді, бұл кеселдің жабысқанына көп болды деп те жатады, кейде тұқымында, тегінде, жаратылысында бар деп те жатады.

Дені сау емес, ауру адамның дерті - өз жанына батса, жан ауруына шалдыққан адамдар маңайын, туыстарын, тіпті, қоғамды дертке шалдықтырады.

Ал ондай дертке шалдықпау үшін, біреуге еріп кетпеу үшін адам қандай болу керек? (жігері, рухы мықты болу керек).

«Ағынан жарылу» деген жақсы әдет бар. Ағынан ақтарылып айтқан сөзде астар болмайды. Жан сыры – жан шипасы. Жаны сау адам сөзінен жаман әдеттерді аластап, арамдықтан аулақтап, адалдыққа жетелеп отырады. Ауруға шалдықтыратын дерттер туралы айттыңдар. Енді солар туралы ой қорытайық.

Арақ – естіні еліртеді,
Ессізді есіртеді.

Арақ – аздырады,
Темекі – тоздырады.

Есірткі – есіртеді.

Нашақорлық – қорлық,
Өзіңе жасаған – зорлық.

Салауаттылық - өмір салты.

СПИД- ғасыр дерті.

Салауаттылық – ден саулығы, ой саулығы, ар
саулығы, жан саулығы.

Магнитафон таспасынан «Қара пима» поэмасын
(авторы Ұлықбек Есдәулетов) тыңдау. Поэмада анасы
қайтыс болған баланың әкесі араққа салынып, үйінде
іске татыр еш нәрсе қалдырмай, ең соңында баласының
жылағанына қарамай, пимасын араққа айырбастауға
әкетеді, соңынан жалаңаяқ жүгірген баласы далада
қалып аяғы үсігендіктен емханада екі аяқтан
айырылады. Емделіп, арақтың азабынан айырылып
келген әкесі баласына сыйлыққа пима әкеледі, бірақ,
енді пима қажетсіз еді. Баланың үсіген аяғын кескен-
ді. Поэма оқушыларға көп ой салды, кейбіреулері
жылағысы келді.

- Балалар, осының бәрі ненің кесірі? Әрине, арақтың.
Теледидардан «Арақ азабы» деген атаумен
фильмдерден жеке-жеке үзінділер көру.

9 ақпан – ақиық ақын М.Мақатаевтың туған күні.

«Қазақта монастрь жоқ» өлеңінен үзінді оқу.

Біздерде монастрь жоқ,

Мен оған барар едім.

Барған соң, монах болып қалар едім.

Қалдырып қала лебін, дала желін,

Жаныма бір тыныштық табар едім.

Барлығын ұмытар ем, барлығын да,
Беймаза тірлігімнің тарлығын да.
Біреудің қорлығын да, зорлығын да,
Біреудің билігін де, жарлығын да.
Ұмытар ем өзімнің хандығымды...
Ілініп тұрса-дағы жаным әрең,
Әйтеуір табынар ем, зарығар ем.
- Балалар, еліміз әлемдік дағдарыстан өтті. Дағдарыс
та кейбіреулерге үрей тудыруы мүмкін.
Біздің халық – қандай қиындықта да қайыспай
көтере алатын халық, әрі Қазақстанның жағдайы, басқа
мемлекеттерге қарағанда, көш ілгері.
Біз дамыған 50 іргелі елдің қатарындағы, 2030 жылы
Азия барысына айналатын елдің ұрпағымыз, ол жылы
сендер неше жаста боласыңдар?
Сол жылдарға қалай жетулерің керек?!

- Жаны сау, дені сау күйде!

АЖАЛДЫ АЛДАУҒА БОЛМАЙДЫ

Бір бай ауылындағы тәуіп-молдаға қаралып жүреді екен. Бір күні тәуіп байға жағымпазданып:

- Құдай-ау, байды алғанша, мені алсайшы?- деп дұға оқиды.

Мұны оның бір әзілқой құрдасы естіп қалыпты. Бәлемді қорқытайын деп, тонын айналдырып киіп, бетіне ұн жағып, аузына шоқ тістеген әзірейіл болып, елең-алаңда молда байдың төсегі жанында отырғанда кіріп келеді.

- Мен ажалмын. Осында жан тапсырғысы келген қайсың? - дейді.

Сонда молда сасқалақтап былай депті:

- Астапыралла! Ажалды алдауға болмайды, кімнің сау, кімнің ауру екені көрініп тұр ғой!

(Тымпи. А., «Жалын», 1981. 44-бет.)

Меңдібай ӘБІЛҰЛЫ,
Тараз инновациялық-гуманитарлық
университетінің доценті,
филология ғылымдарының кандидаты.

ЖАРАПАЗАН АЙТУ ҚОҒАМҒА ЖАТ ДӘСТҮР МЕ?

Ғалым Ш.Алдашев қазақтың тұрмыс-салт жырларының бірі-Жарапазан туралы былай деп жазады: «Жарапазан- діни ұғымға байланысты туған тұрмыс-салт жырларының бірі. Жарапазан қазақ арасында Ислам діні енгеннен кейін туған. Ораза кезінде айтылады. Жарапазанды жаттап алып, жеке немесе топтанып айтқан. Дін парыздарын бұлжытпай орындауға үгіттейді...» (Ш.Алдашев. «Жарапазан», кітапта: Қазақ ССР энциклопедиясы, Алматы, 1989 жыл, 251-бет).

Кеңестік дәуірде халықты ізгілік пен мейірімділікке баулитын жарапазан жырына тосқауыл қойылды. Коммунистік идеология жарапазан жырын діни идеологияға жатқызды, оның адамгершілік, имандылық, мейірімділік факторларына көз жұмып қарады. Мұны «діни-феодалдық дәстүрдің қалдығы, адамның санасын жақсылықтан шегіндіреді» деп есептеді.

Жарапазан айту-қазақ халқының ежелден қалыптасқан ұлттық дәстүрі. Жарапазанды жасы үлкен адамдар – ерлер мен әйелдер, балалар айтатын болған. Біздің қазақ халқының поэтикасы өте ғажайып. Орыстың белгілі оқымыстысы Потаниннің: «Маған қазақ даласы ән салып тұрғандай болып көрінеді»

деуінде терең сыр жатыр. Ал, қазақтың көрнекті ғалымы Шоқан Шыңғысұлының: «Біздің халқымыз поэтикалық қасиеті күшті, әдебиетке бай халық...» деп тегін айтпаса керек (Ш.Шыңғысұлы Уәлиханов, «Қазақ халқы туралы», «Мұсылман күнтізбесі», 2006-2007 жыл, 14 желтоқсан). Жарапазан айту дәстүрі қазақ халқының ән-күйге, өлеңге деген құштарлығын аңғартады. Себебі жарапазанның өзіне тән мақамы (әуені) бар.

О, байлар, жатырмысың ұйқылы-ояу,
Тұсыңа мейман келді аттылы-жаяу.
Мейманды күте алмасаң қалдың жаяу,
Мейманды күте алсаң елің баяу...- деп басталатын жарапазан әні халықтың рухани байлығын молайтып, халықты қонақжайлыққа, татулыққа шақырған. Жарапазанның екінші тәрбиелік маңызы- жарапазан батасы. Жарапазан батасы адамды жақсылыққа, ізгілікке, имандылыққа баулиды.

Жарапазан батасы туралы «Мұсылман күнтізбесінде» былай деп жазады: «Жарапазан айтқан үйден ырымын алғаннан кейін міндетті түрде бата да береді. Бата жыр түрінде болып келеді де, жақсылық, ізгілік ниет білдіріледі.

Бата иесі – бір Құдай,
Қазынасы кең Құдай.
Жалынғанға-жар Құдай,
Тілегенін бер, Құдай!
Ұлын ұлықты ет,
Қызын қылықты ет.
Келінін құлықты ет,
Жігітін жілікті ет.
Малын түлікті ет,
Жанын мүлікті ет.
Қартын келелі ет,

Кейуанасын кемел ет.

Бәйбіше-тоқал- екі қатын баласын

Екі ел ет.

Күйеусіз кепе келін,

Әйелсіз кенже қайнағаны

Некелі ет.

Қойын қошқарлы,

Ешкісін текелі ет!

Әумин! («Мұсылман күнтізбесі», 2002 жыл, 22 қараша).

Жарапазанды ертеде қарапайым адамдармен бірге ақындар мен жыраулар, жыршылар, қиссашылар айтатын болған.

Өтім жырау, Теңізбай жырау, Омар жырау, Мыңбай жыраулар рамазан айында жарапазан айтып халықтың көңілін көтерген, адалдыққа, еңбекқорлыққа баулыған. Халық жарапазан айтушыны Алланың сүйіктісі, Мұхаммед пайғамбардың жіберген адамы, бейбітшілік пен татулықтың, молшылықтың жаршысы деп құрметтеген. Жастарға жарапазанды насихаттаған.

Жарапазанды есектің үстінде, аттың үстінде, түйенің үстінде отырып айтатын болған. Есегі, аты, түйесі жоқтар жаяу жүріп айтқан. Қазақ халқы жарапазан айтуды ұл-қыздарына үйреткен. Жарапазан айтуды үйрету арқылы ұл-қыздарына бата беруге баулыған.

Қазіргі таңда жарапазан айту дәстүрі де ұмытылып бара жатыр. Ауылдық жерлерде, аракідік қалалық жерлерде балалар ғана айтып жүр. Балалар мен жасөпірімдердің жарапазан айтуы ерсі қылық емес. Мұны мектептің мұғалімдері де қолдау керек. Бірінші- жасөспірімдер әнге, жырға әуес болады. Екінші- бата беруді үйренеді. Ән-жырға әуес болып өскен баланың бойында мейірімділік пен нәзіктік сезімі қалыптасады,

ол әннен, өлеңнен эстетикалық ләззат алады. Ал жарапазан айтып, бата беруді үйренген бала ақылды, ұшқыр ойлы болып өседі.

Жарапазан айту дәстүрі жоғары оқу орындары мен колледж білімгерлерінде де қалыптасуы қажет. Техногендік өркениеттен жетіп жатқан атыс-шабыс, адам өлтірушілік, алаяқтықты дәріптейтін фильмдер көріп жүрген жастарды жарапазан айту дәстүрі имандылыққа баулиды.

Қазіргі таңда жарапазан айту дәстүрін зиялы қауым өкілдері ескіліктің қалдығы, ерсі әдет деп те ойлауы мүмкін. Бұл мүлде дұрыс емес. Рамазан айында белгілі көркем сөз шеберлері-ақындар мен жазушылар, ғалымдар, мектептің, колледждің мұғалімдері жарапазан айтуды әдетке айналдыруы керек.

Өзбекстан, Түрікменстан қазақтарында жарапазан айту дәстүрі әлі ұмытылған жоқ. Олар жарапазан айтушыларға бағалы сыйлықтар, ақшалай сыйлықтар, тіпті, жеңіл көліктерді сыйға тартады. Бесқала (Қарақалпақстан) қазақтарында Пішенбай атты жырау болды. Ол терме-толғаулар мен қисса-дастандарды ел арасына насихаттаудан әсте жалыққан емес. Атағы алысқа кеткен сол Пішенбай жырау рамазан айында балаларды ізіне ертіп алып, үй-үйді аралап жүріп жарапазан айтатын. Сөйтсек жарапазанның тәрбиелік мәні зор екен. Сол Пішенбай жыраудың ізіне еріп жүріп жарапазан айтқан балалар қазіргі таңда жыршы-жырау, ақын, жазушы, журналшы, жоғары оқу орындарында, мектептерде мұғалім болып еңбек етіп жүр.

Мыңбай жырау, Теңізбай жырау, Өтім жыраулар, Омар жырау рамазан айында жарапазан айтып, халықтың рухани байлығын арттыруда еңбек еткені белгілі. Елдегі байлар мен бақуатты адамдар жарапазан

айтушыларға қой, жылқы, бағалы сыйлықтар берген.

Жастар арасында нашақорлық пен маскүнемдік сияқты қоғамға жат қылықтардың өрістеп бара жатқанын ескеретін болсақ, жарапазан айту арқылы оларды жақсы әдеттерге (бата беру, өлеңді жатқа айту) баулу күн тәртібінде тұрған бірінші мәселе десек – артық айтқан болмаспыз. Осындай ізгі дәстүр арқылы діліміз бен дініміз, тіліміз өркендеп жатса көңіліміз марқаймай ма?!

Жарапазан айту дәстүрі қазақ қоғамына жат әдет емес. Мұны қолдап-қуаттауымыз әрі тұрмысымызға енгізуіміз керек.

САҒЫНЫШ ТОЛЫ ӘЗІЛ

1938 жылы 19 майда СССР Жоғарғы Советі Президиумының қаулысымен Қазақстанның халық ақыны Жамбыл Жабаев Ленин орденімен марапатталады. Жәкеңнің атына шартараптан құттықтау телеграммалар келеді. Қазақстан, Қырғызстанның жақын адамдарының барлығы лек-легімен келіп, қуанышқа ортақтастық ниеттерін білдіреді. Соның барлығын қарсы алып, шығарып салып, қайта жасарғандай жайдары жүреді. Бірақ Жамбылдың көңілі елегізіп біреуді іздегендей күйде, ауық-ауық алаңдай береді. Арада бірнеше күн өтеді. Жамбылды құттықтауға Алматыдан Дина Нұрпейісова келеді. Сонда Жамбыл Динаны құшақтап тұрып, замандасына базына аралас әзілмен:

- Көп болды, Дина, сені көрмегелі,
Орден ап, өрге шауып өрлегелі.
Сен дегенде көңілдің ілгіші бар,
Келдің бе сол ілгішті жөндегелі,-

деген екен.

(Сөз тапқанға қолқа жоқ. А., «Жазушы», 1988. 255-бет.)

Қажар БАЗИҚЫЗЫ,
Алматы қаласындағы
№167 қазақ орта мектебінің
мұғалімі.

«КӨКТЕМ АРУЫ» АТТЫ ҚЫЗ СЫНЫ БАЙҚАУЫ

Кіріспе сөз: - Құрметті ұстаздар, қонақтар, оқушылар! Халқымыздың салт-дәстүрін үйреніп жүрген жас қыздарымызға арнап «Көктем аруы» атты қыз сыны байқауын өткізгелі отырмыз. Біздің әдепті де әдемі қазақ қызына тән барлық қасиеттерді бойына сіңірген қыздарымызға ақ жол тілеп, байқауымызды ашуға рұқсат етіңіздер!

Бүгінгі сайысымыздың шарты:

1. Ұлттық киім болу керек;
2. Ана тілінде таза сөйлеу;
3. Ұлттық салт-дәстүрімізді білу;
4. Өнерлі болу;
5. Мақал-мәтелдер білу, жұмбақтар шешу;
6. Сәнді киім үлгісін көрсету.

1-жүргізуші: - Қыз сыны, қыз өнері, қыз әдебі,
Тал бойына жарасқан күлкі әдемі.
Бір көргенге болмай-ақ сахнада
Өмірде сақталсыншы ұлт әдебі,-дей
отырып, қыздарымызды ортаға шақырамыз.

№1 аруымыз – Жүнісова Әсел,

№2 аруымыз – Назерке Балтабек,

№3 аруымыз – Мукумова Таңшолпан,

№4 аруымыз – Жаңабекова Жанар,

№5 аруымыз – Илгедаева Ырысты,
№6 аруымыз – Нурахунова Мадина,
№7 аруымыз – Шайсұлтанова Гүлім,
№8 аруымыз – Әлдибекова Әлия,
№9 аруымыз – Қалдарова Арайлым,
№10 аруымыз – Нұртайтегі Заида,
№11 аруымыз – Қапашева Ақмарал,
№12 аруымыз – Оспанова Әсем.

I кезең. Сәлем беру, танысу.

- Әрбір ару шығып, сәлем беріп, өздерін таныстырады.

II кезең. «Ақыл-парасат».

“Қыз емес, қыздың аты – қызыл алтын,
Көрінер қызыл айдай жүзі жарқын.
Үлкеннің алдын орап, сөз сөйлемес,
Халқының сақтай білген ізгі салтын”, -

дей келе, келесі сайысымыз – «Ақыл-парасат» сайысы.
(Онда қыздар қоржыннан асық алып, сол асық нөміріндегі сұраққа жауап береді).

1-сұрақ: Киіз үйдің құрылысын ата. Қазіргі заманда оны қайда қолданады?

2-сұрақ: Бесік жыры деген не? Оны қашан, қай кезде айтады? Бесік жырын жатқа айт.

3-сұрақ: Қазақтың ұлттық тағамдарын ата. Біреуінің жасалу жолын айт.

4-сұрақ: Балаға арнап өткізетін тойларды ата. Біреуіне сипаттама бер.

5-сұрақ: Қазақтың атақты 3 биін ата. Олар туралы не білесің?

6-сұрақ: Ел рәміздерін авторларымен қосып ата.

7-сұрақ: Жеті атаны ата.

8-сұрақ: Қазақтың батырларын ата.

9-сұрақ: Қазақтың ұлы ақыны кім? Бір өлеңін жатқа айт.

10-сұрақ: Жыл аттарын ата.

11-сұрақ: Қазақтың ұлттық киімдерін ата.

12-сұрақ: Ы.Алтынсариннің балаларды оқуға шақыратын өлеңін жатқа айт.

III кезең. Өнер сайысы.

Құлақта кіріп бойды алар

Әсем ән мен тәтті күй.

Көңілге түрлі ой салар

Әнді сүйсең – менше сүй! - деп Абай атамыз айтқандай, ұлтымыздың қай дәстүрі болса да, өлеңмен, бимен ұштасып жатады. Қыздарымыз өз өнерін көрсетеді.

IV кезең. Құрақ (дайын) құрау.

“Өнер көкке жеткізер,

Өнер болса қолыңда!

Өнершінің ырысы –

Жарқырап жатыр жолыңда”, - дегендей, қыздарымыз қазір дайын фигуралардан құрақ көрпе жасайды.

V кезең. Мақал-мәтелдер айту.

«Аталар сөзі – ақылдың көзі».

«Сөздің көркі - мақал» дегендей, қазір мақалдар айту жарысын тамашалаймыз.

VI кезең. Жұмбақ шешу.

Бәйгеге түсіп жарыспай

Жүйріктің бағы жанар ма?!

Білім мен өнер жарысып

Тәрбие, тәлім табар мән.

Бұл бәйге – ойдың бәйгесі,

Кім жүйрік ойға, сол – алда!

1-жұмбақ:

Даладай Кімнің кең пейілі?

Данадай Кімнің мол мейірі? (Ана)

2-жұмбақ:

Тұратұғын әр үйде
Жайлы орын сәбиге.
Шаңғы табан үйшік ол,
Тербететін, әрине. *(Бесік)*

3-жұмбақ:

Ұзын мойын, екі ішек,
Қатар-қатар тепкішек.
Басып көрсең бір-бірлеп,
Үн шығады күмбірлеп. *(Домбыра)*

4-жұмбақ:

Сүйегі оның тор шабақ,
Көшсек бұздық боршалап.
Сен де мұны білер ең,
Жайлауда егер болсаң-ақ. *(Киіз үй)*

5-жұмбақ:

Бір сусын бар жұртымда,
Ішсең уыз ұртында
Бәрі содан шығады —
Ірімшік, май, құртың да. *(Сүт)*

6-жұмбақ:

Шыр көбелек айналып
Жүгіреді бір тынбай.
Беліне жіп байланып,
Шөмеле үйер құртымдай. *(Ұршық)*

7-жұмбақ:

Әжем уыстап сығып,
Далада кептірген.
Қатты әрі тәтті дәмін
Кім бар жеп көрген? *(Құрт)*

8-жұмбақ:

Күндіз бар да, түнде жоқ,
Онсыз өмір мүлде жоқ. *(Күн)*

9-жұмбақ:

Көп әңгімем, өлеңім.
 Күнде ақыл беремін.
 Жақсы көрсе мені кім,
 Соған тиер көмегім.

*(Kiman)***10-жұмбақ:**

Бір тілім болып туады,
 Күннен күнге толады,
 Дөп-дөңгелек болады.

*(Ай)***11-жұмбақ:**

Қатар өскен дос құсап
 Екі жақта – қос бұтақ.
 Әрқайсысында

Бірі қысқа, бірі ұзын бес бұтақ. *(Қол, саусақтар)*

VII кезең. Ана туралы ой толғаныс.

- Таза мінсіз асыл тас

Су түбінде жатады.

Таза мінсіз асыл сөз

Ой түбінде жатады.

Су түбінде жатқан тас

Жел толқытса шығады.

Ой түбінде жатқан сөз

Шер толқытса шығады, - дегендей, қыздарымыз аналарға арнайы 5-6 сөйлемнен немесе 4 жолдан тұратын «Ана» деген тақырыпта ой-толғаныстарын жазып оқиды.

VIII кезең. Ептілігін көрсету.

Қолың ұста болсын, Сөзің қысқа болсын!

(Қыздар шай қасықпен жаңғақ тасиды, бір ыдыстан екінші ыдысқа кім тез әрі түсірмей тасыса, соған ұпай қосылады).

IX кезең. Сән үлгісі. Арулар кезегімен сән үлгісін көрсетіп шығады.

Дәмеш МӘЙКЕНҚЫЗЫ,
Солтүстік Қазақстан облысы,
Айыртау ауданы, №2 «Саумалкөл»
мектеп-гимназиясының
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ШОҚТЫҒЫ БИІК ШОҚАН

(Ғалымның 176 жылдығына арналған кеш)

Мақсаты: қазақ халқының ұлы ғалымы Шоқан Уәлиханов туралы білімдерін толықтыру, бұрынғы білімдерін сараптап, еске түсіру. Ұлы ғалымның өнегелі өмірін үлгі ету және мақтаныш етуге тәрбиелеу. Қазақтың атақты адамдарын білуге қызығушылық туғызу.

Көрнекілігі: интерактивті тақта арқылы Шоқанның портреті, ғалымға орнатылған ескерткіштердің суреттері, оның балалық шағы өткен ата қоныс көріністері бейнеленеді.

Кештің барысы:

Домбыра үні ақырын естіледі (Құрманғазы Сағырбаевтың «Ақсақ құлан» күйі).

Мұғалім: - Қарашаның 17-інде 2011 жылы өзіміздің жерлесіміз, ұлы ғалым Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановқа 176 жыл толғалы жатыр. Шоқанның мерей тойына арналған кешімізді сіздердің назарларыңызға ұсынғалы отырмыз.

1-оқушы: - Им восхищались лучшие люди России, его современники. «А я вам объявляю без церемоний, что я в вас влюбился. Я никогда и никому, даже не исключая родного брата, не чувствовал такого

взлечения, какк вам и бог знает, как это сделалось» — это строки из письма Ф.М.Достоевского к человеку, о котором пишут историки, географы и философы, лингвисты и путешественники, археологи, этнографы и литературоведы. Пишут потому, что он был ученым, обладавшим глубокими познаниями во многих областях науки.

2-оқушы: - Его называли гениальным юношей. Русские ученые, работавшие рядом с ним сравнивали его с Пушкиным, Лермонтовым, Добролюбовым. «Если бы Шоқан имел в казахском народе читающую среду, он мог бы гением своего народа и положить начало литературному возрождению своих единомышленников», - писал Григорий Потанин, известный путешественник, географ.

3-оқушы: - «Шоқан Уәлиханов Шығысты зерттеу әлемінің үстінен құйрықты жұлдыздай жарқ ете қалды. Орыстың Шығысты зерттеуші ғалымдарының барлығы да оны ерекше бір құбылыс деп танып, одан түрік халықтарының тағдыры жайында және маңызды жаңалықтар ашар деп күткен еді», - деп академик Веселовский жазған.

4-оқушы: - Бұл — ғалым Шоқанға берілген әділ баға еді. Шоқан тарихшы, географ, этнограф әрі ауыз әдебиетін жинап зерттеуші ретінде көп еңбек етіп, кейінгі ұрпаққа мол мұра қалдырды. Шоқан Уәлиханов — қазақ халқының орысша білім алған, алдыңғы қатарлы орыс оқымыстыларымен пікірлес, бағыттас болған шын мәнісіндегі әрі ең тұңғыш ғалымы.

1-оқушы: - «Как блестящий метеор, промелькнул над нивой востоковедения потомок киргизских ханов и в то же время офицер русской армии Чокан Чингисович Валиханов. Русские ориенталисты единогласно

признали в лице его феноменальное явление и ожидали от него великих и важных откровений о судьбе тюркских народов», - писал о нем академик Веселовский.

И он сделал эти открытия, совершив беспрецедентный научный подвиг.

2-оқушы: - Қостанай облысында Құсмұрын деген жер бар. Ол Қостанайдан жүз шақырымдай жерде. Мұнда 1835 жылы қазақ халқының ұлы ғалымы Шоқан Уәлиханов туды. Шоқанның ата-бабалары сұлтандар руынан болған. Атасы Уәли – Абылай ханның ең үлкен ұлы. Оның әкесі Шыңғыс орыс патшасымен қарым-қатынас жасаған.

3-оқушы: - Шоқан бала кезінен зерек, алғыр болған. Оның шын аты – Мұхаммедханапия. Шоқан деп еркелетіп анасы Зейнеп қойған. Шоқыдай биік, таудай асқақ болсын деп.

Ересек оқушылардың орындауында Нұрғиса Тілендиевтің «Құстар қайтып барады» әнінің бірінші шумағы айтылады.

4-оқушы: - Кітапқа толы қолтығы
Жас Шоқан Ертіс жағалап,
Бейне бір өзен толқыны
Даланы ойы аралап...
Толқынға қарсы жас шабыт,
Тұрды екен Шоқан нені ойлап?

3-оқушы: - 1847 жылы әкесі Шоқанды Омбы қаласындағы орыс кадет корпусына оқуға береді. Бұл корпуста ол сегіз жыл оқиды. Бітірген соң орыс офицері болып орыс патша қызметіне кіреді.

2-оқушы: - Жиырма жасында Шоқан жасырын Қашғарға саяхатпен барады. Бұл саяхат өте қауіпті болады. Қашғарда алты ай тұрып, күрделі еңбектер жазады.

1-оқушы: - Шесть долгих месяцев, находясь на волосок от смерти, он собирал драгоценные материалы. Нелегкой была и дорога назад. Засада за засадой, грабеж за грабежом. Зато с каким упоением работал он над собранными материалами! Он написал изумляющий по своей достоверности труд «О состоянии Алтышара или шести восточных городов китайской провинции Нан-Лу (Малой Бухарии) в 1858-1859 г.г.». Этот труд ввел Шокана в ряд крупнейших ученых-востоковедов своего времени.

2-оқушы: - Қашғардан оралған соң Петербургке келеді. Петербургте ғалымдар алдында баяндама жасайды. Ол орыс географиялық қоғамының мүшесі болып сайланады.

3-оқушы: - Интересная, полная встреч, открытий жизнь захватывает всего Шокана в Петербурге. Он готовит в печати исследования по этнографии и истории казахского края, изучает записанные им варианты киргизского эпоса «Манас», анализирует свои собранные еще в детстве варианты казахских сказаний, слушает курс лекций в университете и сам выступает с лекциями. Систематизирует свои зарисовки.

4-оқушы: - Шоқан Уәлиханов – қазақ халқының ең бірінші суретшісі де болған. Оның екі жүзге жуық суреттері сақталған. (Интерактивті тақта арқылы ғалымның суреттері көрсетіледі).

2-оқушы: - Ғалым өзінің жерін, оның табиғатын шын жүрегімен сүйген. «Біздің сахарада ешкім ешбір жанға кесірін тигізбейді. Аспан төріндегі ауаның жасыл толқынына еркін шомылып, жеп-жеңіл шағала қалықтап жүреді... Ұшы-қиыры жоқ шексіз даланы неше алуан шөп басып, үлбіреген нәп-нәзік гүлдер бейне жасыл дарқан дастарқандай жайылады. Өзім сахаралық болған

соң, сахараның қызығына түсіп кеттім...», - деп Шоқан Уәлиханов жазған.

4-оқушы: - Он страстно любил свой народ, верил, что дружба его народа с русским принесет в степь священные плоды цивилизации. Революционность и демократизм его взглядов находили сочувственной отклик русской революционной демократии. Искренность его исповедей брали за душу Ф.Достоевского. Писатель, в сердце которого вместились вся боль Руси, обратился с такими словами: «Не великая ли цель, не святое ли дело быть чуть ли не первым из своих, который растолковал в России, что такое степь, ее значение и ваш народ относительно России, и в то же время служить своей Родине просвещенным ходатаем за нее. Судьба же вас сделала вдобавок превосходнейшим человеком, дав вам и душу, и сердце».

Сәбит Мұқановтың «Аққан жұлдыз» романынан алынған сахналық көрініс. (Шоқанның анасымен сөйлесуі).

- Апа.

- Айта ғой, күнім.

- Апа, жұрт осы неліктен: «Биік еменнің қисайғаны — діңгегінің сынғаны. Ер жігіттің екі рет ант бергені — өлгені», - дейді.

- Білмеймін, балам.

- Ал, мына мақалды естідің бе? Ешбір байлық өмірден артық емес. Өміріңнен гөрі арыңды сақта.

- Сен, балам, мені мақалдың астына алдың ғой!

- Мақал-мәтелдерді неге еске алып отырмын дейсің бе? Өйткені барлық ақыл — халықта, мақалды да шығаратын осы халық емес пе? Халық әрқашан да әділ. Баяғыда бір данышпан адамнан «жігіт-мігіт»

деген сөздерді қазақтар неліктен пайдаланатынын сұрапты. Жігіттің кім екені белгілі, ал мігіт дегеніміз не? Данышпан сонда былай деген екен: «Жігіт – ол өзінің айтқан сөзінен айнымайтын, алдына қойған мақсаттарына тура жүретін, батыл, ары үшін жанын қиятын адам, ал мігіт – не анау емес, не мынау емес, ішіп-жегеніне мәз болатын адам». Анашым, мен кім болсам деп ойланып отырмын, кім болайын?

- Жігіт бол, ұлым, жігіт бол!

Нұрғиса Тілендиевтің «Құстар қайтып барады» әнінің II шумағы орындалады.

3-оқушы: - Ему не было и тридцати. Знания давались ему слишком легко. Труднее было отстаивать свои права, знает ли что его сын Шокан стал ученым и что он всю свою силу юности, все знания свои посвятил созданию правдивой истории степи.

Сәбит Мұқановтың «Аққан жұлдыз» романынан сахналық көрініс. (Шоқанның Катя Гудковскаямен сөйлесуі).

- Ты прав, тому кто пожил в Петербурге, в Омске жить уже не хочется.

- Не хочется, говоришь? Значит, ты так привязана к столице. Ну а для меня Омска хватает с избытком.

- Ты просто не видел настоящих городов, Питера не видел. Побывал бы там, не захотел бы здесь жить.

- Захотел бы, Катя, захотел! Приведись мне в Петербурге жить, торопился бы сюда вернуться.

- А если бы женился?

- Если бы и женился.

- Ну, а если бы жена не разрешила?

- Жена? Да я бы и не стал спрашивать у нее разрешения.

- Значит, ты не будешь считаться с ее мнением.

- Я думаю, она будет считаться с моим. Когда я в Омске, то знаю: здесь Иртыш, а за Иртышом – родная степь, кочевья моего народа. Омск мне дорог потому, что я получил воспитание в этом городе. И здесь я связан со степью. Все что я способен сделать, я хочу сделать для моих казахов. Понимаешь есть лестница – культура. Так вот, мы стоим на нижней ступеньке. А у меня нескромная мечта – приподнять свой народ хоть на одну ступеньку – но выше.

- Ну и что? Мне не совсем понятен ход твоих мыслей.

- Я говорю простых вещах. Самых простых. Я должен быть вместе с народом.

1-оқушы: - Народу нужны дела, а не слова. И Шоқан пытается практически вмешаться в дела своего народа и хоть как-нибудь помочь ему, облегчить его участь. Он выставляет свою кандидатуру на выборы в окружные правители. Но, увы, «выбор не обошелся без разных чиновничьих штучек. Господа эти, как областные, так и приказные, поголовно восстали против этого», - писал Шоқан Достоевскому.

2-оқушы: - Он измучен. Одинок. Он перестал отвечать на письма, на призывы друзей. Вдобавок чухотка. Бесконечные распри между соседями. Силы покидают его...

4-оқушы: - «Мені ауру жеңді, шаршадым, халім төмендеді, сүйген елім, сендерді барып көруге де дәрменім жоқ. Бұл – сендермен соңғы рет амандасып, құшақтасып көрісетін хатым. Өсіп-өнулеріңе тілек білдіремін». Бұл – ең соңғы ата-анасына, Сырымбетке жазған хаты еді.

3-оқушы: - Шоқан умер в ауыле своего друга Тезека в урочище Кучен-Тоган у Алтын-Эмельского перевала (сейчас Алматинская область). Не дожив и до тридцати

лет. Над его могилой друзья поставили памятник, где была высечена надпись «Здесь покойся прах штабс-ротмистра Чокана Чингизовича Валиханова, скончавшегося в 1865 году». Русские ученые бережно собрали его труды и на свои средства издали книгу, справедливо назвав его великим сыном казахов.

Құрманғазы Сағырбаевтың «Ақсақ құлан» күйінің үні ақырын естіледі.



Анар ДАИРОВА,
Көкшетау қаласындағы
№8 орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

XXI ҒАСЫР КӨШБАСШЫСЫ

(Интеллектуалды ойын)

Мақсаты: оқушылардың білімдерінің деңгейін анықтау, қазақ тіліне деген қызығушылығын арттыру, ойлау қабілетін дамыту, сөйлеу мәдениетін жетілдіру, интеллектуалды қабілеттерін арттыру.

Көрнекі құралдар: қанатты сөз жазылған плакат, түрлі-түсті шарлар, интерактивті тақта, грамота, диплом, сыйлықтар, сигналды қима қағаздар. **Түрі:** сабақтан тыс іс-шара.

1-жүргізуші: - Армысыздар, құрметті ұстаздар мен оқушылар және ойынға қатысушы сайыскерлер!

2-жүргізуші: - Здравствуйте, дорогие ребята и гости! Мы рады приветствовать всех присутствующих на нашей интеллектуальной игре.

1-жүргізуші: - Тілдер Фестиваліне арналған «XXI ғасыр көшбасшысы» интеллектуалды ойынына қош келдіңіздер. Бұл ойын 4 бөлімнен тұрады. Ал, енді, біздің ойынымыздың сайыскерлерін таныстыруға рұқсат етіңіздер:

1. Антипина Дарья - 4 «А» сынып оқушысы.
2. Никулина Ярославна - 4, «А» сынып оқушысы.
3. Федотова Александра - 4 «Б» сынып оқушысы.
4. Мухаметзянов Артур - 4 «Б» сынып оқушысы.
5. Хващевская Анжелика - 4 «Б» сынып оқушысы.
6. Шубина Ангелина - 4 «Б» сынып оқушысы.

2-жүргізуші: - Теперь позвольте вам представить наших членов жюри:

1. Маньковская Ольга Цезаревна - заместитель директора по учебно-воспитательной работе.
2. Останина Валентина Викторовна - учитель 1-го класса.
3. Саликова Гульсара Базкеновна - учитель казахского языка и литературы.

1-жүргізуші: - Сайыскерлерімізге іске сәт тілей отыра, I «Бәйге» бөлімін бастаймыз. Бұл бөлімде қойылған сұраққа тез және дұрыс жауап берулеріңіз керек. Әр дұрыс жауапқа – 5 ұпай.

2-жүргізуші: - Начинаем нашу игру. Всех участников просим быть внимательными и активными. Так как после каждого тура, участник набравший самый меньший балл - выходит с игры. Возьмем в руки сигнальные карточки, которые лежат перед вами. Вам нужно дать ответы на 20 вопросов, оценивающиеся по 5 баллов.



1-жүргізуші: - Ойынымызды бастайық.

1. Қазақстан Республикасы қандай мемлекет?
2. Қазақстан Республикасының рәміздері қай жылы қабылданды?

3. Мемлекеттік тіл қандай тіл?

4. Тілдер мерекесі қай күні?

5. Қазақстан Республикасының Президенті?

6. Өнұранның авторы кімдер?

7. Бір жылда неше ай бар?

8. Жыл мезгілдерін ата?

9. Күз айлары қандай?

10. Қазақ алфавитінде неше әріп бар?

11. Алма, жүзім, өрік нелер?

12. Бір тәулікте неше сағат?

13. Кім адамды емдейді?

14. Оқу құралдарын ата?

15. Қазақстанның астанасы қай қала?

16. Үнді дыбыстарды ата?

17. «Пятница» сөзінің аудармасы?


18. «Наша Родина» сөзінің аудармасы?

19. 1 қыркүйек қандай күн?

20. Көктемде қандай мерекелер бар?

2-жүргізуші: - Итак, первый тур - «Байга» закончился. Слово предоставляется нашим членам жюри.

Переходим ко второму туру, который называется «Полиглот». В этом туре вы должны назвать слово на русском и казахском языках. Каждый правильный ответ оценивается в 10 баллов.



1-жүргізуші: - Бұл бөлімде берілген жұмбақтардың шешуін тауып, оны орыс тіліне аудару керек. Ал, енді ойынды бастайық.

1. Есігі бар төбесінде, отырасың келесің де. (Парта - парта)
 2. Қар сияқты аппақ, өзі сондай тәтті-ақ. (Қант - сахар)
 3. Бір үй бар, кірген адам білімдар. (Мектеп - школа)
 4. Сырт-сырт етеді, уақыт керсетеді. (Сағат - часы)
 5. Түрі шар сияқты, Түсі – қып-қызыл.
Дәмі бал сияқты. (Шие - вишня)
 6. Қыста ғана болады, ұстасаң – қолың тоңады. (Қар - снег)
 7. Кезікті бір жануар, үстінде екі тауы бар. (Түйе - верблюд)
 8. Онсыз астың дәмі жоқ, ассыз оның мәні жоқ. (Тұз - соль)
 9. Өзі – сары, өзі – қышқыл. (Лимон - лимон)
 10. Көкшіл айна үйдегі, көрсетеді киноны. Ол не? (теледидар - телевизор)
- оценивается по разному: 1-3 - 20 баллов, 4-6 - 30

баллов, 7-9 - 40 баллов.

2-жүргізуші: - Спасибо за ответы. А сейчас мы узнаем, сколько баллов набрали наши участники. Слово предоставляется жюри (жюри подводит итоги).

Наш следующий тур - «Жеті ғаламат». Вам прилагается ответить на 9 вопросов из 7 областей знаний. Перед вами табло с номерами вопросов. В зависимости от уровня сложности вопросы оцениваются по разному: 1-3 - 20 баллов, 4-6 - 30 баллов, 7-9 - 40 баллов.



1. Отбасы мүшелерін ата.
2. Апта күндерін ата.
3. Ондықтарды ата.
4. Күзде нелер піседі?
5. Үй жануарларын ата.
6. «Өнер алды - ...»
7. Қазақтың ұлттық тағамдарын ата.
8. Туда не бейнеленген?
9. «Бәйтерек» қай қалада орналасқан?

1-жүргізуші: - Сонымен, үшінші турымыз аяқталды. Біздің сайыскерлеріміздің қайсысы озып келе жатқанын білу үшін әділ қазылар алқасына сөз берейік.

2-жүргізуші: - Итак, приветствуем лидеров нашей интеллектуальной игры, остальных участников мы благодарим за игру. Начнем четвертый тур - «Жорга». В этой игре вы должны составить рассказ по данному рисунку. Побеждает тот, чей рассказ был интересным и участнику присваивается 10 баллов.



1-жүргізуші: - Ойыншыларымызға дайындық үшін 5 минут уақыт беріледі Сайыскерлеріміз дайындалғанша, біз 2-3-сынып оқушыларының, орындауында өлең-тақпақтарға кезек берейік.

1. Народы родины моей
Живут, как дружная семья.
Десятки братских языков
Журчат ручьями на свободе.
Я чувствую кипенье сил
И вдохновенья соловья,
И песни дружбы всех племен.
2. Ана тілің, біліп қой,
Еркіндігің, теңдігің.
Ана тілің, біліп қой,
Мақтанышың, елдігің.
3. Сүйемін туған тілім - ана тілін,
Бесікте жатқанымда-ақ берген білім.

Шыр етіп жерге түскен минөтімнен
Құлағыма сіңірген таныс үнін.

(С.Торайғыров.)

4. Қазақ осы күй шығарып, ән салып,
Көкпар тартып, қыз қууға жаралған.
Қазақ осы дала дейтін, күн дейтін,
Қазақ осы «өнер алды - тіл» дейтін!

(Қадыр Мырза Әли.)

5. Ана тілің - арың бұл,
Ұятың боп тұр бетте!
Өзге тілдің бәрін біл,
Өз тілінді құрметте!

(Қадыр Мырза Әли.)

Ән – «Әрқашан күн сөнбесін!»

2-жүргізуші: - Итак, слово предоставляется жюри.
Сейчас мы узнаем, кто станет победителем нашей интеллектуальной игры «Лидер XXI века», жюри подводит итоги всех туров и объявляет победителя. Победителю вручается диплом «Лидер».

Второй участник получает памятный сувенир.

1-жүргізуші: - Осымен, «XXI ғасыр көшбасшысы» интеллектуалды ойыны аяқталды. Ойынға қатысқандарыңыз үшін мың да бір рахмет!



ҚҰДАЙ, МҰНЫҢ ҚАЛАЙ?

Баяғыда бір диқанның пісіп тұрған бидайын дауыл соғып, бұршақ ұрып кетіпті. Сонда шаруа көкке қарап былай деп зарлапты:

- О, құдай! Өзің адамға бір-біріңе зұлымдық істеме, зиян келтірме деп үйретесің, ал өзің адамға зұлымдық істейсің, зиян келтіресің, сөзіңе ісің қайшы, Мұның қалай? Сенің бұл қылығыңды кімге айтамыз?

(Тымпи. А., «Жалын», 1981. 36-бет.)

АНА ТІЛІ – ЖҮРЕК ҮНІ

Сабақтың мақсаты: 1. Қазақ тілінің мемлекеттік тіл болуына байланысты, оқушылардың тіл туралы танымдық деңгейін көтеру; 2. Қазақстанның мемлекеттік тіліне деген қызығушылығын арттыру, елін, жерін, өз тілін құрметтеуге тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Мақал-мәтелдер, оқушылардың газеттері, Қазақстан картасы, ұнтаспа, кітап көрмесі, нақыл сөздер.

Тілден артық қазына жоқ,

Тілден артық қасиет жоқ. (Н.Ә.Назарбаев).

Сабақтың барысы:

1. - Қайырлы күн, ұстаздар мен оқушылар! «Ана тілі – жүрек үні» атты тіл мерекесіне арналған салтанатымызды бастауға рұқсат етіңіздер! Қазақстан Республикасының Конституциясында «Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі» деп жазылған. Қазақстан Республикасының Тіл туралы алғашқы заңы 1989 жылы 22 қыркүйекте қабылданды. Біздің елімізде тұратын барлық ұлт өкілдері қазақ тілін оқып үйренуде. Қазақ тілін үйреніп жүрген шетел азаматтары да аз емес.

2. Қазақ тілі түркі тектес тілдерге, соның ішінде қыпшақ тобындағы тілге жатады. Түркі тілдес халыққа: қазақ, қырғыз, өзбек, ұйғыр, қарақалпақ, татар, башқұрт, әзірбайжан, тува, хақас, алтай, құмық жатады.

Жер шарының бірсыпыра жерінде көптеген қазақтар тұрады. Басқа шетелдерде тұратын қазақтар да өз тілін ана тілім деп есептейді. Қазақ тілі – қазақ халқының ана тілі. Ол – халық тарихымен бірге жасап, ұрпақтан-ұрпаққа қатынас құралы ретінде қызмет етіп келеді. Ол енді қазірде толық мағынасында республикада білім, ғылымды, техниканы үйрену тілі, мәдениет пен экономиканы дамыту тілі болып отыр.

1. Тіл – халықтың жаны, сәні, тұтастай кескін-келбеті. Адамды мұратқа жеткізетін ана тілі мен ата-дәстүрі. Біздің осындай қасиетті мұрамыз, ана тіліміз – қазақ тілі. Қазақ тілі -Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі. Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев «Тіл тағдыры – өзін Қазақстан азаматымын деп санайтын баршаның ортақ ісі» деп атап көрсеткен.

2. Халық өзінің тілін ең ардақтысы деп санайды, оны ерекше сүйеді. Қырғыз ақыны Сарноғәевтың айтқанындай, «Ана тілін сүймеген адам, халқын сүйіп те жарытпайды». Тілді жасаушы – халықтың өзі. Сондықтан халыққа қызмет етеді. Ана тілін қадірлемеген халықтың болашағы жоқ. Қазақ тілі – дамыған, жетілген, бай, икемді тілдің бірі. Бұл пікіріміздің растығын кезінде кемеңгер Абай дәлелдеген болатын. Қазақ тілінің байлығы – қазақ ұлтының байлығы. Осы байлықты бағалай білуіміз керек Сонда ғана біздің Қазақстан кез келген жұртпен иық теңестіре алатын іргелі ел бола алады.

1. Білімнің алтын тұғыры тіл болғандықтан ана тілінде сөйлеу, оған деген көзқарас адамдардың мәдениеттілік, тәрбиелік, әдептілік өлшемі болып табылатыны сөзсіз. Оның мәні әр адамның ана тілін анамыздай, туған халқындай, өз ата-анаңдай сүйіп ардақтауында деп білемін. Себебі барша өнерді қадыр

тұтатын халқымыз солардың ішінен “өнер алды — қызыл тіл” деп бөле-жара айтқаны — оның қасиеті мен иесіне сенгендігі.

2. Қазақ тілінің тағдыры үшін күрес соңғы 100 жылда бірде-бір толас тапқан жоқ, оның суреткерлік қуатын, небір тұңғыық ойларды жеткізу қабілетін шексіз байлығын, бейнелігі мен саздылығын әлемнің ең күдіретті тілдерінде ғана кездесетін көркемдік сапаға жеткізген ұлы Абайдың заманын айтпағанда, Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов бастаған алып топтар тарих сахнасына шыққан осы ғасырдың алғашқы ширегінде бұл күрес ел тәуелсіздігі үшін күреспен бірлікте жүргізілді.

1. 1989 жылы 22 қыркүйек тәуелсіз Қазақстанның тарихында есте қалатын елеулі күндердің бірі, бұл — тұңғыш рет тіл заңы қабылданған халықтың тіл тағдыры үшін ұзаққа созылған күресінің нәтижесінде қазақ тілі жеке дара мемлекеттік мәртебе алған күн. Жас қазақ мемлекеті халықтар арасындағы ұлттар достығы мен ынтымағын, ел бірлігін адал ниетпен ертеңгі болашаққа жеткізу үшін қол созған ел екенін әлемдік қауымдастыққа осы күні тағы да бір жария етті. Демек, бұл күн — тек қазақ халқының ғана емес, Қазақстандағы барша халықтар тілінің мерекесі.

2. Тіл — байлығымыз, тіл — тарихымыз, тіл — мәдениетіміз, тіл — біздің ұлттық намысымыз, қорытып айтсақ бар байлығымыз. Тіл мерейі — ел мерейі, мемлекеттік тіліміз — ана тілдің мерейі үстем бола берсін, өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте!

Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру — Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы.

Мемлекеттік тіл — мемлекеттің бүкіл аумағында

қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі.

Тіл туралы заңдар Қазақстан Республикасының азаматтарына, Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдіктерге және азаматтығы жоқ адамдарға қолданылады.

Берік ТАЛАСБАЕВ,
Талғар қаласындағы
облыстық санаториялық үлгідегі
мектеп-интернатының мұғалімі.

НЕ? ҚАЙДА? ҚАШАН?

(Интеллектуалды сайыс)

Сабақтың мақсаты: 1. Оқушылардың биология, валеология, химия, экология, физика пәндерінен алған білімдерін тексеру негізінде олардың танымдық қабілеттерін қалыптастыру. 2. Оқушыларды ізденуге, тез ойлануға, алғырлыққа, тапқырлыққа және ұжымдылыққа баулу. 3. Оқушыларды табиғатты сүйуге, аялауға, денсаулықты сақтауға, нығайтуға және адамгершілікке, еңбекке тәрбиелеу.

Типі: қайталау сабағы. **Түрі:** дәстүрден тыс сабақ, сайыс сабақ. **Әдісі:** баяндау, сұрақ-жауап, демонстрациялау. **Тәсілі:** проблемалық сұрақтар бере отырып, оқушылардың ойлау-сөйлеу қабілеттерін дамыту. **Көрнекілігі:** суреттер, сөзжұмбақтар, ребустар, жеміс-жидектер, техникалық құралдар (микроскоп, ұлғайтқыш әйнек). **Пәнаралық байланыс:** биология,

химия, физика, география, экология, валеология.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру: оқушылардың сабаққа қатысуын, дайындығын және кабинет тазалығын тексеру. Сынып оқушыларын үш топқа бөліп, әр топтың топ басшысын сайлау.

1. Алғырлар; 2. Білгірлер; 3. Зеректер.

Әділ қазылар алқасын сайлау: 9-сыныптың төрт оқушылары. Мұғалім сайыстың өтілу шартымен таныстырады.

II. Негізгі бөлім: әр топқа бес түрлі интеллектуалды сұрақтар беріледі.

I тур. I топқа: 1. Валеология ғылымының негізін салушы қай елдің ғалымы? (Ресей ғалымы профессор И.И.Брежман, 1960-80 ж.).

2. Оқушыларға жат қандай зиянды әдеттерді білесіңдер? (Алкоголизм, шылым шегу, нашақорлық, уытқұмарлық, виртуалды ойындарға тәуелділік).

3. Өсімдік жасушасының негізгі органоидтарын атап бер? (Қабықша, цитоплазма, ядро, вакуоль, пластидер).

4. Экология ғылымының негізін салушы қай елдің ғалымы? (Неміс биохимигі Эрнест Геккель, 1866 ж.).

5. Қазақстанның «Қызыл кітабы» қай жылы жарық көрді? (ҚазССР, 1978 ж. Еліміздікі 1991 ж. және 1996 ж. өңделіп қайта басылып шықты).

II топқа: 1. Микроскопты ең алғаш ойлап тапқан қай елдің ғалымы? (1665 ж. ағылшын биофизигі Роберт Гук).

2. Азық-түліктің құрамында қандай кенеулі заттар болады? (Нәруыздар, майлар, көмірсулар, дәрумендер, микро және макро элементтер).

3. Жер бетіндегі ең ұзын сабақты өсімдікті атап бер? (Ротанг пальмасы 200-300 метр).

4. Абиотикалық факторларды атап бер. (Жарық, температура, ылғалдылық, қысым, радиация).

5. Өсімдіктің негізгі мүшелерін атап бер. (Тамыр, сабақ, жапырақ, гүлі, жемісі, тұқымы)

III топқа: 1. Ең ұзақ тіршілік ететін ағашты атап бер. (Секвоия, 3000-5000 жыл)

2. Биотикалық факторларды атап бер. (Тірі ағзалардың тіршілік әрекетіндегі бір-біріне биологиялық әсері).

3. Қандай дәрумендерді білсіңдер? (А, Е, Д, F, С, В₁, В₂, В₆, В₁₂, В₃, фоли қышқылы, никотинамил, биотин және т.б.).

4. Қарағайдың биіктігі қанша метр? (48-50 метр)

5. Өсімдік пен жануар жасушасындағы айырмашылықты атап бер. (Жануарлар жасушасында фотосинтез процесі жүрмейді, себебі онда хлорофилл дәндері болмайды).

Қосымша сұрақтар: 1. Бамбук аюын қалай атайды? (Панда). 2. Антропогендік фактор деген не? (Қазіргі кездегі адамның іс-әрекетінің қоршаған ортаға зиянды әсері).

II тур. Бұл сайыс түрінде қара жәшікке әр түрлі жеміс-жидектердің азғантай түрлері салынады. Сайысқа қатысушы топтан кезекпен екі оқушыдан шығып, қара жәшіктен қарамай тұрып қолмен жемісті алады да, соған биологиялық, емдік, пайдалы және құрамында қандай кенеулі заттар бар екенін айтып береді.

Алғырлар тобына:

Алма, картоп өсімдіктеріне сипаттама бер.

Білгірлер тобына:

Соя, пияз, сарымсақ өсімдіктеріне сипаттама бер.

Зеректер тобына:

Қызылша, жүзім өсімдіктеріне сипаттама бер.

III тур. Зерттеу: Бұл сайыста әр топқа бір-бір тапсырмадан беріледі.

Алғырлар тобына: микроскоппен пияздың өңін көре отырып, оның жасушасының органоидтарын атап бер.

Білгірлер тобына: картоп түйнегінің көлденең қимасына бір тамшы йодтың 5%-дық спирттегі ерітіндісін тамызады. Қандай өзгерісті байқадың? (Картоп тіліндісі йодтың әсерінен көгереді, бұдан крахмал бар екендігін байқаймыз).

Зеректер тобына: алманың көлденең қимасына аскорбин қышқылының (С дәрумені) ұнтағын себеміз, алманың келесі бөлігінде ештеңе сеппей қоямыз, қандай өзгерісті байқауға болады? (20-30 мин. соң С дәрумені себілмеген алманың бөлігі қара-қоңыр түске айналғанын, ал С дәрумені себілген алма бөлігінің таза сол қалпында қалғанын, яғни, тотықпағанын байқаймыз). Бұл тәжірибедегі С дәрумені ағзаны тотығудан қорғайтынын байқауға болады. (Антиоксидант).

IV тур. Сөзжұмбақтар сайысы: әр топқа жеке-жеке сөзжұмбақтар және ребустар шешу тапсырмасы беріледі.

МОЛДАНЫҢ ӘДЕТІ

Бір молда суға кетіп барады екен. Шығарып ала қоймақ боп, біреу жүгіріп барып оған:

- Молдеке, қолыңды бер! - дейді. Молда қолын беру орнына кейін шегіне береді. Сол кезде ол молданың әдеті беру емес, алу екенін есіне түсіріп:

- Молдеке, мә,- деп қолын ұсынады. Молда дереу ілгері ұмтылып қолын созады.

(Тымип. А., «Жалын», 1981. 36-бет.)

ШАЛҚАРДЫҢ ШАБЫТТЫ ШАҒАЛАСЫ – ГҮЛСАМАЛ

Кештің мақсаты: колледж білім алушыларын қазақ поэзиясымен және оның қайнар тереңінен жете сусындату үшін жастарды жергілікті ақын-журналист Гүлсамал Аймахановамен кездестіріп, шығармашылығымен, тың ізденістерімен жақынырақ таныстыру.

1-жүргізуші:

- Киелі поэзия әлемінде өзіндік үн, өзіндік сыр, өзіндік бояу, ажары бар, сырлы да нәзік өлеңдерімен оқырман қауымын елең еткізіп, жырмен тербеп жүрген хәм есімі республикаға танымал дарынды жерлесіміз - Қазақстан Журналистер одағының мүшесі (1990 жылдан), Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі (2008 ж.), ақын-журналист Аймаханова Гүлсамал Төрединқызымен кездесуімізге, «Шалқардың шабытты шағаласы -Гүлсамал» атты кешімізге қош келдіңіздер!

2-жүргізуші:

- «Көкемарал» және «Еңлікгүл» жыр жинақтарының авторы, ақын-журналист Аймаханова Гүлсамал Төрединқызын кешіміздің төріне шақырамыз. (Гүлсамалдың шоғын беру)

1-жүргізуші:

- Алғашқы сөз педагогика, психология пәндерінің

оқытушысы Бөрібаева Назира Дүйсенбайқызына беріледі.

Н.Бөрібаева:

- Ақтөбе өңірі – қазақ поэзиясының тұтас бір мектебі орныққан, қазақтың қара өлеңі тамырын терең жайған өлке. Бұл өлке – кешегі, бүгінгі Қуандық Шаңғытбаев, Ізтай Мәмбетов, Сағи Жиенбаев, Өтежан Нұрғалиев, Төлеген Айбергенов, Үмбетбай Уайдин, Есенбай Дүйсенбаев, Мейірхан Ақдәулетов, Ертай Ашықбаев сынды біртуар қазақ қаламгерлерінің ата жұрт, алтын бесігі. Сол қаймағы бұзылмаған жыр керуенінде Гүлсамал ақынның да жыр самалы есіп тұрады. Гүлсамал Төрединқызы, біздер – оқырмандарыңыз, өлеңдеріңіздегі мөлдірлік, табиғилық, нәзіктікпен бірге, ұлттық нақыш сынды елжандылық қасиеттерді бек құрметтейміз. Біздің 85 жылдық тарихы бар қарашаңыраққа қош келдіңіз!

2-жүргізуші:

- Қазақта саусақпен санарлықтай ғана ақын қыздар бар. Каспийдің өр толқынындай адуын жырдың иесі – Фариза, жыр аққуы – Марфуға, Жамбылдың жібек аруы – Күләш, Алтайдың ақмаралы – Гүлнар Салықбаева, тау қызы – Танакөз Толқынқызы болса, Ақтөбенің атын асқақтатып жүрген Шалқардың шағаласы – Гүлсамал Аймаханова.

1-жүргізуші:

- «Ақындық – Алланың айрықша берген сыйы» деп білген Гүлсамал, 4 жасында көз жазып қалған анасына, әкесіне, бауырларына, туған топырағына және өмірдің қилы-қилы белестеріне арналған сырға толы өлеңдерімен елге танылды. Гүлсамал Төрединқызының өлең-жырлары мектеп қабырғасында жүрген кезінен-ақ республикалық «Ақ желкен», «Жалын», «Жұлдыз»,

«Таң Шолпан», «Парасат», «Қазақ әдебиеті» сынды т.б. баспасөз беттерінде жарияланды.

- **Гүлсамал апа, Сіздің ақындық қабілетіңізді кім байқап, кім ашты, алғашқы ұстаздарыңыз кім болды? (Ақын жауабы)**

1-жүргізуші:

- Тұңғыш рет ақын қыздың бір топ өлеңі 1992 ж. республикалық «Жалын» баспасынан шыққан жас ақындардың «Мерейлі мекен» ұжымдық жыр жинағына енді. Сіздің өнеріңізді құрметтейтін ағаларыңыз: «Осы жинақ ақынның қасиетті Өлең өлкесіндегі алғашқы баспалдағы, сәтті қадамы» деген болатын.

- **Өзіңіз бұл жөнінде не айтар едіңіз? (Ақын жауабы)**

1-жүргізуші:

- Ақын-журналист Аймаханова 1989-1999 ж.ж. 10 жыл бойы Ақтөбе облыстық телерадиокомпаниясында редактор қызметін атқарды. Радионың жап-жас редакторы Гүлсамалдың құлаққа жағымды ашық дауысын облыс орталығы – Ақтөбе тыңдармандарынан бастап, алыс ауыл-аймақтардың, шалғай елдімекендердің тұрғындарына дейін жыға танып, тұщына тыңдайтын. Өткір мәселелерді қозғаған күнделікті сан алуан өзекті репортаждарына, сыр-сұхбаттарына, боямасыз суреттемелеріне құлақ түрді, онымен санасты.

- **Гүлсамал апа, журналистикадағы алғашқы қадамдарыңыз, облыстық телерадиодағы жылдарыңыз хақында еске түсіре кетсеңіз... (Ақын жауабы)**

2-жүргізуші:

- Білетіндер Сізді курстастарыңыздың «Ақтөбенің ақмаңдай Гүлсамалы, Көмейінен еседі жыр самалы» деп сонау студенттік кездің өзінен-ақ еркелететінін

айтады.

- Сол студенттік кезең, студент-достарыңыз туралы әңгімелеп өтсеңіз. (Ақын жауабы)

1-жүргізуші:

- 2000 жылы Алматыдағы «Отырар» баспасынан «Көкемарал» атты тұңғыш жеке жыр жинағыңыздың алғы сөзін жазған филология ғылымының докторы Есет Құдайбергенұлы Жұбанов: «Гүлсамалдың шуақпашқан өлеңдері мейлінше әсерлі, сезімтал, ойшыл. Бір кезде ұлы Абайдың өлеңдеріне баға бере отырып, ғұлама филолог Қ.Жұбанов «Ақынның ойы – сезімшіл де, сезімі – ойшыл» деген екен. Сол бағаны біз Гүлсамал ақынға да айтсақ, орынды болар деп ойлаймыз», - деп жоғары баға берді.

- Сол «Көкемарал» жыр жинағының дүниеге келуі туралы әңгімелеп берсеңіз. (Ақын жауабы)

2-жүргізуші:

- 2008 жылы республикалық «Атамұра» корпорациясының «Полиграфкомбинатынан» Гүлсамал Аймаханованың екінші жеке Жыр жинағы «Еңлікгүл» (7 жылдағы 77 жыр) жарық көрді. Қазақстанның Халық жазушысы Тұманбай Молдағалиев жаңа кітапқа сәт сапар тілеп, «Тілі – шешен, ойы – көсем Гүлсамалдың оқырманға бара жатқан осы «Еңлікгүл» атты кітабына сәттілік тілеймін!» деп жазды. Бұл кітабында ақын замандасымыз оқырманға жаңа ХХІ ғасырдың алғашқы жылдарында республикалық БАҚ-та жарияланған 77 жырын топтастырып ұсыныпты.

- Гүлсамал апа, жаңа кітабыңыз құтты болсын! Осынау көзайым қуаныш үстінде оқырмандарыңыз өзіңізден ақжарма сыр мен ақжайнақ жыр күтеді. (Ақын жауабы)

1-жүргізуші:

- Сіздің өлең-жырларыңызды оқып бағалаған, үміт күтіп, сенім білдірген абзал ағалардың сенімін ақтадыңыз. Мұның дәлелі – Мұхтар Құрманәлин, Есенбай Дүйсенбайұлы, Мырзан Кенжебай, Бауыржан Жақып, т.б. Сізге берген ақ бата, түзу тілегі һәм шығармашылық кештердегі Жыр-шашу, арнаулары.

2-жүргізуші:

- Айналайын,

Ақеділ бауырларым!

Саф күмістен секілді сабырларың.

Сағыныштың «қаймағын» қалыңдатып,

Бүгін арнау-жырыммен жалындадым!

Осы өлеңіңізді арнаған, өмірде өзіңізбен қанаттас келе жатқан аға-апаларыңыз туралы әңгімелеп берсеңіз.

(Ақын жауабы)

1-жүргізуші:

- Гүлсамал Төрединқызы - «сегіз қырлы, бір сырлы» дарын иесі. Бірнеше ән-жыр байқауларының жеңімпаз жүлдегері. Ақынның өскен елге арналған іңкәр жырлары әнге сұранып тұратындай. Өмірден алынған ой-толғамдары көңіл көгінде әдемі ән болып өріліп, сезім өрінде мөлдіреп төгіледі. 1999 жылы «Жаңа ғасырға - жаңа әнмен!» байқауында «Айналдым, Ақтөбем!» вальсі 3-ші орынды, ал, 2005 жылы «Мемлекеттік тіл - ұлт тірегі» облыстық Тіл фестивалінің Жыр мүшәйрасында Гүлсамал ақын Бас бәйгені жеңіп алды.

2-жүргізуші:

- Батыр Әлияның ерлігі толғандырған ақын жүрегінен туған, Гүлсамал Төрединқызының сөзі мен әнін өзі шығарған «Сағыныш» вальсіне Ә.Молдағұлованың 75 жылдық мерейтойындағы ән байқауында ынталандыру сыйлығы берілді.

- Гүлсамал ана, осындай ән-жырларыңыздың дүниеге келу тарихы, оларды алғаш кімдер орындағаны хақында әңгімелеп берсеңіз. (Ақын жауабы)

1-жүргізуші:

- Ақынның туған жерге толғанысынан туған «Айналдым, Ақтөбем!» өлеңіне жазылған ән Ақтөбенің Өнұранына айналды. Бұл ән тұп-тура 10 жылдан бері (!) облыс көлеміндегі айтулы жиын-мерекелерде тұрақты айтылып келеді.

Достар, «Айналдым, Ақтөбем!» әнін қабыл алыңыздар! Сөзін жазған: Г.Аймаханова, сазы: Қ.Қосжановтікі.

2-жүргізуші:

- Құрметті Гүлсамал Төрединқызы, әсем де әсерлі, сырлы да сыршыл өлеңдеріңізге оқырман қауым жақсы қанық. Сіздің жырларыңызды біздің студенттеріміз де сүйіп оқиды. Ендеше, Жыр-шашудың ендігі кезегін сол жастарымызға берсек.

1-жүргізуші:

- Гүлсамал ақынға арнаған өздерінің жүрекжарды өлеңдерімен әуесқой ақын қыздарымызды ортаға шақырамыз.

1. Әжмағамбетова Гүлсамал, «Ақынға арнау».

2. Әлібекова Жазира, «Жыр жазамын Сізге арнап, Гүлсамал»

3. Бөлекеева Назерке.

4. Әбішқалиева А.

5. Ембергенова А.

2-жүргізуші:

- Құрметті ұстаздар мен студенттер, бүгінгі қонағымыз – Гүлсамал Төрединқызына көкейлеріңізде жүрген сауалдарыңыз, айтар тілектеріңіз болса,

ортаға шығуға рұқсат.

(Сұрақтар қойылады).

(Ақын жауабы).

2-жүргізуші:

- Ақын болу - екінің бірінің басына бітпейтін Бақыт. Гүлсамал апамыздың әдебиет сахнасына бастаған дара жолында ойлы жырлары аз емес. Әдебиет көгінен өзінің іздеген жарық жұлдызын табары сөзсіз. Бұл біздер, яғни, актөбелік жерлестері үшін ғана емес, қазақ өнері мен мәдениетінің ертеңіне алаңдайтын жанашыр жұртшылық үшін де - үлкен қуаныш, зор мәртебе.

1-жүргізуші: - Біз ақын Гүлсамалға «Туған елдің сүйіспеншілігіне бөленіп, халқыңыздың алғысын арқалап һәм асқарға шырқап, қияға самғай беріңіз!» дей отырып, бүгінгі студенттермен, жас оқырмандармен кездесу-кешімізге уақытыңызды бөліп келгеніңізге ризашылығымызды білдіреміз.

2-жүргізуші: - Осымен «Шалқардың шабытты шағаласы - Гүлсамал» атты кездесу-кешіміз аяқталды. Баршаңызға келгендеріңіз үшін көп-көп рақмет!

АДАМ БАСПАЙТЫН ЖЕР

Молда шашын алдырмақ болып, сәлдесін шаруаға беріпті:

- Осыны адам баспайтын жерге апарып қой!

Шаруа сәлдені апарып, иттің тезегі үстіне қояды. Молда:

- Оның қалай? - деп ашуланыпты.

- Е, тақсыр, өзіңіз адам баспайтын жерге қой деген жоқсыз ба? - депті.

(Тымпи. А., «Жалын», 1981. 36-бет.)

Пернекүл АХМЕТОВА,
Ы.Алтынсарин атындағы
Арқалық мемлекеттік
педагогикалық институтының
педагогика және психология
кафедрасының меңгерушісі,
Гүлдана СӘРСЕНБАЙҚЫЗЫ,
педагогика және психология
кафедрасының магистрі.

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН АТЫНДАҒЫ АРҚАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ «ҚАЗАҚ ЕЛІ» БАҒДАРЛАМАСЫ

Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтында Республика тәуелсіздігінің 20 жылдығына орай институт ректоры, б.ғ.д., профессор Ж.К.Шаймардановтың басшылығымен 4 кредит – 180 сағат көлеміндегі «Қазақ елі» бағдарламасы жасалып, оқу-тәрбие үрдісіне енгізілді.

Жаһандану үдерісі мен ұлттық арақатынастардың тең дәрежеде дамуы тұлғаның қалыптасу жағдайын түбегейлі өзгертті.

Еліміздегі әрбір адамнан политехникалық білім ғана емес, сонымен бірге жоғары мәдениеттілік, өмір сүруге қабілеттілік, ынтымақты ұлттық қоғам – Қазақ елін қалыптастыру және болашақ ұрпаққа адами құндылықтарды қалдыру талап етіледі.

Білім беру саласындағы басты бағыттардың бірі –

егеменді Қазақстанның жаңа ұрпақтарының белсенді азаматтық ұстанымдарын қалыптастырып, өзіндік дамыған ұлтжандылық сезімдерін, өз ата-бабаларының өткеніне, бүгінгісіне және келешегіне жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу болып табылады.

Институтымыздың 2011-2020 ж.ж. арналып жасалған стратегиялық жоспарына сәйкес «Қазақ елі» атты оқу-тәрбиелік курс педагог-мамандарды базалық деңгейде қалыптастыру компоненттерінің бірі болып айқындалады.

Курс мақсаты – елжанды азамат қалыптастыру.

Курстың студенттерге пайдалы мүмкіндіктері:

- Отан, тарих, халық, дін, тіл, салт-дәстүрлер туралы академиялық білімдерін бірізді кешенді жүйеге келтіру.

- Барлығының Отаны – Қазақ еліне құрмет мен махаббат, намыс пен азаматтық, өз күші мен елжандылық жауапкершілікті түсініп, сезіну.

- Әлеуметтік саладағы: Адам, Отбасы, Қоғам, Отан, Бейбітшілік, Еңбек, Достық деген базалық құндылықтарымызды сақтап және қастерлей білу.

- Азаматтық ұстанымдар мен елжандылық сезімдердің кәсіби ізгілікті жаңалықтарын меңгеру.

Студент меңгеруге міндетті:

- Танымның ғылыми-методологиялық негіздерін;

- Жетекші ой-пікірлердің, Тұжырымдамалардың, Заңдар мен заңнамалардың қалыптасуы мен даму үдерісіндегі негізгі принциптерін;

- Теория мен тәжірибенің өзара диалектикалық байланысын;

- Азаматтық-әлеуметтік тәжірибелердің өзектілігін, мазмұнын, формасы мен тәжірибелік технология әдістерін;

Студент:

- Отан, тарих, халық, дін, тіл, салт-дәстүрлер жайлы алған жан-жақты білімін тәжірибеде өздігінен қолдануға;

- Педагогика-психологиялық үдерістерді қайырымдылық көзқараспен жобалап іске асыруға және тәрбие мен білімді үміт пен сүйіспеншілік арқылы ұйымдастыруға;

- Отандық «Қазақ еліне» – белсенді азаматтық ұстаным мен елжандылықты дәлелдеп қалыптастыруға тиіс.

Тәжірибелік бағытта құрастырылған «Қазақ елі» атты оқу-тәрбиелік курсы мемлекеттік жалпыға бірдей «Білім» бағытындағы стандарттарға, ҚР тәрбие мен білімге қатысты сауалдарының заңнамалық құжаттарына, Азаматтық кодекске, «Қазақстан – 2030» бағдарламасына, Елбасы Жолдауларына, Қазақстанның 2020 ж. дамуының стратегиялық жоспарына сәйкес әзірленді.

Студенттердің барлық оқу кезеңдеріне, 1-4 (5) курстарға есептелген.

Оның өзектілігі теориялық білімді тәжірибемен бекітуге қызмет етеді.

Курсты меңгеру жоғары елжандылық танымға, белсенді азаматтық ұстанымға, кәсіби құзыреттілікке жеткізеді. СӨЖ бен СОӨЖ тапсырмалары оқу, психолог-педагогикалық, кәсіптік тәжірибелердің бағдарламаларына тәрбие мен білімді ұйымдастырудағы тәжірибелік тапсырмаларға кірістірілген. Оқу жылының аяғында студент орындалған тапсырмалардың барлық жинағы мен портфолиосын толтырып тапсырады. Портфолио құрастырылған академиялық пәндерден: жалпыға ортақ, базалық, арнайы таңдау пәндерінен орындалған тапсырмалармен де толығыуы мүмкін.

Аудиториялық сағат (60) куратор сағаты есебінде сабақ кестесіне енгізіледі. Студент тәжірибелік сабақты (60) тәжірибеде болған орнында өткізеді. СӨЖ (60) – тапсырма бойынша материалдарды іріктеп, толтырып, қолданады. Содан соң сын-пікірімен, бағасымен портфолиосына тіркейді.

Курс бойынша жұмыстың барлық түрі кафедра мен кураторлардың жұмыс жоспарларына енгізіледі.

«Қазақ елі» курсының бағдарламасы

1 модуль (45 сағ)

«Қазақ елі – Ұлы Дала тұғыры» (мақтаныш)

Тақырыптары	Аудитория- лық сағаттар	Аудиториядан тыс сағаттар	
	Кураторлық сағат	СӨЖ бар- лығы	ОСӨЖ соның ішінде
1. Қазақ даласы – Ұлы Түркі Елінің қара шаңырағы. Сақ дәуірі, ұлы көшпелі мемлекеттердің пайда болуы. Түркі елі. Түркі халықтарының шежіресі, орналасу шеңбері, қазіргі дамуы.	2	2	2
2. Номад – өркениеттің жаңа типі. Геосаяси, мәдени, тілдік, діни, рухани рух, әлемдік таным, психология, менталитет, халық тәрбиесі.	2	2	2
3. Тәуелсіздіктің мемлекеттік рәміздері. Елтаңбасы, Туы, Әнұраны, даму тарихы, қалыптасуы, құрылуы, тәрбиелік мәні.	2	2	2

4. Астана – Қазақстанның бас қаласы. Қазақ мемлекетінің ежелден бастап қазіргі кезеңге дейінгі уақыттағы астаналарына танымжорық. Астана – ынтымақтастықтың, бірліктің, халықтар достығының қаласы, Еуразияның жүрегі.	2	2	2
5. Торғай – Атамекенім. Жер көлемі, табиғаты, мәдениеті, Торғайдың ұлы тұлғалары, Қазақстандағы зиялы оқу, бұқаралық, езгіге қарсы қозғалыс, тәуелсіздік пен елдіктің Торғайда басталған тың ойлары.	2	2	2
6. Институт – біздің мақтанышымыз. Ашылу тарихы, филология, физика-математика факультеттерінің, мамандықтардың құрылуы, институт ректорлары (М.А.Төлегенов,Ж.К.Шаймарданов, ЖОО–ның құрылуы мен дамуына үлес қосқан ғалымдар А.Ламашев, т.б.	2	2	2
7. Біз оларды мақтан етеміз, оларға қарап бой түзейміз (институт түлектері жайлы). Оқу-ағарту ісінің үздіктері, білім беру ісіне еңбегі сіңген қызметкерлер, мәдениет, өнер, спорт қайраткерлері туралы.	2	2	2

8. Қорытынды сабақ. Қорғау, тұсаукесер (презентация), безендіру, есеп беру.	1	1	1
--	---	---	---

СӨЖ тақырыптары:

1. Ы. Алтынсаринге арналған практиканың өтуіне конкурс ұйымдастыру: шығармашылық жұмыстар, мәнжазбалар, суреттер, қолөнер шығармашылығы, әндер, өлеңдер, театрландырылған көріністер.

2. Барлық академиялық топтарда төмендегі тақырыптарда әңгімелер өткізу: Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері, Қазақстан Республикасының бас қаласы – Астана, Қазақстан Республикасының Елбасы, институт, туған ел, танымал тұлғалар жайлы.

3. Кездесулер ұйымдастыру: ҰОС және еңбек ардагерлерімен, қаланың құрметті азаматтарымен, қаланың шығармашыл тұлғалары мен (ақын-жазушылармен, сазгерлермен, суретшілермен, ғалымдармен, т.б.).

4. Панорамалық материалдар безендіру: Ежелгі заманнан бастап қазіргі уақытқа шейінгі Қазақстан тарихы, Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздеріне, қазіргі Қазақстан – 2030 стратегиялық дамуының бағыттары бойынша.

5. Тарихи жерлерге, әулиелерге қойылған ескерткіштерге бару, материалдар жинау мен хатталысу жұмыстарын ұйымдастыру: Ы.Алтынсарин (Торғай, Ырғыз, Қостанай), Ш.Жәнібек (Торғай), А.Иманов (Амангелді, Үрпек), А.Байтұрсынов (Ақкөл, Торғай, Қостанай), М.Дулатов (Қызбел), Ә.Жангелдин (Жангелді), т.б.

Модуль 2 (45 сағат)

«Қазақ елі – ар-ожданнның асқағы» (қазына)

Тақырыптары	Аудитория- лық сағаттар	Аудиториядан тыс сағаттар	
	Куратор- лық сағат	СӨЖ бар- лығы	ОСӨЖ соның ішінде
1. Ұлттық бірлік. Жаңа тарихи мұраттар, Ұлттар бірлігі орталығы.	2	2	2
2. Келісім және тұрақтылық. Келісім және тұрақтылық- тың іргетасы және гено- фондтар бірлігі – «Жеті ата», «Бір ел – бір тағдыр».	2	2	2
3. Отбасы. Генетикалық даму тарихы. Әлеуметтік маңызы, отбасы функциялары. Отбасы және отбасылық өмірдің жекеленген ерекшелігі. Адамгершілік – нормативтік нормалары.	2	2	2
4. Адам. Тұлға, жеке тұлға және оларға тән сапалар.	2	2	2
5. Құқықтық-нормативтік негіздер. «Жеті жарғы», «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ». Көпшілік пікірлері: ар-ұят, күнә, құқықтық сана-сезім, белсенділік күші.	2	2	2
6. Салт-дәстүрлер, ырымдар. Халықтық салт-дәстүрлер, ырымдар. Олардың пайда болуының түп тамыры, дамуы және ерекшелігі. Әлеуметтік маңыздылығы.	2	2	2

7. Дін. Тарихы, түрі, бағыты, адамгершілік негіздері, тәрбиелік күші.	2	2	2
8. Қорытынды сабақ. Қорғау, тұсаукесер (презентация), безендіру, есеп беру.	1	1	1

СӨЖ тақырыптары:

1. Тәжірибеден өту барысында, халықтық білімді насихаттау мақсатында сыныптан және сабақтан тыс іс-шаралар өткізу: табиғат жайлы (халықтық астрономия, халықтық ауа райын болжау, уақыт есептеу жүйесі, халықтың жергілікті күнтізбелері, халықтың шаруашылығы, халықтық метеорология), тұрмыс-салт және шаруашылық орта (мал шаруашылық өнімдерін қайта өңдеу технологиясы, тұрмыстық-шаруашылық іс-әрекет), тәрбие жөнінде (ата-тегі жайлы білімі, тыйым салу, тәрбиелік дәстүрлер, салттар, ырым-тыйымдар, мәдениет ережелері, бата, т.б.).

2. Тәжірибеден өту барысында, қазақ халқы жайлы иррациональды материалдарды пайдаланып, сыныптан және сабақтан тыс іс-шаралар өткізу: мифология (аспан денелері, найзағай, күн күркіреу және т.б. демонологиялық бейнелер: жезтырнақ, жын-перілер және т.б.), анимальдық және тотемдік білімге (аспанға, күнге, жерге, суға табыну, аруақтарды қастерлеу), діни-наным сенімдерге (шамандық, құрбандық шалу, дуалау, ауруды басқаларға тарату, түс жору, болжау және т.б.).

3. Тәжірибеден өту барысында қазақ халқының халықтық білімін пайдалана отырып, сыныптан және сабақтан тыс іс-шаралар өткізу: халықтық мейрамдарға (мезгілдік, отбасылық, діни) халықтық өнерге (қолөнер-бұйымдары, спорттық, шешендік, саздық) халықтық фольклор: көркемдік (мақал-мәтелдер, өлеңдер, айтыс);

дәстүрлі (отбасылық дәстүр, күнтізбелік дәстүр, үйлену тойына байланысты дәстүр, діни, сәбилік ғұрыптар).

4. Мектептің оқу-әдістемелік кабинеттерінің дизайнын әзірлеу: этнопедагогика және этнопсихология, мәдени мұралар, халықтық фольклор, спорттық кешен, қолөнер бұйымдары, саздық -әуендік шығармашылық және т.б.

Модуль 3 (45 сағат)

«Қазақ елі – отаншылдық, тектілік» (күш-тірегім)

Тақырыптары	Аудитория- лық сағаттар	Аудиториядан тыс сағаттар	
	Куратор- лық сағат	СӨЖ бар- лығы	ОСӨЖ соның ішінде
1. Мен – жеке тұлғамын. Жеке тұлғаға тән: тұлғалық, этникалық, әлеуметтік, гендерлік, кәсіби қабілеттерін ашу.	2	2	2
2. Өзіндік таным. Өзін-өзі бағалау және оның дамуы. Тұлғаның мінез-құлық ерекшеліктері. Қабілеттілік. Білік және дағдысының дамуы. Тартымдылық деңгейі.	2	2	2
3. Өзін-өзі жетілдіру. Тұлғаны дамытуға арналған тренинг. Дүниетанымдық қалыптасуы, қарым-қатынас жасау дағдыларын игеру. Өзектілік.	2	2	2
4. Жауапкершілік және таңдау. Ерік. Өзіндік сана. Сезім тұрақтылығы. Жігер. Елжандылық. Азаматтық. Азаматтық-елжандылық, әлеуметтік мәртебесін көтеру.	2	2	2

5. Даралық және көп жақтылық. Діни және әлеуметтік, толеранттық. Ұлтаралық мәдени қарым-қатынас. Қазақ халқының үздік салт-дәстүрлерін дамыту және сақтау. Өзге ұлт өкілдерінің мәдениетін танып-білу, халықтық, ұлттық танымдарының қалыптасуы.	2	2	2
6. Еркіндік және құқық. Азаматтық ұстанымдарын қалыптастыру. Өзіндік мінез-құлқын сомдау. Шығармашылық пен өз бетінше жұмыс істей алуы. Қоғамдағы өзгерістерге тез бейімделе алуы. Құқықтық сауаттылық. Құқық бұзушылыққа қарсы дайын болуы, құқықтанымын қалыптастыру.	2	2	2
7. Қасиет және қабілет. Дарындылық. Талант. Шешендік өнер. Әлеуметтік-педагогикалық шарттарға дайындығы, қоғамдағы белсенділік қарым-қатынасын қалыптастыру. Өзінің рухани адамгершілік, зияткерлік жауапкершілігін нығайту.	2	2	2
8. Қорытынды сабақ. Қорғау, тұсаукесер (презентация), безендіру, есеп беру.	1	1	1

СӨЖ тақырыптары:

1. Арқалық қаласының ресми дінаралық ұйымдармен жұмыс мәселесі бойынша қалалық ішкі саясаты бөлімімен бірігіп жұмыс жасау: ислам, христиан, будда.

2. Бөбектер үйі, «Надежда» балалар үйі, түзету мектебі, ақыл-ойы кеміс балаларға арналған интернат, ардагерлер мен жалғызбасты кісілер, мүмкіндігі шектеулі балалар мен адамдарға барып, жан -жақты көмек көрсету үшін байланыс орнату.

3. Мектептің психологы, әлеуметтік педагогымен бірлесе отырып, әлеуметтік рөл орнату үшін оқушылар қарым-қатынасын рөлге бөліп ойнау тренингін өткізу: адам, ұлы (қызы), ағасы (қарындасы), туысы, күйеуі (әйелі), ұжым мүшесі, көшбасшысы, әжесі (атасы), немересі, т.б.

4. Әңгіме, дөңгелек үстел, кездесу, нақыл сөздер, ақыл – кеңестер, т.б. өткізу үшін теориялық және практикалық материалдар жинау.

5. Практика өтетін жерде оқушылармен әр түрлі әлеуметтік жағдаяттарда даулы мәселелердің алдын алу, жою, шешу, тұлға ретінде өсу, ұжымдық өзара әрекет үшін түзету тренингтерін өткізу.

6. Практика өтетін жерде пәндік әдістемелік кеңестерде тұсаукесер көрсету: халықтық педагогикалық шеберлік, халықтық түзету-тренингтік жұмыс түрлері, халықтық қарым-қатынас түрлері бойынша.

4 модуль (45 сағат)

«Қазақ елі – өрелілік жаны – аспан» (рух)

Тақырыптары	Аудитория-лық сағ.	Аудитор.тыс сағаттар	
	Куратор-лық сағат	СӨЖ	ОС ӨЖ
1. Тән саулығы. Салауатты өмір салтын, денсаулық сақтау ортасын қалыптастыру. Алдын-алу іс-шаралары. Ағартушылық-ақпараттық түсіндіру. Түрлі спорт, үйірме жұмыстарына тарту.	2	2	2

2. Жан саулығы. Тұлғаның этикалық ұстанымдарын, моральдық сапасын қалыптастыру. Өзінің жеке тұлғасының жаратылысын түсіну, өз қабілеті мен бар мүмкіндігін жүзеге асыру.	2	2	2
3. Тіл бірлігі. Тілдік жеке тұлға. Тілдің дамуы. Мемлекеттік тілді меңгеру – Қазақстан Республикасы әр азаматының міндеті мен парызы. Қазақстанда өмір сүретін түрлі ұлт өкілдерінің тілдік сұраныстары.	2	2	2
4. Таным тереңдігі. Қазіргі дүниежүзілік ғылыми көзқарасты қалыптастыру, базалық құндылықты меңгеру, саналық ақыл-ой дамуын, қарапайым білімді, ақыл-ой қабілетін дамыту, біліктілігін қамту, білуге құштарлық.	2	2	2
5. Жанұя жылуы. Әлемдік және мәдени негізде жасалған жалпы адамзаттық және халықтық құндылықтарға бағыт көрсету, отбасын құруда репродуктивті сана мен құрылымды ұлттық және моральдық құндылықты қалыптастыру негізінде құру.	2	2	2
6. Дархан даулет. Әр түрлі еңбек қызметіне жауапкершілік және шығармашылық қарым-қатынаспен қарап, ерікті білім мен дағдыны қалыптастыру. Ұжыммен жұмыс жасай білу, жаңа өндіріспен қоғам құруға қатысу, экономикалық сауаттылығын дамыту.	2	2	2

7. Кәсіби жетістік. Өмірдегі белсенді көзқарасты қалыптастыру, бүкіл адамзаттық құндылық ұстанымдарымен қоршаған ортаға деген көзқарасын жүйелеу. Құндылықтар жүйесін дамыту, қарым-қатынас әдебін сақтау, іскерлік сапаны құру және дамыту, келісімділік және даму, қызмет барысында жеке стильге түзету енгізу, IT-технологиясын басқару.	2	2	2
8. Қорытынды сабақ. Қорғау, тұсаукесер (презентация), безендіру, есеп беру.	1	1	1

СӨЖ тақырыптары:

1. Өзін-өзін танудың ізгілікті жаңалықтарын кәсіптік тәжірибеде оқушылармен жұмыс барысында қолдану: коррекция, арт-терапия, тренингтер, танымның дамуы, кеңестер, т.б.
2. Тәжірибелік база ретінде шығармашылық мектептер ашу: ақындар, шешендер, сәндік-қолданбалы өнер, ұлттық спорт, ұлттық аспаптар, ақын – импровизаторлар, халықтық музыка, халықтық жабдықтау-бейнелеу өнері және т.б.
3. Тақырыптық бағдарламалар (әр тілде) өткізу: фестивалдер, сайыстар, байқаулар, бұрыштар, (кешендер) және т.б.
4. Қабырғаға тақырыптық стендтер (құрастыру) толтыру: ұлттық (таңбалар) оюлар, ұлттық киім, тұрмыс (жилье, быт), музыкалық ұлттық аспаптар, әскери көріністер.
5. «Ұлттың денсаулығы – елдің саулығы» тақырыбында тәжірибеден өткен орында оқушылармен салауатты өмір салтын қалыптастыруда акция өткізу.

6. Халықаралық психологиялық денсаулық күніне, Қазақстан психологтары күніне орай психолог және әлеуметтік педагогтармен бірге мектепте апталық ұйымдастыру.

7. Арнайы бағытта оқушылармен зияткерлік ойындар циклын өткізу.

8. Оқушылардың ғылыми негіздегі жұмыстарымен жобаларына байланысты туындаған сауалдарға кеңестер беру: мәнжазбаларға, курстық жұмыстарға, дипломдық жұмыстарға, сайыстық жұмыстарға және т.б.

9. «Қажет және білгім келеді», «Экономикалық сауаттылық», «Бақ-дәулет – жетістік», «Қазақстандағы өндіріс», «Қазіргі қоғамның дамуы», т.б. тақырыптарында тәжірибе өткен орындардағы орта және жоғары буын оқушыларымен дебаттар өткізуді ұйымдастыру.

10. Тәжірибе өткен орындарда мерекелік іс-шаралар өткізу барысында ұжымдық шығармашылық қызмет түрлерін және жалпы ақпараттық (радио, телеарна, ғаламтор, басылым түрлері), аудио, бейне құрылымдарының мүмкіндіктерін пайдалану.

11. Педагогикалық шеберлікке сайыстар өткізу: пәндік, тәрбие жұмысынан, менеджмент пен педагогикалық психологиядан.

Бағалау критерийлері:

1. Заң бұзушылықтың болмауы.

2. Қоғамдық-саяси өмірге белсендік.

Қоғамдағы және мектеп оқушыларының азаматтығымен елжандылығын қалыптастыру бағытындағы тәрбие жұмыстарына оқу-әдіснамалық дайындығы.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Құқықтық-нормативтік база:

ЖБҒ: 1. Қазақстан Республикасының Конститу-

циясы, 1995 ж.

2. «Бала құқығы туралы Конвенция», 1989 ж.

3. «Адам құқығы туралы Декларация», 1948 ж.

ҚР Заңдары: 1. «Білім» Заңы, 2007 ж.

2. Қазақстан Республикасының бала құқығы туралы Заңы, 08.09.2002 ж.

3. Неке және семья туралы Заңы, 17.12.1998 ж.

4. ҚР Тіл туралы Заңы, 11.07.1997 ж.; өзгертулер мен толықтырулар 27.07.2007 ж.

5. ҚР Мемлекеттік жастар саясаты туралы Заңы, 07.07.2004 ж. №581 өзгертулер мен толықтырулар 27.07.2007 ж.

6. Мемлекет Елбасының Қазақстан халықтарына Жолдаулары.

7. Қазақстан Республикасы 2011-2020 жылдардағы Стратегиялық даму жоспары.

Тұжырымдамалар: 1. ҚР Президентінің тапсыруымен 15.07.1996 ж. №3058. мақұлданған Қазақстан Республикасындағы этномәдени білім;

2. ҚР 2007-2024 ж.ж. тұрақты дамуына көшу;

3. ҚР Үзіліссіз білім жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы, 2009 ж.

4. Қазақстанның ұлттық бірлігі доктринасы, 2010 ж.

5. Жаңа әлеуметтік-экономикалық құрылымдағы ҚР Азаматтарының тәртібі тұжырымдамасы, 1995 ж.

6. ҚР оқушы жастарының құқықтық білім тұжырымдамасы, 1995 ж.

Бағдарламалар: - Қазақстан Республикасындағы білім ұйымдарындағы тәрбиенің кешенді бағдарламасы, 2000 ж.

- 2011-2020 ж.ж. «Мәдени мұра» бағдарламасы.



Өтебай СЕРӘЛІ,
№22 мектептің мұғалімі.
Қызылорда облысы,
Арал ауданы,
«Ақбасты» ауылы.

XXI ҒАСЫР МЕКТЕБІ ЖӘНЕ ОНЫҢ МҰҒАЛІМІ

«Менің ойымша, XXI ғасыр мектебі заманауи үлгіде болуы керек. Онда әр пәннің жеке кабинеті, әр сабақтың өзіне керекті құрал-жабдықтары оқушыға барынша ыңғайлы болғаны жөн. Асхана, кітапхана және шеберхана секілді арнаулы бөлмелерімен қоса олардың іші қазіргі үлгідегі жаңа жиһаздармен жасақталуы тиіс. Оқушылар дене шынықтырумен шұғылданатын және әр түрлі спорт секциялары жұмыс істейтін спорт зал кешені де міндетті. Бұл мектепте компьютер мен интерактивті тақта да жаңартылған технологиямен жабдықталып, жас ұрпақтың игілігіне жұмыс істеуі керек. Осындай білім шошағында білімді де білікті мамандар жұмыс істейді. Сонда ғана келер ұрпақ жоғарғы дәрежелі білім ала алады».

Осы келтіріліп отырған жолдарды оқушы өзінің жаңа мектеп туралы шығармасына арқау етіпті. Дәл осы жай туралы жастар ойын жоғарғыдағыдай түйіндесе, мұғалімнің айтпағы қандай болмақ?

Біздің көбіміз ауыл мектептерінен білім алып, содан түлеп ұштық. Ел игілігі үшін ерен еңбектерімен танылған үлкен тұлғалардың өздері оқыған мектептерін ыстық ықыласпен еске алатыны – шындық.

Мектептегі басты тұлға – мұғалім. Ұлтымыздың алғашқы ұстазы Ыбырай Алтынсарин: «Халық мектептері үшін ең керектісі – оқытушы. Тамаша педагогика құралдары да, ең жақсы үкімет бұйрықтары да, әбден мұқият жүргізілген инспектор бақылауы да оқытушыға тең келе алмайды», - деп жазыпты.

Қазіргі қоғамымызда болып жатқан өзгерістер мектепке де өз әсерін тигізіп жатыр. Мемлекет жас ұрпақтың біліміне көңіл бөліп, мектеп жайларын жаңалауды қолға алып жатыр. «100 мектеп бағдарламасының» жемісін көріп жатқандар да бар. Бұл – қуанарлық іс.

«Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» деген сөз бекер айтылмаған. Қазіргі заман мектебінің мұғаліміне артылар жүк жеңіл емес. Мұғалім өз мамандығын жетік меңгерген, оқушы жанын түсіне алатын, қолынан көп іс келетін, бесаспап жан болуы керек. Ілгеріректе мұғалім сабақтарына көрнекілікті қолмен жасайтын. Қазіргі мамандарға компьютерге сауаттылық, интерактивті тақтаны өз мүмкіндігіне толық пайдалана алатын қабілет керек. Сонда ғана оқушы білімі тиянақты болады.

Меніңше, көп біліп, онысын оқушыға жеткізе алмаған оқытушыдан өз білгенінің барлығын шәкіртіне сіңіре білген мұғалімді үлгілі санауға болады.

Өндірісте істейтін жұмысшылар өз жұмыстарында ақау жіберсе, жазаланады. Ондай келеңсіздік қайталанса, жұмыстан шеттетіледі. Ал біздің мамандығымызда ескерту жасағаннан әріге бармаймыз. Нашар мұғалімнің болашағымызға қаншама зиян тигізіп жатқанын ойласақ ше?

Осы орайда мектепке мамандар дайындайтын жоғарғы оқу орындарына қойылар талап күшейтілуі керек. Шындығында, ақылы бөлімдерде оқитындардың кейбіреулері ақшаларын төлеп, диплом алғандарына мәз.

Мектепке баламен жұмыс істеудің маңызын түсінбейтін сапасыз мұғалімнің келгенінен келмегені – дұрыс.

Жалпы мұғалімнің жұмысы ол білім берген оқушылардың білім деңгейімен бағалануы керек. Ал қағазбастылыққа салынып, шәкірттер білімін есепке алмау – үлкен қателік.

Мұғалімге артылатын қоғамдық жұмыстар кейде шамадан тыс болатыны да – шындық. Кейде оның әлеуметтік, құқықтық жағынан қорғалмауы өз қызметіне кері әсерін тигізеді. Осы орайда мұғалімнің мәртебесі туралы заңның қабылдануы керектігі заман ағымындағы өзекті мәселеге айналып тұр. Мұғалімнің әлеуметтік, материалдық қажеттілігі түбегейлі шешілгенде ғана одан өз кәсібіне байланысты қатаң талап етуге болады.

Қазіргі мектеп мұғаліміне жаңа тұрпаттағы, жаңа формация мұғалімі бола білуі керек. Жаңа формация мұғалімінің жұмыс стилі бұрынғыдан өзгеше. Ол бақылаудың орнына ынталандырады, мәжбүрлеудің орнына кеңес береді, үгіттеудің орнына сенім білдіреді, басқарудың орнына қатысады, айғайлаудың орнына әзілдейді, кінәлаудың орнына қорғайды.



БАҚАЛДЫҢ АТЫ КІМ ЕДІ?

Қазақтың намазды жаңа үйреніп жүрген кезі болса керек, біреу намаз оқып отырып, екі жағына қарап сәлемдесетін сөзді ұмытып қалыпты. Намазын бөліп:

- Қатын, осы ауылға келіп жүретін бақалдың аты кім еді? - дейді.

- Рахметолланы айтамысың? - депті әйелі. Ері:

- Ассалаумағалейкүм, Рахметолла! - деп намазын жалғастыра беріпті.

(Тымпи. А., «Жалын», 1981. 38-бет.)

ҚАЗІРГІ ЗАМАНДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ

XXI ғасыр табалдырығын білім мен ғылымды инновациялық технология бағытымен дамыту мақсатымен аттауымыз үлкен үміттің басты нышаны болып табылады. Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды. Жас ұрпаққа сапалы, өнегелі тәрбие мен білім беру-бүгінгі күннің басты талабы. Оқушыларды қазіргі қоғам үрдісіне сай инновациялық технологиялармен білім беру негізінде меңгерту қажет.

Қазақ тілін үйрену әрекеті оқып үйренудің барлық деңгейінде тұлғалық бағыттағы іс-әрекеттерді қамтуы керек.

«Инновация» түсінігін ағылшын тілінен аударғанда «жаңалық енгізу», «жаңашылдық» ұғымын білдірген.

Бүгінгі күні білім беру мекемелерінде теориялық және практикалық жұмыстардың әр түрлі педагогикалық-инновациялық технологияларының нұсқалары қолданылуда. Ауқымды инновациялық технология нақтылы жүйе мен жіктелуді керек етеді. Осы мәселемен А.Я.Савельев, В.М.Максимов, Г.К.Селенко және т.б. ғалымдар айналысты.

В.М.Максимов өзінің зерттеулері бойынша келесі жіктеулерді ұсынады: құрылымдық логикалық технология (қазақ тілі сабағында логикалық тапсырма беру арқылы), интеграциялық технология (әр түрлі

пәндік білімдердің бір-бірімен байланысы – қазақ тілі пәні мен басқа пәнді), ойындар технологиясы (сабақта ойын ойнату арқылы), тренингтік технология (психологиялық тренингтар), ақпараттық технология (оқушыларға қазақ тілінде немесе шетел жаңалықтарын үйде ақпарат хабарлар дайындап келу немесе сабақтың үстінде бекітілген уақытта топпен, жекелеме, сыңармен берілетін тапсырма), диалогтық технология.

Осы жіктеулер қазіргі кезде қазақ тілі пәнінен кең қолданылуда. Себебі қазақ тілінде білім берудің негізгі жолы-оқыту. Оқыту – ұстаз бен оқушы белгілі бір мақсатты жүзеге асыратын біртұтас педагогикалық процесс. Ал белгілі бір мақсатты толық жүзеге асыру оқытуды тиімді ұйымдастырумен сипатталады.

Әрбір педагогикалық технологияны қазақ тілінде қолдану жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуға, оның өзіндік шығармашылық қабілеттерін арттыруға қолайлы жағдай жасауға қажетті объективті әдістемелік мүмкіндіктерді қамтиды.

Қазақ тілін үйретуде алынатын материалдар тақырыпқа байланысты белгілі бір жүйеде оқытылып келеді. Мысалы, тақырыпқа байланысты сөздік қор көлемі алынса, онымен қоса берілген мәтінде кездесетін жаңа сөздер, жаңа сөз тудырушы жұрнақтар арқылы жасалған зат есім, сын есім немесе етістіктер түсіндіріледі. Жақсы нәтижеге жету үшін әр сабақта сөйлеу мәнері, грамматика, сөйлеу тілі және ауызекі тілді қабылдау жұмыстарын орындап отырған жөн.

XVIII ғасырдың аяғында өмір сүрген шведтік педагог Иоганн Генрих Песталоцци «оқыту кезінде бас, жүрек, қол бірге қарастырылуы қажет» деп айтып кеткен. Сол үшін білімгерлер баспен ойлап, жүрекпен түсініп, қолдарымен істеуі керек. Бұл үшін әр ұстаз төменгі

қағидаларды ескеруі қажет:

- баланың қазақ тіліне деген бойындағы құмарлығын, қызығушылығын жойып алмай, оның үнемі алға жылжуға деген табиғи талап-тілектерін, сұраныспен мұқтаждықтарын ескеру, шығармашылықпен жетілдіру;

- білімді өз бетінше іздену арқылы алуға жағдай жасау;

- өз-өзі дамытатын тұлға қалыптастыру.

Қазақ тілін дамыта оқыту әдістемесін тақырыпты меңгеруде оқушының сабақпен жан-жақты танысу деңгейі, зейін тұрақтылығы, есте сақтау деңгейі, ұғыну деңгейі, репродуктивті, алған білімін пайдалана білу деңгейіне маңызды көңіл бөлінеді.

Қорыта келгенде, әлемнің білім беру бағытынан орын алу үшін, біріншіден, білім беру, оқыту, тәрбиелеу бағыттарын инновациялық технологиямен жетілдіру; екіншіден, қазақ тілі пәнінің материалдық базасының байлығы мен үйлесімдігі; үшіншіден, оқушылардың өзіндік жұмыстарының орындалу барысын қадағалау және бағалау; төртіншіден, білікті, білімді, тәжірибелі мамандардың шеберлігіне үлкен көңіл бөліп және басқа оқу орындарымен тәжірибе алмасу қажет; бесіншіден, ақпараттық технология бойынша теледидар бағдарламаларын арнайы жүргізу; алтыншыдан, жастардың мамандығына деген жоғарғы жауапкершілігі мен сүйіспеншілігін қалыптастыру жолдарын нақтылау; жетіншіден, елімізге болашаққа құлаш сермейтін білім берудің жаңа мемлекеттік бағдарламасын баланың жас ерекшеліктеріне және қызығушылықтары мен талғамдарын ескере отырып жасау.

ТАРИХИ ДЕРЕКТЕРДІ САБАҚТА ПАЙДАЛАНУ

Оқушыларға тарих пәні бойынша тиянақты да жүйелі білім берудің бір жолы – сабақта тарихи материалдарды пайдалану болып табылады. Тарих сабағының әрбір тақырыбына байланысты тарихи деректі ұтымды пайдаланып, сабақпен ұштастыру оқушылардың дүниетанымын арттырады, өмірмен байланысын күшейтеді. Газет, журналдарда жарық көрген теориялық және тарихи зерттеу деректерге арналған мақалаларды оқып, дайындап, соған байланысты тақырып өткенде сабақта пайдаланамын. Бұл әдіс балалардың қызығушылығын арттыратынына көзім жетті. Қазақстан тарихы пәнінен жаңа бағдарлама бойынша 9-сыныпта Қазақстандағы 1916 жылғы ұлт азаттық көтерілісі тақырыбын өткенде, көтерілістің Жетісудағы ошақтары мәселесіне байланысты «Архивтегі табылған жаңа деректер» атты (Жетісу газеті 2001.17.04) Жайылымыстың Сәт болысы туралы мақаланы пайдаландым. Мақалада Верный уезіне қарасты Жайылымыс болысы Сәт Ниязбековтың фото-суретімен берілген. Жетісу өңірінен азаттық соғысқа қатысып, ұйымдастырушы-идеялық дем беруші ретінде Б.Әшекеев, Т.Бокин, Қарқара көтерілісінің көсемдері Ж.Мәмбетов, Ү.Саурықов сияқты батырларының бірі деп осы мақала кейіпкері С.Ниязбековті айтуға толық

негіз бар деп ойлаймын. Газет материалында Сәт болыс халық арасында Жайылымыстың жалғыз атты болысы деп аталғанын, көтерілістен соң соған қатысы бар деп ұсталып, түрмеде жатқаны нақты деректермен берілген. 1916 жылғы ұлт азаттық көтерілісті ұйымдастырушылардың бірі болып, идеялық жағынан басқарып, көтерілістің алғы шебінде болған, сол үшін патша үкіметінің жандармдары оны түрмеге қамап, көп уақыт ұстаған. Осы мақаладағы айыпталушының тергеу хаттамасы берілген. Осы хаттаманы 1916 жылы қыркүйектің 28-і күні Верный уезі 4 учаскесінің мировой судьясы төменде аты аталған айыпталушыдан қылмыстық сот жарғысының 403-бабын сақтай отырып жауап алдым деп келтіріп, 15 сұраққа жауап алғанын жазады.

1917 жылғы ақпан және қазан төңкерістері алдындағы саяси-әлеуметтік ахуал жөнінде қазақтың біртуар азаматы, алғашқы қазақ елінің конституциясын жазған Барлыбек Сырттанов туралы Егемен Қазақстан газетіне 2006 жылы 26.04. «Тұлға» айдарымен жарияланған материалды пайдаландым.

Қазақтың тағы бір ірі тұлғасы Б.Қаратаевтың «Меніңше, жалғыз сен ғана халықтың сеніміне ие болдым, жалғыз сенің ғана халық үшін еңбек еттім деп айтуға хақың бар» деген сөздері осы Б.Сырттановқа арналған еді. 1966 жылғы Жетісудағы Қапал уезінің Арасан болысында шаруа отбасында дүниеге келген. Верный гимназиясын бітіріп, оқуын Санкт-Петербургте жалғастырады, сонда Шығыстану факультетін 1-дәрежелі дипломмен бітіреді. Б.Сырттанов туған елінің ұлтарактай жері үшін отарлық саясатқа қарсы тұрып, жалпы қазақ съезін шақыруды қолдайды. Сол съезге күн тәртібіне отарлық, зорлық пен Қазақ елінен

тартып алынған жерді халыққа қайтаруды талап етті. Келімсектерге жер беруді тоқтату туралы 1910 жылы қазан айының 21-і күні Ұзынағашта Жетісу облысы қазақтарын жинап кеңес өткізеді, баяндама жасайды.

Баяндамада: Ел жұртым, қара шекпенділер күннен-күнге біздің жерімізге қоныстануда, халіміз ауырлап барады, күн көру қиынға соғып тұр, жақсы жердің бәрі қара шекпенділердің меншігіне өтті, жұртынан айырылған байғұс қазақ тақыр жерге қуылды. Ауыз ашпай жатуға енді болмас. Ояну қажет, кір жуып кіндік кескен аталарымыздан қалған жерімізді сақтап қалу – басты міндетіміз. Қара шекпенділердің келуін тоқтату үшін бүтін қазақ болып бас қосу қажет». Бұл ұлы төңкеріс алдындағы оқиғалар еді. Оқушыларға Қазақстан жерінде төңкеріске дейін осындай отарлауға қарсы идеялық басшылардың бірі Б.Сырттанов екені белгілі болды.

Ендігі бір мәселе Б.Сырттановтың Қазақ елінен жарғысын (Конституциясын) жазғаны дер едік. 9-сыныпта Қазақ елінің Құқық тарихынан деген тарау бар. Осы тақырыпты өткенде қазақ даласында Құқықтық нормалардың алғашқысы «Қасымның қасқа жолы, Есімнің ескі жолы», кейінірек атақты «Тәукенің жеті жарғысы» аталатыны белгілі, енді оқушыларға жоғарыдағы Б.Сырттанов жазған Қазақ елінің жарғысын таныстыру өте орынды да тиімді деп ойлаймын. Бұл құжат Қазақстан Республикасының Егемендік алғанынан кейінгі қабылданған Конституциясымен үндесіп жатқанын дәлелдермен келтіріп айту өте қызықты. Мысалы: Қазақ елі – халық билейтін, хәм қазақы ерекшеліктері бар ел. Қазақ еліндегі ең басты орын – ұлт мәжілісі. Оған дауыспен өткендер Қазақ елінің басшысы, президентті төрт жылға сайлайды. Бір

президент екі реттен асып ел билеуге құқы жоқ деген талаптар бүгінгі күнмен үндес, сабақтас әрі тәуелсіз еліміздің негізгі заңымен іштей тығыз байланысты екені аңғарылады.

«Адам құқығы» турасында деген бөлімінің 10-тармағында «Қазақ елінде адам баласының бәрі тең құқылы. Дініне, қанына, тегіне, нәсіліне қарай адамды қорлауға жол жоқ. Адам тек заң һәм Құдай алдында жауап береді» деген сипаттар көрініс тапқан. Бұл да бүгінгі Конституциямен ұқсас әрі үндес.

Жер мәселесі туралы 3-бөлімнің 18-тармағында «Қазақ елінің жері саудаға түспейді. Құдай оны адам баласының пайдалануы үшін жаратты». Бұлай айтуы сол жарғы жазылған кезең, Қазақ халқынан 45 миллион десятина жер тартып алынып, келімсектерге берілген түспен дәл келеді.

Осы материалдарды пайдаланғанда, оқушыларға қосымша мәлімет, деректер берілгені анық. 1911 жылғы 13 маусымда қол қойылған бұл қазақ елінің жарғысы 4 бөлім, 28 тармақтан тұрады. Бұл құжат өз заманының озық конституциясы деп қолданылып, кеңінен пайдалануды қажет етеді деп ойлаймын. Жоғарыдағы тұлғалар оқу бағдарламасына еніп, арнайы тақырыппен оқытылса – дұрыс болар еді.

АҚСАРБАС

Бір молда судан өтіп бара жатып:

- Е, құдай, аман өтсем, ақсарбас құрбан! - деп жалбарынады.

Ол судан аман өтеді. Жағаға шығып алғасын:

- Құдай, өзің білесің: менде ақсары бас түгіл, қара қозы да жоқ қой. Ақсарбасты жан қысылған соң айта салдым. Кешірерсің,- дейді.

(Тымпи. А., «Жалын», 1981. 37-бет.)

М.СЕРИКОВА,
А.ТЕМИРОВА,
М.КИМ,
учителя ОСШИ
им.Н.Нурмакова.
г.Караганды.

ПРАКТИЧЕСКОЕ ОВЛАДЕНИЕ ОСНОВАМИ ОРАТОРСКОГО МАСТЕРСТВА

(продолжение, начало в №3 номере)

Приложение № 8

Прочитайте текст.

Согласно легенде, приехавшие в аул Толе и Казыбек задали Айтеке:

- Каким должен быть хороший жигит?

- Тот, кто способен покориться верному слову и сам должен покорять другого правотой своих слов... - ответил мальчик.

В это время вошли два человека, которые спорили из-за лисицы.

- Сынок, рассуди нас! - предложили бии маленькому Айтеке.

- Я стерег ее с самого начала лета, дожидаясь, пока у лисицы вырастет шерсть, - сказал истец.

- А я выследил ее и раскопал нору, - продолжил ответчик. Тогда Айтеке после небольшого раздумья рассудил:

- Если это самец, то принадлежит тому, кто нашел

его нору по следу, а если это лиса, то она принадлежит тому, кто стерег нору, так как самка бережет нору, а самец бродит по степи.

Толе би и Казыбек были восхищены находчивостью Айтеке и благословили его: «Мальчик, много думающий, в пятнадцать лет считает себя взрослым, мальчик, много играющий, в двадцать лет считает себя юным! Будь счастлив, сынок!»

Восстановите текст по памяти (закройте исходный текст, не подглядывайте)

Согласно ..., приехавшие в аул Толе и Казыбек задали Айтеке:

- Каким должен быть ... жигит?
- Тот, кто ... покориться верному слову и сам покорять другого своих слов... - ответил мальчик. В это время вошли два человека, которые спорили из-за
- Сынок, рассуди нас! -предложили бии Айтеке.
- Я стерег ... с самого начала лета, дожидаясь, пока у лисицы вырастет ..., - сказал истец.
- А я выследил ее и раскопал ..., - продолжил ответчик.

Тогда Айтеке после ... раздумья рассудил:

- Если это самец, то принадлежит тому, кто ... его нору по следу, а если это ..., то она принадлежит тому, кто стерег нору, так как самка нору, а самец бродит по степи.

- Толе би и Казыбек были восхищены ... Айтеке и благословили его: «Мальчик, много ..., в пятнадцать лет считает себя взрослым, мальчик, много, в двадцать лет считает себя юным! Будь ..., сынок!»

Приложение № 9

Придумайте ситуацию, к которым подходят пословицы:

- 1/ Тау мен тасты су бұзады,

Адамзатты сөз бұзады.

/Вода разрушает горы и камни,

Неверное слово разрушает людские отношения/

2/ Қылыш жарасы бітеді,

Тіл жарасы бітпейді.

/Рана от сабли заживает,

Рана от слова – не заживает/

3/ Басқа пәле – тілден.

/Беда голове – от языка/

Д/ Андамай сөйлеген ауырмай өледі

/Кто говорит неосторожно, тот умрет не от болезни/

4/ Жаксы лебіз – жарым ырыс

/Доброе слово – половина счастья/

5/Қорқақтың қатыны болғанша,

Батырдың жесірі бол.

/Чем быть женой труса,

Лучше быть вдовой батыра/

6/ Сөйлесе майдай еріткен, тыңдаушысын бордай
үгіткен.

/Коль говорит начнет, то словно масло растопит,
слушателей как мел раскрошит/

II. «Көрдім» деген - көп сөз, «көрмедім» деген - бір
сөз.

/Сказать «видел» - много слов, сказать «не видел» -
лишь одно слово/

Приложение №10

Подберите синонимичные пословицы.

А что говорят русские?

Эта игра - по сути своей лингвистическая задача, решение которой потребует от учеников не только логики, но и интуиции, языкового чутья. Для этого не нужны никакие специальные знания, все необходимые сведения содержатся в условии, нужны только как

следует поразмышлять. Игра проводится так же, как и обычное лото. На маленьких фишках (картонных карточках) для ведущего написаны вопросы (они могут быть на казахском, английском, немецком языках - это зависит от условия ведущего), а на больших картах для играющих - ответы. Во время игры ведущий читает пословицы или поговорки на фишках, а играющие проверяют свои карты. Отыскав эквивалент закрывают его фишкой.

На Востоке говорят: «Какой мост построишь, по такому и перейдешь».

А что говорят русские?

«Что посеешь, то и пожнешь».

На Востоке говорят: «Двумя руками трудно поймать угрей»

А что говорят русские?

«За двумя зайцами погонишься, ни одного не поймаешь».

На Востоке говорят: «И в хорошем огороде гнилые тыквы находят»

А что говорят русские?

«И на солнце есть пятна».

На Востоке говорят «Нет коня - и осел сгодится»

А что говорят русские?

«На безрыбье и рак рыба».

На Востоке говорят: «Красильщик в некрашенных шароварах ходит».

А что говорят русские?

«Сапожник без сапог».

На Востоке говорят: «В одиночку и порознь - вдвоем труднее, а вдвоем и вместе - вчетверо легче».

А что говорят русские?

«Дружно- не грузно, а врозь - хоть брось».

На Востоке говорят: «Я бедник подобен тому, кто плюет в небо, а потом удивляется - что за роса упала ему на голову».

А что говорят русские?

«Не рой другому яму: сам в нее попадешь».

На Востоке говорят: «Сколько ни бей осла, он не станет мулом».

А что говорят русские?

«Черного кобеля не отмоешь добела».

Англичане говорят: «Что камнем по кувшину, что кувшином по камню»

А что говорят русские?

«Что в лоб, что по лбу».

Англичане говорят: «Поднимай ноги по длине одеяла»

А что говорят русские?

«По одежке протягивай ножки».

Англичане говорят: «Скажи «дьявол», а он тут как тут»

А что говорят русские?

«Легок на помине».

Англичане говорят: «Когда много поваров, то плох и бульон»

А что говорят русские?

«У семи нянек дитя без глазу».

Англичане говорят: «Утекая вода не может крутить мельничные колеса».

А что говорят русские?

«Что было, то сплыло».

Англичане говорят: «Однажды укушенный вдвойне пуглив». А что говорят русские?

«Пуганая ворона куста боится».

Англичане гаворят: «Не бери ружья, чтобы
выстрелить в бабочку»

А что гаворят русские?

«Не стреляй по воровьям из пушек».

Англичане гаворят: «Красивыми словами пастернак
не помаслишь».

А что гаворят русские?

«Соловья баснями не кормят».

Приложение 11.

Анкета.

Что вас затрудняет при чтении текста:

1. Читать быстро и внимательно одновременно.
2. Понимать и усваивать мысли другого человека.
3. Запоминать многое из прочитанного.

Приложение №12.

Диагностика.

№	Содержание	1-10 баллов
1	Словарный запас.	
2	Умение преобразить слово, словосочетание и предложение.	
3	Умение ответить на вопрос.	
4	Уметь задать вопрос.	
5	Знание основных грамматических построений. Способность пересказывать содержание.	
6	Уметь начинать, развивать, подытожить и завершить речь.	
7	Умение выражаться в определенном стиле.	
8	Умение конструктивно преподносить свой тезис по решению какой-либо проблемы.	
9	Умение обосновать свое мнение.	
10	Умение сравнивать свое мнение с другими.	

Глоссарий:

Вербализация - воплощение в словах. Здесь:

- вербализация А /техника или ступень, А/
- дословное повторение слов партнера,
цитирование;

- вербализация Б / техника или ступень, Б/ - краткая передача сути высказывания партнера, своими словами или с использованием формулировок партнера;
- вербализация В /техника или ступень, В/ - интерпретация сказанного партнером. Высказывание предположения об истинном значении сказанного, о причинах или о целях высказывания партнера.

Дефиниция – описание значения слова с целью отграничения объема значения этого слова от возможных синонимов (похожих слов).

Интерииоризация – процесс преобразования внешних действий и операций во внутренние умственные действия и операции. *Interiörizaciön* лат. - *interiör* внутренний.

Коммуникативная компетентность – совокупность способностей, знаний и умений, необходимых для эффективного общения.

Коммуникативные умения – владение способами решения коммуникативных задач: слушания, активизации партнера, регуляции эмоционального напряжения и др.

Речевое мышление – связь мышления и речи: мышление во время речи и речь во время мышления.

Использованные литературы:

1. Д.Н.Александров. Логика. Риторика. Этика. Учебное пособие. М., «Флинта», «Наука», 2002.
2. Р.Г.Баяманова. Организация коммуникативно-ориентированного урока русского языка, Караганда, 2006.
3. В.Б.Волков. Тренинг социальной активности. С-Петербург, Речь, 2005.

4. Р.Гандапас. Камасутра для оратора. Эксмо, 2005.
5. Д.Родари. Грамматика фантазии. Введение в искусство придумывания историй. М., 1978.
6. Риторика. 8 класс. Под редакц.Т.А.Ладыженской, М., 1998.
7. Х.Леммерман. Уроки риторики и дебатов. М., Уникум Пресс, 2002.
8. Е.В.Сидоренко. Тренинг коммуникативной компетентности в деловом взаимодействии., С-Петербург, Речь, 2006.
9. Школьная риторика. 5 класс. Под редакц. Т.А.Ладыженской. М., 2001.

Литература для учащегося:

1. Д.Н.Александров. Логика. Риторика. Этика. Учебное пособие. М., «Флинта», «Наука», 2002.
2. Б.Адамбаев. Шешендік сөздер. А., Отау, 1992.
3. Д.Родари. Грамматика фантазии. Введение в искусство придумывания историй. М., 1978.
4. Риторика. 8 класс. Под редакц.Т.А.Ладыженской, М., 1998.
5. Н.Төрекүлұлы. Қазақтың 100 би-шешені. Қазақстан, А., 1995.
6. Школьная риторика. 5 класс. Под редакц.Т.А.Ладыженской. М., 2001.

ЖҮРЕГІ НАШАР

Молда бір топ кісімен бас қосып ет жеп, шай ішіп, шарифатты әңгімелеп отырады. Тыстан екі кісі үйге кіріп келеді. Сол кезде есік алдында тұрған біреу екі кісіні тоқтатып:

- Біртіндеп кіріңдер. Молдекең көп кісіні жаратпайды. Жүрегі қысылып қалады, - дейді. Келгендердің біреуі ашуланып:

- Екі адам көп келсе, молдекеңнің жүрегі қысылады екен, ал екі жүз адам мешітке кіріп, садақа бергенде, неге талып қалмайды?! - депті.

(Тымти. А., “Жалын”, 1981. 43-бет.)

Бас редакторы - Зернебек ШІЛДЕБАЙҰЛЫ.

“Ұлағат” - екі айда бір рет шығатын республикалық ғылыми-психологиялық және педагогикалық басылым.

Құрылтайшы және шығарушы: “Қазақ тілі мен әдебиеті” және “Ұлағат” жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Жауапты редакторы – Айнұр ХАБИДУЛЛАҚЫЗЫ.

Корректоры - Гүлзира ӨМІРБЕКҚЫЗЫ.

Компьютерде теріп, беттеген – Жанар СЕЙДУЛЛАҚЫЗЫ.

Қолжазба қайтарылмайды.

Авторлардың мақалаларындағы ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.

Жұрнал Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың тамыз айының 25-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы **№6552-Ж** Куәлігі берілген.

Басуға 24.08.2011ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32.

Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 9.0.

Есептік баспа табағы – 8.68. Таралымы – 473.

Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСІ – 75821.**

Мекен-жайымыз: 050009, Алматы қаласы,

Гайдар көшесі, 123-үй.

Бас редактордың қабылдау бөлмесі және

бөлімдер: 256-06-46. Факс: 256-13-41.

Электрондық пошта: KazUlagat@mail.ru

Басылатын жері – «Хай Текнолоджи» полиграфиялық кешені. Алматы қ., Мыңбаев көшесі, 43.

**РЕСПУБЛИКАНСКОЕ НАУЧНО-ПСИХОЛОГИЧЕСКОЕ
И ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ ИЗДАНИЕ ТОВАРИЩЕСТВА
С ОГРАНИЧЕННОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ
“ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ” ЖӘНЕ “ҰЛАҒАТ”**